

САДИРОВА КҮЛЗАТ ҚАНИҚЫЗЫ

ДИСКУРС ТАЛДАУ ТЕОРИЯСЫ

Алматы, 2024



УДК 81 (075.8)

ББК 81.2 -5-923

С 14

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары Секциясынан баспаға шығаруға жіберілді

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, доцент Қ.Есенова
филология ғылымдарының докторы, доцент Қ.Күдерінова
филология ғылымдарының докторы, доцент С.С.Исакова

Садирова К.Қ.

С 14 Дискурс талдау теориясы: Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2024. – 92 бет.

ISBN 9965 – 9424 -1 -2

Оқу құралында лингвистиканың жеке бағытының бірі дискурс талдау теориясының қалыптасуына қатысты материалдар жинақталып берілген.

Дискурс талдау теориясының ғылыми бағыт сапасында қалыптасу тарихы мен жалпы зерттеу проблемалары қарастырылған.

Оқу құралы филологиялық мамандықтар даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, оқытушыларға арналған.

УДК 81 (075.8)

ББК 81.2 -5-923

ISBN 9965 - 9424-1-2

© Садирова К.Қ., 2024

© "Отан" баспасы, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

Дискурс талдау теориясы лингвистиканың жеке саласы ретінде қалыптасқан ғылым, өзіне тән зерттеу нысаны мен ғылыми аппаратына, ғылыми зерттеу әдістемесіне ие. Дискурс талдау теориясы пәнаралық сипаттағы ғылым деп есептелетіндіктен, дискурсты лингвистикалық бірлік ретінде тану және оның өзіндік белгісін ажыратуға негіз болатын көрсеткіштерін айқындау – тілтанымдағы проблемалардың бірі. Осы мақсатқа жетуде пайдалануға қажетті ғылыми айналыста жүрген пікірлер мен түрлі тұжырымдар бар. Олар дискурс талдау теориясын қазақ тіл білімінде тұрақтандыруға және тілші-мамандардың кәсіби құзыреттілігін сөзсіз ықпал етеді. Негізінен, әлемдік тіл теориясында қарастырылып жүрген дискурс проблемалары мен олардың шешілу деңгейі болашақ филологтердің, лингвистердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға себепші болады деп ойлаймыз. Сондықтан да «050205-филология» мамандықтарына жоғары оқу орны компоненті сапасында оқытылып жүрген «Дискурс талдау теориясы» элективті курсы жүргізу барысындағы жинақтаған тәжірибе мен материалдар негізінде дайындалып отырған оқу құралы жоғарыда аталған пікірлер мен тұжырымдарды жинақтап, болашақ тілшілердің кәсіби білімі мен білігін, дағдыларын қалыптастыруға, дамытуға пайдалы болар деген мақсатпен ұсынылды.

Оқу құралында дискурс талдау теориясына қатысты кей проблемаларды сұрақ-жауап сипатында беруді таңдадық, себебі курсты оқыту барысында және 2008 жылы жариялаған «Қазіргі қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері» тақырыбындағы монографиямыз бен «Көп пропозициялы дискурс» аталатын оқу құралымызды талқылауда туындаған сауалдар тіркеуге алынды да, ұсынылып отырған еңбекте тұтынушылардың тарапынан қозғалған мәселелерге жауап беруді мақсат тұттық. Сонымен қатар дискурс талдау теориясына қатысты орындалатын жаттығулар мен тапсырмалар енгізілді. Оқу құралының оқырманға пайдасы болса, біздің мақсатымыздың орындалғаны деп санаймыз.

Автордан

I ТАРАУ. ДИСКУРС ТАЛДАУ ТЕОРИЯСЫ – ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЖЕКЕ САЛАСЫ

1.1 Дискурс талдау теориясының жіктемесі

Дискурс талдау теориясы пәнаралық сипаттағы ғылым саласы ретінде қалыптасты. Оның пәнаралық сипатта деп танылуының себебі дискурс коммуникациядағы ең маңызды, ажырамас агент болып саналатындығында, яғни дискурста мән, құндылық, бейне, пікір, менталды және виртуалды білім тасымалданады. Сондықтан да ол лингвистиканың да, философияның да, әлеуметтанудың да, психологияның да, өзге де пәндердің зерттеу нысаны бола алады. Дискурс талдау теориясын кейде дискурсология деп те атайды. Гуманитарлық және әлеуметтік-саясаттану ғылымдарында дискурс талдау теориясын түрлі методологиялық тұрғыдан зерттеп, белгілі дәрежеде аталған ғылым саласының қалыптасуына ат салысқан ғалымдар бар. Олар: Тойн А. Ван Дейк, Якоб Торфинг, Марианна В.Йоргенсен, Луиза Филлипс. Енді аталған ғалымдардың дискурс талдау теориясын қандай методологиялық тұрғыдан қалай зерттегені мен жіктемелеріне қысқаша тоқталайық.

Ван Дейк жіктемесі. Ван Дейктің дискурс талдау теориясының негізінде пәнаралық генетикалық сипат жатыр. Ол 1985 жылғы «Дискурс-талдау бойынша анықтағыш» аталатын төрт томдық еңбектің алғы сөзінде дискурс талдау теориясының жаңа ғылым саласы ретінде қалыптасуының басталуы мәдени мифтер мен әдеби шығармаларды зерттеу үрдісіне құрылымдық лингвистиканың әдістерін пайдаланудан болды деп есептейтіндігін атады. Оның ойынша, дискурс талдаудың алғашқы үлгісі Владимир Пропптың «Морфология народной сказки» (1928) және Лев-Стросстың XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы ежелгі мифологияны құрылымдық зерттеулерінен көрініс тапқан.

Ван Дейк дискурс талдау теориясы мен практикасына тікелей қатысты арнайы зерттеуді Францияда 1964 және 1968 жылдары жарық көрген «Communications 4» және

«Communications 8» мақалалар жинағы деп таниды. Бұл жинақта құрылымдық лингвистика мен семантика әдебиетке пайдаланылды, семиотика мен семиология бойынша Р.Барттың, Эко және басқа да авторлардың зерттеулері жарияланды. Құрылымдық талдауды семиотикамен біріктіру дискурс талдауды кеңейтті, бұқаралық мәдени және бұқаралық коммуникация өнімдерін (жарнама, БАҚ, сән т.б.) зерттеуге әкелді.

XX ғасырдың 60-жылдары дискурс талдау лингвистикалық пән ретінде мәдени стильдерді, вербалды өнерді, коммуникацияның түрлі формаларын (әңгімелесу, жарнама, жаңалық т.с.с.) зерттей бастады. Ван Дейктің көрсетуінше, дискурс талдаудың жеке пән деп танылуы 1972-1974-жылдарға келеді. 1970 жылдардың басында әлеуметтік лингвистика аясында күнделікті не ауызекі дискурс теориясы пайда болса, тіл философиясы аясында сөйлеу актілерінің теориясы қалыптасты. Бұлардың қайсысында да экстралингвистикалық өлшемдерге (сөйлеуші мен тыңдаушының қатынасы, құндылықтары т.с.с) баса көңіл аударылды. Дискурс талдау теориясында табиғи тіл (сөйлеу) лингвистикалық прагматика мен әлеуметтік жағдаят тұрғысынан алынды. Сондықтан дискурс талдау диалогтік және жағдаяттық өлшемдерге ие болды. Ван Дейктің айтуынша, дискурс талдау теориясына когнитивтік психология мен информатика да ықпал етті.

Якоб Торфинг жіктемесі. Я.Торфинг дискурс теориясын үш дәстүрге не үш ұрпақтың дәстүріне бөледі. Оның біріншісі бойынша, дискурс тар лингвистикалық мәнде жұмсалады, яғни, ауызша не жазбаша тілдің мәтіндік бірлігі. Бұл кезде дискурс талдау теориясында тілдік тұлғалардың жеке дара тілдік ерекшеліктері олардың әлеуметтік деңгейлерінің көрінісі сапасында талданады. Дискурс талдау теориясының екінші дәстүрі бойынша, дискурс кең ауқымда алынады, дискурс семиотикалық мазмұнға ие әлеуметтік тәжірибелер жиынтығы болып табылады, сондықтан оған ауызша және жазбаша тіл ғана емес, имидж, ым, т.б. да жатады. Дискурс талдаудың үшінші дәстүрінде постструктуралистік сипат бар, оның негізінде Жак

Дерриданьң «Бәрі де дискурс» деген формуласы негізге алынады.

Марианна В.Йоргенсен, Луиза Филлипс жіктемесі. Бұл теорияның ұстанымы мынадай: 1) біздің әлем туралы түсінігіміз бен біліміміз — сыртқы әлемнің тікелей бейнесі емес, шындықты категориялау арқылы жіктеу нәтижесі; 2) әлем туралы түсінік те, әлемді түсіну де мәдени және тарихи мәнмәтінде мүмкін болады; дискурс — әлеуметтік әрекет түрі, ол әлеуметтік өмірді көрсетуге қызмет етеді (әлеуметтік қатынастарды, адамдарды, білімді бірге алғанда); 3) білім әлеуметтік әрекеттесу кезінде (біріне бірі шындықты дәлелдегенде не жоққа шығарғанда) қалыптасады; 4) белгілі бір тұрақталған көзқарастарға сәйкес адам әрекеттері табиғи не жасанды деп танылады. Әлемді әлеуметтік жағынан түрліше түсіну түрлі әлеуметтік тәртіпке әкеледі, сондықтан әлеуметтік білім құрылымы мен шындық құрылымы әлеуметтік салдар болып табылады.

Дискурс талдау барысында мынадай сұрақтарға жауап ізделеді: Адамдар хабарламалары арқылы неге қол жеткізеді? Пікірлер қалай тұрақты түсінікке айналады? Әлем туралы қалыптасқан түсінік қалайша бұзылады?

Дискурс талдау теориясында бұл сұрақтарға жауап беруде мына тұжырымдар басшылыққа алынады:

Дискурс дегеніміз — күнделікті мәтінде не қарым-қатынаста тілді пайдалану, әлеуметтік тәжірибенің динамикалық түрі, ол әлеуметтік әлемді құрады, тұлғаны қалыптастырады. Тұлға әлеуметтік диалогті игеру арқылы қалыптасады.

Адамдар дискурсты нақты коммуникативтік жағдаяттағы әлеуметтік әрекетін тиянақтау үшін пайдаланады. Тілді пайдалану осы жағдаятқа шарттасады.

Тіл сананы ғана қалыптастырмайды, ол түпсананы да қалыптастырады.

Дискурс талдауда қарым-қатынасқа түсетін адамдар үшке бөлінеді: 1) нақты дискурс өнімі; 2) дискурсты құрушы; 3) әлеуметтік мәдениетті өзгертушілер мен қайта туғызушылар.

Дискурс талдауда үш өлшем пайдаланылады: дискурстық тәжірибе, мәтін, әлеуметтік тәжірибе.

Жалпы дискурс талдау теориясы аталғандардан бөлек төмендегідей де жіктеліп жүр: лингвистикалық бағыттағы дискурс теориясы (У.Лабов, Э.Гоффман), семиотикалық бағыттағы дискурс теориясы (Р.Барт, П.Серио), коммуникативтік-семиотикалық бағыттағы дискурс теориясы (Е.Шейгал, О.Русакова), коммуникативтік-мәдени бағыттағы дискурс теориясы (В.Красных, В.Карасик) [1].

Дискурс терминінің анықтамасы мен оның белгілерін анықтаудағы айырмашылықтар Г. Г. Бүркітбаеваның оқу құралында Н. Д. Арутюнова, В. З. Демьянков, Ю. Н. Караулов, В. В. Петров, Ю. С. Степанов, В. В. Красных, В. Г. Борботько, В. Е. Чернявская, И. Б. Руберт, М. Л. Макаров, Дж. Остин, Т. А. ван Дейк, Г. Браун, П. Серио т. б. ғалымдардың тұжырымдарына сай талданып, кестеге түсірілген. Автор өзі талдаған анықтамаларда көрсетілген белгілердің бір-бірінен ерекшеленгенімен, олардың бәріне ортақ белгінің байқалатынын, атап айтқанда, дискурстың тек лингвистикалық қырынан ғана танылмайтынын, оның экстралингвистикалық, әлеуметтік сипатын қоса қарастыру міндеттілігін көрсетеді.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

1. Дискурс талдау теориясы неліктен пәнаралық сипатта деп танылады?

2. «Дискурста мән, құндылық, бейне, пікір, менталды және виртуалды білім тасымалданады» дегенді қалай түсінесіз?

3. Ван Дейк жіктемесіне сай дискурс талдау теориясына сипаттама беріңіз.

4. Якоб Торфинг жіктемесінің ерекшелігіне тоқталыңыз.

5. Марианна В.Йоргенсен, Луиза Филлипс теориясының ұстанымы қандай?

6. Дискурс талдау теориясында қандай мәселелер көтеріліп, олардың шешілуінде қандай тұжырымдар басшылыққа алынады?

1.2 Дискурс терминінің анықталуы

Лингвистикада «дискурс» термині «коммуникативтік жағдаяттағы сөйлеу, мәтін, диалог» түсінігін береді. Осы түсінікке сай дискурс мәтінге қарама-қарсы қойылады.

Ғылыми әдебиеттерде дискурс мәтіннің өзі ретінде де, мәтінді құраушы құрамдас бірлік ретінде де қаралады. Сондай – ақ дискурс пен мәтін қатынасы дискурстың динамикалық, ал мәтіннің статикалық (тұрақты, қозғалыссыз) сипаттары арқылы танылады деген де көзқарас ғылыми айналыста орын алған. Динамикалық күйі, яғни тікелей коммуникациядағы бірлік дискурс, ал оның статикалық күйге түскен сипаты мәтін деп танылады. **Осы пікірлерге сүйенсек дискурсқа мынадай белгілер тән:** функционалдығы, өзектілігі, үрдіс екендігі, когнитивтік әрекетке жататындығы, кез келген дыбыстық немесе графикалық репрезентациядағы тілдік материал болатындығы.

Мәтінді ажыратуға қызмет ететін белгілерге мыналар жатқызылады: құрылымдығы, өнім екендігі, когнитивтік әрекет қорытындысы, кез келген материалдық тасымалдаушыда бекітілген тілдік материал.

Сұрақ: Дискурстың түрлі-түрлі анықтамасы бар, бірақ барлығы бірдей емес. Олардың жалпы сипатын қалай түсіндіруге болады? Өзіңіз қандай анықтама ұсынасыз?

Жауап: Негізі біз дискурсқа берілген анықтамалар сан түрлі. Бұл анықтамалар тіл білімінде төмендегідей беріліп жүр: Д.Әлкебаева прагмалингвистикалық зерттеудің негізгі мақсатын дискурс теориясы мен мәтін теориясы айқындайтынын, сондықтан прагмалингвистика дискурс, мәтін теориясының барлық проблемаларын қарастыруды өз міндетіне алатынын атай отырып, дискурстың көп мағыналы термин екендігіне тоқталады және «дискурс нақты айтылған сөз деген мағынамен сәйкес келеді, өзінің мағыналық-ақиқаттық мазмұнымен қоса экстралингвистикалық факторларымен жүйеленетін сөйлесімдерді айтады» [2, 17-19-бб.] деген тұжырым жасайды. Ж.Кеншінбаева: «дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы

қызметі» [3, 3-б.], - десе, профессор Н.Уәли: «фреймі «автор», «сөз актісі» - «адресат» және сөз жағдаяты (сөздің қандай ситуацияда айтылғаны) деген құрылымдардан тұратын коммуникативтік «уақиға» [4, 28-б.], -деп түсіндіреді.

А.А.Кибрикше, дискурс дегеніміз – тілдік әрекеттесу үрдісі мен оның нәтижесі, мұндағы тілдік әрекет үрдісі дегеніміз - коммуникация, ал тілдік әрекет нәтижесі – мәтін, сонда бұл ғалымның айтуынша, дискурс дегеніміз – коммуникация мен мәтін қосындысы [5]. Г.Г.Бүркітбаева, дискурс дегеніміз – мәтін мен интеракцияға қатысушылар және коммуникативтік жағдаят қосындысы [6, 57-б.].

Соның ішінде біз А.М. Лаврентьевтің «Айтылымның түзілу негіздері» деген сызбасына сүйене отырып, біз өзіміздің ұстанатын анықтамамызды ажыраттық. Бұл бойынша дискурс дегеніміз сөз жағдаятынан басталады. Бұл оның бастапқы қозғалыс нүктесі, сөз жағдаятының коммуниканттың коммуникативтік міндетіне сәйкес ақпараттық мазмұны түзіліп, өзектелінеді, осының нәтижесінде тілдегі лексика-грамматикалық мағыналар мен синтаксистік механизмдер айтылымда дискурсқа айналады немесе дискурс дегеніміз – нақты уақытта, нақты орында, нақты коммуниканттардың нақты міндетіне сай түзілген сөйлеу әрекеті.

Сұрақ: Сонда негізгі мағынасы сөйлеу әрекеті ме?

Жауап: Сөйлеу әрекетінің тек өзі емес, ол коммуниканттарды қоса алғанда, коммуникацияның қандай уақытта, қандай орында өткендігін, қандай нақты міндетке сай жүзеге асқанын – барлығын тұтастай алғандағы сөйлеу.

Сұрақ: Сіз зерттегенде дискурсты мәтін ретінде қолданасыз ба, аудиожазба ретінде қолданасыз ба?

Жауап: Жоқ, біз мәтінді, аудиожазбаны алғанда бұл дискурсты танудың бір құралы. Өйткені осы түзілген мәтін арқылы оның түзілуіне негіз болған астарын, ұрығын, яғни семантикалық өзегін іздейміз.

Сұрақ: Бір сөзбен айтқанда, дискурс деген не?

Жауап: Дискурс дегеніміз – шынайы өмір үзігіндегі көріністің сөйлеу әрекеті арқылы санаға көшуі мен тілдік бірлікте таңбалануы.

Сұрақ: Мәтінді динамикалық тұрғыдан тұрғыдан қарау дегенді қалай түсінуге болады?

Жауап: Дискурстың әрбір бірлігінің өзі белгілі бір сыртқы әсердің, белгілі бір коммуниканттың қажеттілігінен туындайды. Сол коммуникативтік қажеттілік туындаған кезде ойда құрылатын алғашқы құрылым біздің жаңағы мәтіміміздің динамикалық сипатының басталатын нүктесі, ұшы, сондықтан біз оны санада құрылған құрылымнан бастап екінші бір санаға жеткенге дейінгі құрылым мазмұнын қозғалыста деп аламыз. Сондықтан біз мәтіннің қозғалыстағы күйін дискурс деп қараймыз. Соған байланысты біздіңше, дискурстың құрылымдық негізі – семантикалық құрылым, ол пропозициялы құрылым және оның сөйлеу әрекетіндегі өнімі мәтін күйінде болады. Ол әртүрлі құрылымда келе алады.

Сұрақ: Түсінуден бастадыңыз ғой. Сонда динамика дегенде бір жағынан оның нәтижесі, пропозицияның негізінде түзілетін мәтін алынады. Бірақ Сіз объект ретінде динамиканың өзін, түбірін, түсінігін қалай анықтайсыз? Мысалы, дискурс ретінде «Қан мен терді» алдыңыз дейік. Оны оқымаған адам үшін бұл еш хабар білдірмейді. Сонан соң оның түсінігін дискурста қалай ажыратасыз?

Жауап: Дискурс болудың өзінің шарттары бар, ең бірінші шарты – коммуникацияға қатысушылардың ортақ білімі болуы керек, егер ортақ білім болмаса, дискурс жүзеге аспайды.

Сұрақ: Ол түсінікті, коммуникативтік процестің заңдылығы. Ал бұл жерде дискурс ретінде Сіз түсініктен бастасаңыз, Сіз адамның басындағы түсінікке қалай кіресіз, қалай анықтайсыз?

Жауап: Бұл анықтау тілдік бірліктерді таңдап қолдануына сәйкес жүзеге асырылады. Мысалы, аудиожазбаларды тыңдап, талдағанда, мысалы, бір ғана жоңғар ханының Оразды алдырту сюжетін баяндаған респонденттер мәтінін салыстыра талдадық. Олардың бәрінің баяндағаны осы сюжет, бірақ олардың әрқайсысының сөйлем ретінде таңдаған синтаксистік құрылымдары әртүрлі болды. Біз осының негізінде тілдік құрылымдарды нормаға сай қолданған және өзінің көрген кино мәтініне жақын қолданған респонденттерді және нормадан ауытқыған және қазақы қолданыстағы нормаланған тіркестерді

ауыстырған жағдайларды «Дискурста кеткен қателер» деп бөлдік те, бәрін мәтін бірліктерінен алып, олардың дискурстағы ерекшеліктерін аштық. Мәтінде қалай түсінді, сол арқылы оның дискурсы ашылады. Сол мәтіндегі қолданысының дискурстағы пропозициясын қалпына келтіру арқылы түсінуі, түсінігі ашылады.

Сұрақ: Дискурстық просодия деген не?

Жауап: Просодия деген - интонация. Дискурстық просодия ауызша дискурсты тұтастырып тұрушы бірлік.

Сұрақ: Сіз неге дискурс теориясының зерттеу нысаны – дискурс деп тұжырымдайсыз? Ол өзінен -өзі де түсінікті болмай ма?

Жауап: Мәтін теориясының зерттеу нысаны – мәтін, фонетиканың зерттеу нысаны – тіл дыбыстары деген құрылым қолданыста бар және тұрақтанған. Ал неге тұжырымда берілді дегеніңізге жауап ретінде айтарымыз – дискурс теориясын мәтін теориясынан бөлек бағыт деп көрсеткендіктен де, біз оның зерттеу нысанын айрықшалап бердік.

Сұрақ: Дискурсты тілдік деңгей ретінде қарастырасыз ба? Тілдік деңгей ретінде қарастырсаңыз оның өлшемдерін көрсете аласыз ба: құрылымдық па, жүйелілік пе, функционалды-стильдік пе не болмаса басқа ма? Егер дискурсты Сіз деңгей ретінде қарастырсаңыз, оның ішінде, әсіресе, пропозицияға байланысты Сізде грамматикалық афазиялы пропозициялық құрылымдар болды ма? Егер грамматикалық афазия болатын болса, Сіз оны мына жүйемен, яғни Сіз түсініп отырған жүйемен түсіндіре аласыз ба?

Жауап: Рахмет. Біз жалпы дискурсты таза лингвистикалық бірлік ретінде қарастыруға болады деген ұстанымды басшылыққа аламыз. Өйткені себебі ол лингвистиканың құзыретіне кіреді, ол тілді қолдануға мүмкіндік береді, соның қолданылуын туғызатын орта. Сондықтан да біз дискурсты мәтіннен жоғары деңгейдегі тілдік бірлік деп түсіндіреміз. Оның параметрлері деген кезде, негізінен, коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан сипаттауға тырыстық, осы жерде дискурс параметрі – құрылымдық сипатта болды. Мысалы, дискурстың белгілі бір уақытта басталуы, яғни

дискурстың басталуы, дискурстың өрбуі және дискурстың аяқталу кезеңдері деген құрылымдық кезеңдерімен қарастырдық. Дискурс шексіз деген соң, оны әрі қарай дамытуға болады. Бірақ біз нақты бір коммуникативтік жағдаят үшін параметріне құрылымдық үш кезеңін алдық. Ал «грамматикалық афазиялық құбылыстар болды ма?» дегенге біз өз тәжірибеміз негізінде тілдік рефлексиясы қаншалықты деңгейде бар деген тұрғыдан келген кезде бізде қазақ мектебіндегі кинофильмді қарап, қайта мазмұндағанда тек екі респонденттің ғана оны қайта мазмұндап беруге күші жетпеді, бас тартты. Бұл киноға сай жағдаяттық модельдің түзілмеуінен болуы да мүмкін, когнитивтік уәждері басқа да болуы мүмкін. Ал грамматикалық афазия құбылысын біз кездестірген жоқпыз. Бірақ орыс тілді студенттердің мазмұндау барысында грамматикалық құрылымдарды таңдауда ауытқулары кездесті, бірақ оны афазия деп айтуға болмайды. Афазия ол таза психикаға байланысты мәселе.

Сұрақ: Дискурс пен мәтіннің арақатысы айтылып жүр.. Сонда басым жағы қай жақ: теңдестігі ме, алшақтығы ма? Оны қалай айтар едіңіз?

Жауап: Біздіңше, мәтін болмаса, дискурс жүзеге асырылмайды. Яғни, тілсіз дискурстың орындалуы мүмкін емес. Сонымен бірге тіл болу үшін сол коммуникацияға қатысушы коммуниканттар болуы керек. Ал коммуниканттардың болуы, олардың белгілі бір шынайы уақыт осіндегі, нақты айтқанда, шынайы өмір өзегіндегі белгілі бір сұранысқа қатысты болады. Осы кезде ғана дискурс орындалады. Мысалы, У.Чейфтің бағытымен зерттеушілер тек ауызша дискурсты дискурс деп таныса, Т.А. ван Дейк бағытын ұстанушылар жазбаша дискурсты да дискурс деп таниды. Біз жұмысымызда екі тұжырымды да алдық. Егер қарапайым айтатын болсақ, мысалы, сөреде тұрған шығарманы алып, оқыған кезде, мен онан еш нәрсе ұқпаған болсам, ол жерде мүлдем түсінік тумаған болса, онда дискурс жүзеге асқан жоқ, онда тек мәтін тұр.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

1. Неліктен дискурс пен мәтін бір-біріне қарама-қарсы қойылады?
2. Дискурсқа тән белгілерді атаңыз.
3. Мәтінді ажырататын белгілерді атаңыз.
4. Дискурсты таза лингвистикалық бірлік деген пікірге қосыласыз ба, пікіріңізді дәлелдеңіз.
5. Дискурстың құрылымдық өлшеміне не кіреді?
6. Дискурс дегеніміз не?

1.3 Дискурс пен мәтіннің, пропозицияның арақатынасы

Сұрақ: Пропозиция деген сөздің негізгі аудармасы proposition – «сөйлем» деген сөз. Дискурс деген «речь» деген сөз. Сонда речь – сөз, ол бірнеше сөйлемдерден тұрады ғой. Ал бір сөйлем не бір сөз дискурс бола ма? Ол бола алмайды, ол тек реплика. Сөйлемнің мүшеленуі, бөлінуі (тема, ремалық) дискурс көлемінде қарастырылды ма?

Жауап: Ең біріншіден, пропозиция мен дискурс терминдерінің Сіз келтірген мәнімен таныс екенімізді айтқым келеді. Нақты айтсақ, бір пропозицияға бір жай сөйлем сай келеді (Сусов) деген тұжырымға сүйенсек, шынында да, көп пропозициялы дискурс дегеніміз бірнеше жай сөйлемдерден түзілген сөз болып шығуы керек, бұл көзқарасты ұстанатын ғалымдар үшін дискурс пен мәтін тепе-тең бірлік. Екінші бір ғылыми көзқарастарға сүйенсек, мысалы, А.Е.Кибрик, Г.Бүркітбаева, З.Ерназарова, Г.Смағұлова, Қ.Есенова, Ж.Кеншінбаева, Д.Әлкебаева т.б. дискурс-қозғалыстағы мәтін. Демек, ол сол сәттегі тілден тыс экстралингвистикалық ықпалдарымен тұтастықта алынып танылады. Біз дискурс деп мақсатты түрде нақты коммуникативтік жағдаятта орындалған сөйлеу әрекетін не сана әрекеттесуін қарастырамыз. Бұл кезде дискурс түзілуіне негіз болатын астырт (пропозициялы не семантикалық) және үстірт (тілдік не грамматикалық) құрылым жұптастығы алынады. Дәлірек айтсақ, өзара қарым-қатынасқа түскенде не айтатынымыз немесе ойымыз болмаса, оны білдіру

үшін құрылатын хабардың астырт құрылымдағы бірлігі – пропозиция да болмас еді. Ал осы пропозицияның үстірт құрылымдағы грамматикалық коды - оның бекітілетін предикативтік конструкциясы, ол жай сөйлем түрінде де, құрмалас сөйлем түрінде де, тіпті сөз сөйлем не айтылым түрінде де келе береді. Сондықтан бір сөйлем дискурс ретінде алынады. Мысалы, «Ботагөз» деген сөзді айтқанда, біздің есімізге, осы аттас шығармамен таныс адам үшін С.Мұқановтың «Ботагөз» романы түседі. Немесе, өзіміз жасаған тәжірибеден мысал келтірсек, «Көшпенділер» фильмін қайта мазмұндатқан кезде респонденттер (қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері) оны бірден Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» шығармасымен байланыстырып, арасында неге соншалықты ұқсастық жоқ деген пікірді туындатты. Біз осы екі мысал ретінде келтірілген жеке сөздерді дискурс деп танымыз. Өйткені дискурс дегеніміз – сол сөйлемнің ішіндегі хабарды ғана емес, соған қатысушылардың ол хабардан тыс бұрыннан бар білімдерін көтереді, қозғалысқа түсіреді, сондықтан да жоғарыдағыдай жекелеген сөздерді де дискурс деп танымыз.

Сұрақ: Дискурс дегеніміз сөз ғой. Дискурс дегеніміз экстралингвистикалық факторлардағы – мәтін.

Жауап: Ал экстралингвистикалық факторларымызға коммуникативтік ортаның бір компоненті ретінде сөйлеуші мен қабылдаушының өзі де кіреді, яғни бүкіл психологиясымен, дүниетанымымен, мәдениетімен, тәрбиесімен, білімімен т.б. Дискурс тек қана жалаң сөздің өзі емес, оның саналылар әрекеттесуіндегі қозғалысы, әсері.

Сұрақ: Онда репликадан айырмашылығы неде?

Жауап: Дискурс құрылымында реплика метакоммуникативтік сигнал деп беріледі. *Метакоммуникативтік сигнал не акт дегеніміз* – сөйлеушілер арасындағы сөз қатынасын қолдау мақсатында айтылатын айтылым, ол сөз жүрісінің сақталуы мен олардың алмасуын да қамтамасыз етеді. Бұл жерде **сөз жүрісі** – коммуникативтік рөлдердің алмасуына қатысты түсінік, ал **сөз қадам** – бір сөз жүрісіндегі бір не бірнеше айтылымдар тізбегі. Дискурс құрылымында реплика **сөз жүрісін сақтау** мен **сөз жүрісін алмастыруға** бағытталады.

Сұрақ: Тема, рема дегенге қатысты айтсаңыз.

Жауап: Сөйлемнің актуалды мүшеленуіндегі темалық және ремалық бөліктердің дискурстың мәнін ұғынуға қатысы бар. Өйткені **дискурс мәні арнайы грамматикаланбайды**, ол коммуниканттардың сөз актілеріндегі жаңа мен ескінің немесе тема мен реманың ілікестік түзуі арқасында орындалады. Бұл мәселеге арнайы тарау не тармақ арналмағанымен, дискурстың түзілуі мен қабылдануына қатысты пікірлерде қарастырылды. Дискурстың мәнін ұғынуда сөйлемнің актуалды мүшеленуі жүзеге асады. Ал сөйлем мүшеленуінің дискурс көлемінде қарастырылуы дискурсты мүшелеудегі микро және макродеңгейлерде, дискурс пен оның кіші бірліктері бірізділігіне қатысты талдауларда жүргізілді. Дискурсты талдаған кезде, ең бірінші, дискурс сипаты қандай, типі қандай, ол дискурстың коммуникативтік жағдаяттағы компоненттері қандай, кімдер, қайда және қашан, қандай мақсатпен қарым-қатынасқа түсуде деген анықталады.

Сұрақ: Сонымен пропозиция дегенді қалай анықтадыңыз?

Жауап: Пропозиция деген-кез келген коммуникацияға түсу кезіндегі сөйлеушілердің де, тыңдаушылардың да санасында сыртқы жағдаят әсерінен сол ойға қатысты пайда болатын ақпарат, ойдың өзегі, семантикалық ядросы, ол тілдік бірліктердің түзілуіне негіз болады.

Сұрақ: 1) Сіздіңше, пропозиция мәтінге дейінгі құрылым ба, болмаса, мәтінмен араласып жататын құрылым ба? Мәтінмен араласып жатқан, мәтіннің өзіндегі құрылым болса, оның ерекшелігі қандай? Егер мәтінге дейінгі құрылым болса, ол қандай, вертикалды ма, болмаса горизанталды ма?

2) Тілдік тұлға дейсіз, оны үш түрге бөліп көрсетесіз. Осы тілдік тұлға мен коммуникативтік тұлғаның айырмасы қандай? Екеуінің айырмасы бар ма, әлде синоним бе?

3) Сөзді мәтінге, дискурсқа қатысушылардың бірдей ұқпауы неге байланысты? Ол біліміне, мәдениетіне, тәжірибесіне, тілдік білімінің күрделілігіне, тілдік санасының, танымының күштілігіне тағы басқа көп нәрсеге байланысты. Ол тек тілдің ғана тұтынушысы емес, ол мәдениеттің де тұтынушысы. Бір сөзді алыңыз, оның құрамында мәдени компоненттер болады.

Мысалы, «шаңырақ» деген сияқты. Ол, бір жағынан сөз, бір жағынан мәдениет. Ал енді кейбір сөз болады, соның құрамында компонент ретінде мәдениет элементі болады. Сонда сіз тілдік тұлғаны тек тілге қатысты аласыз ба, қалай мәдениетпен байланыстырмайсыз? Коммуникативтік тұлғамен екеуінің айырмасы неде?

4) Содан кейін «Құлзат, қашан келдіңіз?» дегенде коммуникация бар, дискурс бар, тілдік тұлға бар ма? Тілдік тұлға көріне ме?

Жауап: 1) «Пропозиция мәтінге дейінгі құрылым ба, әлде мәтінмен араласып жата ма, араласып жатса, олардың ерекшелігі неде?» деген сұрағыңызға айтарымыз: пропозиция ойдың алғашқы ақпараты ретінде мәтінге дейін құрылады, пайда болады және ол сол мәтіннің тұтастай түзілуінде мәтіннің өне бойына жайылып отырады. Сондықтан пропозициялық мәннің арасының өзінде **ассоциациялық қатынас, толықтыру қатынасы, бекіту қатынасы және дамыту қатынасы** деген қатынас түрлері болады. Сондықтан да бұл мәтіннің ішінде пропозиция арқылы өріледі, көшеді. Оны мынадай мысалмен түсіндіріп көрейін: «Жай қолыңды, көтер білегінді, Аллаһ берсін тілегінді. Қазаның толы май қайнасын, Самаурын толы шай қайнасын, Төріңде төрт періште екі Қыдыр ойнасын. Тілегің қабыл болсын, Мұратың асыл болсын» деген бата дискурсын алатын болсақ, бұндағы пропозициялық мән «Тілегің қабыл болсын» пропозициясына қазықталған. Бұл - бата беру, бата алу дискурсы.

Сұрақ: Соның бәрін бір-ақ қана пропозиция дейсіз бе?

Жауап: Жоқ, бұл өзегі, дискурстық мәні. Енді бұлардың әрқайсысына тоқталайық. Мысалы, Жай қолыңды, көтер білегінді – бір семантикалық бірлік ретінде, семантикалық абзац ретінде алынады да, бұның әрқайсысының ішкі өзінің пропозициясы бар, пропозициялы құрылымы бар. Әрбір ішкі пропозициялы құрылым пропозициялы мән туындағанда, келесі абзацтағы (семантикалық абзацтағы) пропозициялы құрылыммен байланысқан кезде олардың араларында жоғарыда аталған қатынас түрлері пайда болады. Мысалы, Жай қолыңды, көтер білегінді, Аллаһ берсін тілегінді. Қазаның толы май

қайнасын, Самаурын толы шай қайнасын, Төріңде төрт періште, екі Қыдыр ойнасын – дегенде **ассоциациялық қатынас түзілсе**, Тілегің қабыл болсын дегенде **бекіту қатынасы** тұр. Осындай қатынастан бөлек дамыту қатынасы болады. Бекіту қатынасы әрі қарай пропозициялық мән өрбімейтін жағдайда тұрады да, алдыңғыларын тиянақтайды. Сондықтан да ол бекіту қатынасы деп аталады. Бұл мәселелер, негізінен, Сусовтың еңбектерінде және өзге де семантикалық синтаксиске қатысты зерттеулерде талданып жүр. Біз дискурстың семантикалық құрылымын талдауда осы идеялар мен теориялық тұжырымдарға сүйендік. Осыған сай мен Сіздің сауалыңызға пропозиция мәтінге дейін пайда болады, сонымен қатар ол мәтін ішінде мәтінге араласып жатқанда, ол негізгі ойдың үзілмеуін әр семантикалық абзацта қайталану арқылы қамтамасыз етіп отырады, Сіздің қолданған терминді пайдалансақ, оның сипаты вертикалды болады дейміз.

Енді «тілдік тұлға мен коммуникативтік тұлғаның айырмасы қандай» деген кезде айтарымыз мынау: біз тілдік тұлға деген терминді Ю.Карауловтың анықтамасына сүйеніп пайдаландық, яғни, тілде және тіл арқылы көрінетін, тілді пайдалану мүмкіндігі бар тұлға. Бұл жерде екі түрлі түсінік бар: бірінде, тілдік тұлға шығарманың кейіпкері, нақты айтсақ, белгілі бір автор санасынан туындаған тұлға, екіншісінде, коммуникацияға қатысушы жанды адам. Екеуі де тілдік тұлға. Біз тілдік тұлға дегенде ақыл-ойға ие, белгілі бір білімі, өзіндік дүниетанымы, психологиясы бар, жанды әрекет иесін түсініп, қарастырамыз. Бірақ тілдік тұлға мен коммуникативтік тұлғаның айырмашылығы бар. Коммуникативтік тұлғаның айырмашылығы – тек тілдік құзыреттілікке ғана ие болмай, коммуникативтік құзыреттілікке ие болуы, белгілі бір білімді игерген және оны өз мақсатына пайдалана алатын, тілді сөйлеу қарым-қатынасында өзінің сұранысын қанағаттандыратын деңгейде пайдалана білуінде. Коммуникативтік тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігі нақты коммуникативтік жағдаятта, дискурста анықталып, талданады. Сондықтан былай кезде жалпы тілдік тұлға деп танитын болсақ, нақты тақырыптағы, белгілі бір ортақ тақырыптағы қарым-қатынастағы қажеттілікке байланысты, коммуникативтік



міндетке сай коммуникация жүзеге асырылған кезде ғана тұлғаның коммуникативтілік құзыреттілігі танылады деп есептеймін.

Енді «сөзді дискурса қатысушылар бірдей ұқпайды, ол тілдің ғана қатысушысының мәселесі емес, онда белгілі бір лексикалық мазмұнда таза мәдени және тілдік тұлғаның таза мәдени қыры бары ескерілмеді ме?» дегенге жауап берейін. Біз тілдік тұлға деп саналы адамды, тіл тұтынушысын түсінгендіктен, оның бойындағы жалпы және жеке адамдық мәдениетін қоса аламыз. Ол қандайда бір ортада жүргендіктен, оның мәдени сипаты міндетті түрде қоса ескеріліп отырады. Бұл біздің зерттеуіміздің респонденттердің өз ойларын баяндауда таңдаған тілдік бірліктерінің таңдалу себептерін анықтаған тұста анық көрініс тапты, сондай-ақ тілдің де, тілдік тұлғаның да мәдени сипаты дискурс пен концепт арақатысын талдаған тұста көрініс тапты.

Сұрақ: «Күлзат, қашан келдің?» дегенде тілдік тұлға бар ма?

Жауап: Ия, бұл жерде тілдік тұлғаның мәдени сипаты деген көрінбейді. Тіл бұл тұста ақпарат алу мақсатында ғана тұр. Бірақ, біз оны тілдік тұлғаның мәдени сипатын анықтайтындай деңгейде алу үшін оның коммуникативтік жағдаятын мынадай түрде қалпына келтіре аламыз: сұраушы «Күлзат, қашан келдің?» деген сұрақтың маған қатысы бар, яғни алдын-ала келісілген уәдеміз бар жағдай болса, демек, тілдік тұлғаның бойынан оның белгілі бір қасиетіне сай мәдени компонентті топшылауым мүмкін. Мысалы, мен кешігіп келетін болсам, белгілі бір деңгейде мені кінәлау, не жауапсыздық әрекет жасағанды сезіндіру сипаты көрінуі ықтимал, бұған жағдаят арқылы ғана көз жеткіземіз. Осы жағдайда ғана бұл тілдік бірлікте тілдік тұлға көрініс табады.

Сұрақ: Дискурс көбіне көркем сөз көркем әдебиеттің стиліне байланысты қолданылатындығы туралы біраз айтыпсыз. Нақтылы бір тарихи роман, не бір тарихи шығармаларды талдау бар ма?

Жауап: Сұрағыңыз үшін рақмет. Зерттеуде О.Бөкеевтің «Ұйқым келмейді» деген шығармалар жинағын талдадым, атап айтқанда, тақырыптарын таңдаудың функционалды, когнитивтік

ұстанымдарына дискурстық талдау, «Биғаң» әңгімесіне пропозициялы талдау жасалды. Дискурс теориясына қатысты зерттеулерде стиль мәселесі сәл өзгеше қаралады, нақты айтқанда, стиль дискурсты жікке бөлудің бір ғана өлшемі бола алады, соған сай көсемсөз, іскери, ғылыми т.с.с. болып бөлініп кетеді.

Сұрақ: Дискурс талдау теориясын ономастикалық зерттеулерге қалай қолдануға болады? Жоңғар қолбасшысы, Қалдан Церен, жоңғар шабуылы, т.б. тек элементтер ғана, ал тұтас алғанда, дискурсыңыз қалай әрі қарай қандай бағытта, жобасы қалай зерттелу керек, соны қарастырдыңыз ба?

Жауап: Бұл атаулар дискурстық талдау жасау мақсатында жүргізілген тәжірибеден алынған мәтіндерде кездесті, нақты айтсақ, 8 респонденттің бір ғана Қалдан Церенге қатысты қандай тілдік бірлікті қабат қолданғандығын талдадық. Сонда олар **жоңғар қолбасшысы, жоңғар басшысы, жоңғар ханы** деп әртүрлі пайдаланады да, сол әртүрлі пайдаланудың өзімізше біз себебін, уәжін анықтадық. Мысалға, біреуінде ол жоңғар қолбасшысы деген кезде, қолбасшылық дегенді алып тұрған себебі, оның негізгі зейіні жаңағы қабылданған ақпаратқа сәйкес түзілген жағдаяттық модель – ол әскери, соғыс жағдайына қатысты, соғыс жағдаятын белгілеген. Ал жоңғар ханы деген кезде ол соғыстан да жалпы, жоңғарларға не айтса, соны орындататын билік иесі ретінде қабылданған. Яғни, осы сипатта зерттеген кезде жаңағы мәтінді интерпретациялау, түсіну деңгейіне негіз болатын нәрселерге, меніңше, нақты материал бола алады. Тағы бір байқалған қызық жайт – киноның кейіпкері Мансұр, бірақ киноны мазмұндаушылардың басым бөлігі оны Абылай хан деп баяндайды. Мансұр деп айтпай, ауыстырып алып тұр. Демек, Әбілмансұр атауының тарихта Абылай хан деген атаумен қалғандығы, респонденттердің осыған дейінгі білімінің негізінде атаудың автоматты түрде ауыстырылуынан көрініс тапқан. Ономастика проблемаларын да дискурса қатысты алып, осы сияқты сипатта тануға болады ғой деп ойлаймын. Себебі дискурс талдаудың мақсаты – қозғалыстағы мәтінді әлеуметтік мәнмәтінде талдау.

Сұрақ: Сіз Кашкиннің «мәтін мен дискурсты ажыратуындағы белгілердің бірі мәтін тілде тұрғанда ешкімге бағытталмайды» деген пікірін ұстанасыз. Егер олай болатын болса, онда мәтіннің прагматикасын қайда жібереміз? Мысалы, кейбір мәтіндер о баста құрылған кездің өзінде белгілі бір прагматикаға құрылады, балаларға арналған мәтін болса, ол ересектерге арналған мәтіннен ерекшеленеді ғой. Ал ол ешкімге бағытталмаса, ол прагматика ұсталынбай қалады ғой.

Жауап: Прагматика «адам мен таңбаның» қатысы дейтін болсақ, ол адам мен таңбаның қатысы қалай болғанда да, мәтінді оның тұтынушысымен бірге алғанда ғана орындалады. Демек, ол қалай да дискурста әкелініп салынып тұр деген сөз. Яғни, қозғалыстағы мәтін, мәтіннің қозғалыстағы күйі арқылы оның прагматикалық күйі анықталады. Сондықтан да біз қай аспектіден келіп тұр дегенде, біз когнитивтік аспектісін ашуда, яғни тілдік бірліктің негізінде жатқан когнитивтік құрылымдарды анықтауда семантикалық-прагматикалық аспектіден келеміз, қалай болғанда да, оның прагматикасы сөреде тұрған мәтінде зерттелмейді. Оны түзушісіне (авторына) не тұтынушысына (оқырманға) бағыттап, соның негізінде анықтайды. Сондықтан да мәтіннің біреуге бағытталауы тұтынушының нақты мақсатқа сай сол мәтінді пайдалану сәтінде ғана басталады.

Сұрақ: кез келген тілді білетін адам тілдік тұлға ма? Тіл тұтынушысы мен тілдік тұлғаның айырмашылығы бар ма? Мысалы, сіз айтып отырсыз, респонденттер ат басындай алтын дегенді бір қапшық алтын деп қолданды т.б. Сонда осылай сөйлеушілер сол тілдің тұлғасы бола ала ма? Мүмкін, ол тілдік тұлғаға дейінгі аралық тұтынушы шығар.

Жауап: Тілдік тұлға тіл тұтынушысы да бола алады.

Сұрақ: Сонда сіз тілдік тұлға мен тіл тұтынушысы арасына теңдік белгісін қоясыз ба?

Жауап: Теңдік белгісін қоймаймыз. Мысалы, бала дискурсындағы тілдік тұлға ол әлі тілді өзінің қажеттілігіне сай толыққанды пайдалану мүмкіндігі жоқ тұлға, бірақ оның осы сипатына қарап оны тіл тұтынушысы дейміз. Ал классикалық шығарма туғызған жазушы, тың жаңалық ашқан ғалым – олар да

бір жағынан тіл тұтынушысы, бірақ осы екі түрлі сипат олардың әрқайсысының тілдік білімді игеруінің, тілдік білімдік қоры мен соны шығармашылықпен пайдалану деңгейлеріне сай анықталып отырады. Сондықтан кез келген тіл тұтынушысының тілдік тұлғаға айналу мүмкіндігі сақталады. Бұған қатысты назар аударатын тағы бір нәрсе – тіл тұтынушыларының тілдік бірлік мазмұнындағы белгілі бір ұлтқа тән мәдени компоненттерді аңғару, түсіну, пайдалану деңгейлерінің түрліше болуына қатысты тілдік тұлға мен тіл тұтынушысын ажыратуға болатындығы.

Сұрақ: Жұмыста көркем дискурста талдау жасағансыз. О.Бөкеевтің шығармасы мен «Көшпенділер» фильмін көріп, оны мазмұндап не әсерін айтқан студенттердің дискурсын талдағандағы айырмашылық қандай? Мұнда тілдік тұлғаны, тіл тұтынушысын тану ғана ма, әлде басқа қандай мақсат болды?

Жауап: Жалпы екі дискурс сипаты екі түрлі. Өйткені дискурстың коммуникативтік ортасы түрліше: көркем жазбаша дискурста бұған қатысушы мен және автор шығармасы, соған байланысты шығарманы талдап отырған тұлғаның сана құрылымы мен оның зерттеу нысаны шығарма авторының санасы жанама әрекеттеседі, екінші дискурста бір сәтте бірнеше коммуниканттар санасы әрекеттеседі, олар бір сәтте аудиовизуалды ақпаратты қабылдап, оны сана сүзгісінен өткізіп, қайта түзді. Талдаудағы айырмашылық та осыған сай жазбаша және ауызша дискурстардың өзіндік айырмасын ажыратудан көрінеді. Мысалы, ауызша дискурста тән белгілердің бірі ретінде кідіріс сипатына ғана тоқталайық. Кідірістің болу себебінің өзі әртүрлі: есіне түсіре алмағандықтан не дискурстағы сөздің түзілуі мен қабылдану үрдісіндегі когнитивтік әрекет тетіктерінің параллель өтетіндігіне сай болады. Мұның бәрі де қозғалыстағы мәтінді, дискурсты тануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, мұндағы мақсат дискурс түрлерінің айырым белгілерін ажыратумен бірге, дискурстың үрдіс ретіндегі құрылымын, түзілу сипатын тану.

Сұрақ: Көркем дискурстағы пропозиция мен сөйлемнің арасындағы сәйкестікті айтыңызшы, соны ажыратудың не қажеттілігі болды?

Жауап: Сөйлем - ол тілдік бірлік, сол тәрізді мәтін де, жекелеген сөз тіркесі де.

Сұрақ: Олар сәйкес түсіп жатты ғой.

Жауап: Сәйкес түспей де жататын сәттер болады.

Сұрақ: Сәйкес түспей жатқан жағдайға мысал келтіріңізші.

Жауап: Астырт не семантикалық, басқаша айтқанда, пропозициялы құрылымда пропозициялы ақпарат бірнешеу болып, бірақ оның грамматикалық коды саналатын предикативтік конструкциялар не синтаксистік құрылым жай сөйлем сипатында тұруын айтуға болады. Дәстүрлі грамматикада аталатын күрделенген сөйлемдерде бірнеше пропозициялы ақпарат бір ғана жай сөйлем құрылымында көрініс табады. Біз сәйкес түспеуі дегенге көп пропозициялы дискурс құрылымына қатысты тоқталып, мысал келтірейік. Талданған көркем дискурстан «Бір айдан соң ауылдан хат келді. Ол хатта Ораш келсе, мен оны қой сойып сыйлар едім, - деп әлі күтіп жүрген көрінеді» деген құрылымды алайық. Дискурстан тыс алып талдасақ, олардың біріншісінің пропозициялы ақпараты біреу, соған сай синтаксистік құрылымы да бір жай сөйлеммен берілген. Ал дискурстық қатынаста алсақ, оның пропозициясы мен құрылымы сай келмейді. Яғни, хаттың кімнен келіп отырғаны айтылып тұрған жоқ. Оның пропозициясы дискурсқа қатыспаған адамға таныс емес, ал сол дискурсқа қатысушы үшін хаттың ауылдағы ішімдікке салынған адамнан келгені белгілі. Ораз келсе, қой сойып шақырамын дегенде де негізгі, орталық пропозициямен сәйкестік болмағандықтан, ол дискурс құрылымындағы пропозициялы құрылым мен тілдік құрылым сай түспей отыр. Ол сәйкестікте болу үшін дискурстың қатысушысына негізгі пропозициялы ақпарат таныс болуы шарт: ішімдікке салынған адамның Оразға: «Мен туралы шығармаңа жаз, сен жазушы болғаныңмен, сенің адам ретінде менен артықшылығың жоқ, сенің де баратының жер асты, менің де баратыным жер асты» деген ойы мен оған Ораздың: «Мен сені жаза алмаймын, өйткені сен жазу үшін

түзелуің керек, ал сен түзелмесең, менің кітабымды шығармайды» деуі. Сонда осы пропозициялы ақпараттар құрылымын игерген адам ғана оның дискурстағы тұтас мәнін ұғына алады. Сондықтан пропозиция дискурста жеке дара бола алмайды, ол сол дискурстағы өзге пропозициялармен сабақтасады, бірақ ол үнемі грамматикалануға келмейтіндіктен, әр уақытта пропозициялы құрылым мен тілдік құрылым сәйкестене бермейді. Басқаша айтқанда, мысалға келтірген үш сөйлем мәнін дискурстық қатынас негізінде түсіну үшін осыған дейінгі дискурста айтылған оқиғалардан хабардар болуы керек, яғни сол дискурсқа қатысу керек.

Сұрақ: Дискурстың ең кіші бірлігі не болады?

Жауап: Дискурстың ең кіші бірлігі – бұл қарапайым айтылым немесе сөйлем, бір сөзден де бола алады. Ол бірлік сол дискурстың басталуының бірінші сөз актісінен түзіліп, соған қозғалыс беріп дискурстың тұтастығын түзуде үнемі өзге бірліктермен байланыстылықта болып отырады. Бірақ ол жалғыз алынбайды, дискурстық біртұтастықта алынуы керек.

Сұрақ: Сонда бұл тек ауызша дискурста ғана ғой?

Жауап: Жоқ, дискурстық бірлік жазбаша дискурсқа да тән. Өйткені ауызшада да, жазбаша дискурста да сана әрекеттесуі орындалады, қандайда бір ақпарат алмасу жүзеге асады. Уоллес Чейф бастаған зерттеушілер дискурс деп тек ауызша сөйлеу әрекетін түсінеді. Бірақ дискурс теориясында дискурсты тек ауызша түрде болады дегенге қоса, дискурстың жазбаша түрі де болады деп санап, соған байланысты зерттеу жүргізуші ван Дейк сияқты ғалымдар бар. Олар жазбаша дискурсты да дискурс деп тану керек, себебі сол дискурс та когнитивтік әрекет, онда да тілдік тұлғалардың, тұтынушылар әрекетінің қандайда бір әлеуметтік салдары жатады дейді. Осы себептен де біз зерттеуімізде дискурстың ауызшасын да, жазбашасын да талдадық.

Сұрақ: Жұмысыңызда айтылым туралы айтасыз. Сосын ауызша және жазбаша дискурс деп топтайсыз. Енді айтылым мен ауызша дискурстың айырмашылығы неде?

Жауап: Кез келген дискурстың қарапайым бірлігі айтылым болып табылады. Ол тек ауызша дискурста ғана айтылым емес,

жазбаша дискурс бірлігі де айтылым, себебі екі дискурста да тілдік таңба қабылданып, ұғынылады. Ауызшада дыбыстық сипаттағы таңба болса, жазбашада әріппен таңбаланған. Жазбашада біз жазудағы таңбаны оқып тұрмыз, демек, біз оны ішкі сөзге айналдырып тұрмыз. Осы себептен, біздіңше, айтылым дискурстың қарапайым бірлігі болып саналады.

Сұрақ: Сіздің алып тұрғаныңыз высказывание ғой, солай ма?

Жауап: Солай. Ол жазбаша дискурста бейвербалды сипатта да көрініс табады. Академик Выготскийдің зерттеуінде талданған ішкі сөзде, сөйлеуде көрінеді.

Сұрақ: Мәтін түріндегі ме?

Жауап: Мәтін түріндегі сипатта да, оның кіші бірліктері сипатында да алынады.

Сұрақ: Пропозиция мен пресуппозицияның қандай айырмашылығы бар, қандай ұқсастықтары бар?

Жауап: Пропозиция мен пресуппозицияның айырмашылығы мынада: пропозиция - мәтінге дейінгі құрылым, яғни сөз актісі басталарда бірінші болып пайда болады. Ал пресуппозиция сәл кейін пайда болады, сәл кейін дегенде айтылым айтылып болғаннан соң туындайды. Айтылған айтылымның жағдаятқа қатысты, сол коммуникацияға қатысушылардың әрқайсысында туындаған, ортақ тақырыпқа қатысты ой.

Сұрақ: Сіз «Көшпенділер» фильміне респонденттер таңдаған кезде қандай критерийлер ұстандыңыз? Оны сұрап отырғаным, жаңа сіз өзіңіз айтып кеттіңіз, мысалы, негізгі кейіпкері Мансұр бола тұрса да, оны респонденттер баяндағанда Абылай хан деп айтады деп. Сонда олар оған дейін І.Есенберлиннің «Көшпенділер» шығармасымен таныс болды ма, таныс болғандары болды ма, сіз оларды іріктеген кезде қандай принциптер ұстадыңыз?

Жауап: Рақмет. Ең алдымен айтарымыз, бұл жаппай таңдау болды. Респонденттерді жасына қарай таңдаған жоқпын. Бірақ «Көшпенділер» шығармасымен байланыстырған тек «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында, «қазақ филологиясы» мамандығында оқып білім алып жатқан 3 курс студенттері ғана. Ал оқушылар тарапынан, орыс тобындағы студенттер тарапынан мұндай «Көшпенділер» фильмі мен «Көшпенділер»

шығармасын байланыстыру мүлде болған жоқ. Екіншіден, респонденттердің орыс тілді топ пен қазақ тілінде білім алатындарды саналы түрде таңдадық, өйткені былай қарағанда, түсінік – семантикалық бірлік ретінде бәріне бірдей, ол ұлтына да қатысты емес, бірақ сол түсініктің сыртқы көрінісі, яғни тілдік құрылымға түсуі әртүрлі. Соған байланысты бір ақпаратты берген кезде олардың тілдік құрылымында қаншалықты өзгеріс болатындығын анықтау міндеті көзделді. Мен мүмкіндігінше ол мақсатқа жеттім деп ойлаймын. Өйткені орыс тобында әртүрлі, мысалы, шетел филологиясынан бар, инженер-техникалық факультет мамандықтарынан бар. Олардың бәрінің де баяндаулары кезінде негізгі құрылымдары Бұл фильмде не айтылды? Кейіпкерлері кім? және Маған ұнаған образ деген 3-ақ нәрсеге қазықталған. Ал «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына маманданып жатқан студенттер киноны қайта мазмұндап бер десе де, киноның мәтініне жақын мазмұндай алмаған. Олардың дискурсының құрылымы бағалауыштық сипатта болған. Актерлердің сипаты, олардың ойын шеберлігі, фильмге жұмсалған қаржы, БАҚ-тан алған ақпараттары, фильмнің қазақшылық дәрежесі, шетел фильміне ұқсап кеткендігі т.с.с. сипатта бағалауыштық сипатта болған. Сонымен қатар бұл дискурс аргументтік дискурс, себебі әр респонденттің өз ойының дәлеліне келтірілетін дерегінің мол болуы айқын аңғарылады. Яғни, «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша дайындалып жатқан респонденттер түзген дискурс мүлде басқа сипатта болды. Енді Жабасак орта мектебінің 9 сынып оқушыларына аталған кино көрсетіліп, аудиотаспаға жазылды. Бұларға қойылған мақсат – қайта мазмұндау деп берілгендіктен, олар ешбір ауытқыған жоқ, олар міндетті түрде мазмұндап, түсінігін айтып шықты. Және олар мазмұндау барысында кино мазмұнындағы айтылған тілдік бірліктерді барынша соны пайдалануға тырысқан. Мұның себебін мен қалыптасқан, автоматтанған дағдыларының болуымен байланыстырамын. Оларда баға беру деген мақсат қойылмағандықтан, тек қайта мазмұндап шықты, солай бола тұрып, олардың мазмұндауда таңдаған тілдік бірліктері түрлі сипатта болды. Ауытқушылықтар да кездесті. Яғни, сөзді

алмастырып қолдану, өзінің мәнінде емес, тіркесімге түспейтін сөздерді тіркестіру т.с.с.

Сұрақ: Мәтін мен дискурстың айырмашылығын айтып кеттіңіз. «Көшпенділер» фильмін осы тұрғыдан алғанда не деп танысыз?

Жауап: «Көшпенділер» бұл жаңа айттым. Біздің жағдайымызда, алдыңғы белгілі бір дискурстан туған туынды мәтін. Бұл күрделі жанр. Енді киноны көруші респонденттер үшін ол бірінші деңгейлі сөйлеу жанры. Ол осы дискурсқа алғашқы ақпарат болып тұр. Респонденттердің өздері түзген өнім біз үшін күрделі сөйлеу жанрына жатады. Сонда былай қараған кезде дискурс мәтінсіз жүзеге аспайды, ол мәтін дискурс ортасында жүруі керек. Сонда ол мәтіміз дискурстан кейін тағы бір дискурста қозғалысқа түсіп, белгілі бір дискурсты орындайды да, қайтадан тілге көшеді. Бұл кезде ол ешкімге бағытталмаған мәтін күйінде тұрады. Бірақ әрбір тіл тұтынушысы немесе тілдік тұлға коммуникативтік құзыреттілікке ие, ол өзіне керек сәтінде сол мәтіннен қажетінше алып пайдаланады. Сондықтан да біз мәтін дискурсқа шикізат болады деген тұжырым жасаймыз. Жалпы «мәтін тілде орналасады, бірақ дискурста өмір сүреді» деген - Р.Барттың идеясы, біз өз жұмысымызда мәтін мен дискурстың ара жігін ажыратуда осы ұстанымды басшылыққа алдық.

Сұрақ: Сіз жаңа тілдік тұлғаның өзін бірнеше жікке бөлесіз ғой, сонда шығармашыл тілдік тұлға деп бөлесіз, мысалы, сол топқа кез келген жазушы жатқызыла бере ме?

Жауап: Жоқ, бұл жіктелістегі берген анықтамамызға сай, қалыпты шығармашыл тілдік тұлғаларға тілді шығармашылықпен пайдалана алатын барлық тұлғалар жатса, шынайы шығармашыл тілдік тұлғаларға кез келген жазушы емес, қоғамда мойындалған тұлғалар жатады.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

1. Пропозиция термині қалай анықталады?
2. Пропозицияның дискурста көрінуі мен ондағы мәтін тұтастығын түзуге қалай қатысатындығын сипаттаңыз.

3. Пропозиция мен пресуппозицияның айырмашылығы неде?

4. Тілдік тұлға мен коммуникативтік тұлғаның айырмасы неде?

5. Дискурстың ең қарапайым бірлігіне не жатады?

1.4 Тіл мен дискурс арақатынасы

Дискурс қандай жағдаятта болса да, тілсіз орындалмайды. Оған сондықтан да ауызша сөз де, ішкі сөз де, ым тілі де жатқызылады. Бұл тілдің болмысты тану құралы ғана емес, оны бейнелеу құралы болатындығымен де байланысты. Тілдің бұл қызметі нақты дискурста ғана немесе коммуникативтік жағдаятта ғана мүмкін болады. Себебі сол жағдаяттың түзілуі коммуниканттардың коммуникативтік қажеттіліктеріне сәйкестенеді. Сол коммуникативтік қажеттілікке сай пайда болған коммуникативтік міндет дискурс тақырыбындағы басты нысанды анықтап, таңдатады. Яғни, ортақ бір тақырып болғанымен, коммуникативтік міндет әр коммуникантта әртүрлі болуы ықтимал. Бұл ойды біз мынадай мысалмен түсіндіріп көрейік. Мысалы, қасиетті бабалар қабірінен орамалға арнайы бір шым-шым не бір уыс топырақ түйіп алу дағдысы бар. Ол түйілген топырақ өзге бір жан үшін (топырақты алу мақсатынан хабарсыз не оның қай жерден алынғанын білмейтін, не тылсым күшке сенбейтін адам үшін) тек топырақ, ал сол топырақты орамалға түюші үшін ол – тылсым күш, ол күш бабасының рухын өз бойына сіңірген, сол арқылы тіріге көмек береді, ауыруды сейілтп, бәледен сақтайды деген сенімі. Бұл сенім тіл тұтынушыларына сол тіл арқылы (халық шығармашылығы не діни мәтіндер мазмұны арқылы) сақталып тасымалданып тұр, сонымен қатар «бұл жай топырақ» деп түсінуші сенімі де сол тіл арқылы (ондағы атеизмге қатысты мәтіндер мазмұнын игеру негізінде) беріліп тұрақталған. Сондықтан тіл мен дискурс арақатысын анық байқауға мүмкіндік бар деп ойлаймыз. Оны осы мысал негізінде өрбітсек, қарама-қайшы сенімге әкелетін ақпараттың екеуі де тілде (демек, «тіл – мәтін кітапханасы») сақталып тұрса,

коммуниканттар сенімінің түрлі сипатта қалыптасуына олардың дискурстық және әлеуметтік тәжірибесі, нақты айтсақ, олардың қарым-қатынасындағы немесе нақты дискурсындағы «мәтін мазмұны», соның негізінде қалыптасқан білімдері (әлем туралы түсінік, танымдары) себеп болған. Басқаша айтсақ, «мәтін мазмұны» нақты дискурста өзіндік мағыналарын танытып, соған сай ұғынылады да, коммуниканттар тарапынан не мақұлданып қабылданады, не терістеліп қабылданады. Осы нақты дискурстағы мағыналар «мәтін кітапханасынан» ауысқан мазмұнның «мағыналар кітапханасын» түзуіне әкеледі. «Мағыналар кітапханасы» тіл дамуы мен өзгеруіне сай толықтырылып отырады. Соған сай «мәтін кітапханасы» байиды. Бұл айтылғанды қарапайым не жеке тіл бірліктеріне қатысты түсіндіретін болсақ, лексикология саласында қаралатын сөздің тура және ауыспалы мағынада жұмсалыуын осы дискурс пен тіл қатынасының нәтижесі деп түсінуге болады деп есептейміз. Тура мағынасы «мәтін кітапханасында», ауыспалы мағыналары сол тура мағынаның нақты дискурста түзілген мағыналары негізінде «мағыналар кітапханасын» түзген. Бұл екеуіне тән нәрсе – екеуінің де жалпыхалықтық сипатта интерпретацияланатыны. Бірақ жеке тұлғалық интерпретацияда «мағыналар кітапханасындағы» мән үнемі жоғары сипатта игерілген болмауы да мүмкін. Оған коммуниканттардың «мәтін кітапханасын» игергенімен (тіл арқылы игерген бірліктерінің (мәтіндерінің) мәнін білгенімен), олардың «мағына кітапханасын» меңгермеуінен нақты дискурс барысында түсінбестік не коммуникацияның нәтижесіздігі туындайды. Оны тұрақты сөз тіркестерінің игерілуіне қатысты байқалған жайтпен беруге болады. Атап айтқанда, *жағына пышақ жанығандай* тіркесінің қандай мағына білдіретіндігін оқушылардың түсіне алмауы. Оларға **жақ, пышақ, жану** сөздерінің мағынасы түсінікті, яғни тіл бірлігінің тура мағынасы таныс, оны игерген, «мәтін кітапханасын» меңгерген, бірақ **жүдеулік** не **арықтық** мағынасы түсініксіз. Оның себебі оқушылардың жеке дискурсында бұл тіркес бірінші рет ұшырасып отырғандықтан, оның мағынасы белгісіз, ал тіркестің қандай мағынаны білдіретіндігін шешу міндеті қойылғанда, өзі

игерген «мағыналар кітапханасынан» қойылған міндетті шешу әрекетіне қажетті ақпараттарды сабақтастырады. Ол – жекелеген осы тіркеске қатысы бар сөз мағыналары. Бірақ бұл тіркестің дискурстық тәжірибеде бұрын-соңды болмауы (оған қатысты әлеуметтік тәжірибе де болмауы ықтимал) оқушылардың оның мағынасын білмеуіне әкелген. Бұл тұста байқайтынымыз:

1) тіл бірінші игеріледі, ал дискурс оның неғұрлым толық мағынада игерілуіне жағдай жасайды: бала дүниеге шыр етіп келгеннен-ақ анасы оны аналық мейіріммен әлдилейді, бесік жырын айтады, бесік жырын білмесе, өз көңіліне жақын әнмен, кейде тек әуенімен әлдилейді, үнемі сөйлеседі, ана мен бала дискурсында тіл ана тарапынан сөзге айналып, үнімен және алақан жылуымен нәресте санасына сөз сәулесін түсіріп, тіл тылсымын таныта бастайды. Балада тіл игеруге генетикалық жолмен келген қабілет бар, сондықтан ол әлди қабылданады, тіпті кейінгі кезде ана қолындағы нәресте ғана емес, ана құрсағындағы нәресте сыртқы ортаның анасына әсерін естіп қабылдайтындығы да сөз болып жүр. Демек, тіл бірінші, оның біріншілігін жоғарыда келтірілген сөздің екіншілік мағыналарын игеруінен де көруге болады немесе тілі жаңа шыққан бала естіген сөзін түсінбей-ақ қайталайды, бірақ оның мән-мағынасын кейін ұғынады. Мағынасын ұғынбай-ақ сөз қайталауы тілді игеруі болса, оны өз қажетіне сай коммуникативтік мақсатына орайластырып шығармашылық сипатта пайдалана білуі дискурста ғана мүмкін болады. Бір шет тілінен көп сөздерді аудармасымен жақсы білуге болады, бірақ бұл тілді коммуникативтік мақсатта жоғары деңгейде меңгеруі емес, соңғысына қол жеткізу үшін арнайы дискурстар (сабақ дискурсы) ұйымдастырылады, бірақ оларда сол тілдің өзіне тән жалпы заңдылықтары игеріледі, тікелей қарым-қатынаста сол ұлт тіліне тән таным жеке және нақты дискурста ғана мүмкін болады.

2) Тіл – жалпылық сипатқа ие, соған сай оған мүмкіндік беретін дискурс та жалпы болады, жалпы дискурстың құрылымын лингвистикалық тұрғыдан шектей алмаймыз, ол шексіз.

Жалпы дискурс жағдаяттық-тақырыптық ұстаныммен жеке дискурсқа жіктеледі. Ал жеке дискурс бір тақырыптық жағдаятқа сүйеніліп құрылады. Өз кезегінде жеке дискурс нақты дискурстардан түзіледі. Нақты дискурс дегеніміз - бір жалпы тақырыпқа қатысты нақты үзіліссіз уақытта орындалған дискурс. Нақты дискурста нақты тілдік тұлғалардың сөйлеу әрекеті нәтижесі – мәтін нақты түзіледі. Сонда жалпы тілдік дискурс жекелеген дискурстардың шексіз тізбегінен түзілсе, өз кезегінде жекелеген дискурстарды нақты дискурс тізбегі түзеді. Дискурстың бұл үш түрінің ортақтығы – оларда тақырыптық-жағдаяттық ортақтық болатындығы, сондай-ақ коммуниканттар құрамының тұрақсыздығы (әр нақты коммуникацияда үнемі бір коммуниканттардың қатысуы ғана бола бермейді) болса, айырмасы – дискурс орындалуындағы кеңістік пен уақыттың үзіліссіздігі (бір уақыт пен сол кеңістікте жүруі) нақты дискурсқа тән де, жеке дискурсқа тән емес. Қай дискурста да тіл оның орындалуына қажетті шарт, шикізат болады. Сол себепті де біз тіл арқылы тілдің табиғатын ғана емес, жалпы адамзат дүниетанымын, әр халықтың өздеріне тән ұлттық танымын зерделей аламыз. Бұл профессор Н.Уәли зерттеуінде талданған сөздердің тілдік-мәдени мазмұны не тілдік-мәдени компоненті мәселесіне де қатысы бар. Яғни, сөз мағынасында жүрген тілдік-мәдени мазмұнның тұрақталуына сол мазмұнның шындықтағы бейнесінің нақты дискурста бекітілуі себеп болады.

3) Тіл дискурс барысында сөзге (сөйлеуге) айналса, дискурс осы қозғалыстағы тілдің санада әрекеттесу нәтижесін тілге мәтін күйінде қайта әкеледі. Сөйтіп әр тілдік тұлға мен тіл тұтышысындағы тіл мен коммуникативтік мақсатына сай түзілген сөз дискурста өзара өріліп, қозғалыстан қалыпты күйге түскенде мәтінге айналады. Ол мәтін – тіл бірлігі, жазбаша дискурста әріппен таңбаланса, ауызша дискурста ойда сақталған естілген сөз мәтіні сипатында таңбалады.

Қорыта айтқанда, тіл мен дискурс арақатынасы олардың тығыз байланысынан көрінеді. Тілден, нақты айтқанда, оның қозғалысқа түсуге таңдалуынан басталған дискурс сол тілге орналасатын дискурс нәтижесі мәтінмен тиянақталады. Тілден басталған дискурс тілге өнім берумен аяқталады. Сол түзілген

тілдегі мәтін келесі дискурстың басқы нүктесі болады, осылайша жалпы дискурс өз жалғасын табады.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

1. Мәтін кітапханасы мен мағына кітапханасы дегенді қалай түсінесіз?
2. Тіл мен дискурс арақатынасына қатысты тұжырымдарға сіз қалай қарайсыз? Өз көзқарасыңызды негіздеңіз.
3. Жалпы дискурс дегеніміз не?
4. Жеке дискурс дегеніміз не?
5. Нақты дискурс дегеніміз не?

1.5 Дискурс және уақыт категориясы

Дискурс қозғалыстағы мәтін сапасында түсіндіріле отырып, қабылдаушысы мен түзушісін қоса алғанда, сөз жағдаятының өткен орны мен уақытына қатысты алынатын мәтіннен жоғары деңгейдегі тіл бірлігі не күрделі коммуникативтік жағдаят деп түсініледі. Ол коммуникативтік жағдаятта мәтіннің қолданыстағы сипатымен анықталады. Дискурстың пайда болуының негізгі қозғаушысы – коммуниканттардың вербалды не бейвербалды тіл арқылы қанағаттандырылатын қажеттіліктері. Бұл түрткіге сай дискурстың өтуінде дискурсты бастаушыда да, дискурста ақпаратты қабылдаушыда да санада ресімделетін қондырғылар болады. Олардың әрбірінің санасында осы қондырғыларға сай түзілген мәтін көрініс табады. Ол бір мәтіннің түрлі нұсқасында ұғынылады. Ол дискурс өтетін кеңістік пен уақытқа қатысты да түрліше өң ала алады. Сондықтан дискурстың уақыт категориясына қатысы туралы мәселелер арнайы сөз етіледі. Дискурс тіл тұтынушыларының қандайда бір уақыттағы ақпарат алмасуынан тұрады. Ал ақпарат тек бір шектеулі уақытқа ғана қатысты пайдаланылғанымен, оның шынайы өмірдегі пайда болуы мен таралуы, сақталуы тіл тұтынушыларының ол

ақпаратты пайдалану, пайдаланбауына тәуелсіз. Бұл — тілде, тіл арқылы сақталған ақпараттың шынайы уақытта өмір сүруі. Тілде не тіл арқылы сақталған ақпарат мазмұнындағы хабарға, оқиғаға қатысты уақыт бұл — мәтінішілік уақыт. Ал мұнан басқа дискурстық уақыт және шынайы уақыт ажыратылады. Дискурстық не мәтіндік уақытты таңбалауды қамтамасыз ететін құралдар тілдің әртүрлі деңгейіне жатады. Бірақ бір сәтте әртүрлі уақытты (ол уақыт мәтін мен коммуникативтік жағдаят сәтінде бірдей тұтас болмауы да мүмкін. Мысалы, кинодағы көрсетіліп баяндалатын уақыт сол киноны көріп отырған уақыттан бұрын болған уақиғаны мазмұндап бейнелейді) көрсетуге қызмет етеді. Бұған, ең алдымен, етістіктің грамматикалық формалары, мезгіл үстеулері, темпоральды семантикаға ие зат есімді конструкциялар қатысады. Айтылымдар аясында біртұтас қызмет атқаратын бұл құралдар әр деңгейлік, грамматикалық-мәнмәтіндік кешен айтылым деңгейінде де, дискурстың микродеңгейінде де осы кешен шеңберінде қызмет атқарады. Мысалы, О.Бөкеевтің «Маңдайдан бағың шайқалса» әңгімесінің мына бір үзінгіне назар аударайық: *Мен Алматыға ұштым. Бір айдан соң ауылдан хат алдым. Шаған ішкенін қойыпты. Совхозда балташы болып жұмыс істеп жүр екен... Ораш келсе, қонаққа шақырам, азамат емесін бе?-деп, бір тоқтысын семіртіп жатқан көрінеді.*

Ал мен де ағайынның алдында өтірікші болмайын деп, осы әңгімені жаздым.

Келтірілген үзіндідегі айтылымдардың әрқайсысындағы уақытқа қатысты бірліктерді теріп алайық: *ұштым, алдым, жаздым*, — жедел өткен шақ мағынасы етістік формасымен берілген, *Бір айдан соң* - өткен шақ мағынасы есім сөздермен септеулік шылаудың тіркесімен, басқаша айтқанда, зат есімді темпоральды мағыналы конструкциямен берілген, *қойыпты, жұмыс істеп жүр екен* — бұрынғы өткен шақ мағынасы етістік формасымен берілген, *(келсе) шақырам* — ауыспалы келер шақ, *семіртіп жатқан көрінеді* — ауыспалы шақ, *етістік формасымен* берілген. Бұлар әр шақты көрсеткенімен біртұтас мәтін мен оны оқып отырған оқырманын бірге алып дискурс ретінде танығанда, олардың әр шақтығы бір ғана шаққа, яғни

оқырманның оқып отырған сәтіне қызмет етіп отыр, сондықтан да оның бір тұтас уақытта қабылдануы бұл құралдарды тек грамматикалық деп емес, грамматикалық-мәнмәтіндік кешен деп қабылдауға әкеледі де, осы қабылдау сәтінен бастап тұтастығын бұзбай қабылдануында дискурстың микроқұрылымы көрініс табады. Әрі бұл мәнмәтін осы үзіндіге қатысты ғана алынбайды, осы әңгіменің алдыңғы бөліктерімен байланысын үзбей алғанда орындалады. Сондай-ақ үзіндінің өзіндегі оқиғаның өткен шақтық дәрежесі бірдей емес: *ауелі* Ораздың Алматыға ұшуы орындалған, *бұл 1-өткен шақ*, сонан соң бір айдан соң хат жазылған, ал жазылған хат мазмұнында оның жазылуынан әйтеуір бұрын болған, бірақ ілгері-кейінділік реті қалайда бар болатын өткен оқиғалар хабарланған, *бұл 2-өткен шақтың* өзі өткен шақ пен келер шақтық көрсеткішпен берілген өткен шақтарды қамтиды. *3-өткен шақ* — Ораздың осы әңгімені не себепті жазғанын түсіндіретін бөлікте берілген. Біздің өткен шақтарды 1-3 деп бөлуіміз тек осы үзіндідегі шақтарды белгілеген тілдік көрсеткіштерді шартты түрде айырықшалау үшін қажет болды, бірақ олардың бойында жинақталған уақыттық мағына дискурсты тұтас алғанда ғана мүмкін болады. Ал дискурстың макродеңгейінде бұл кешен өзара дискурстың темпоральды құрылымы аясында сәйкестенеді. Темпоральды кешендердің бірізділігі - мәтіннің байланыстылығын, дискурстағы регрессивтік, прогрессивтік, ретроспекциялық және проспекциялық қатынастарды қамтамасыз етудің маңызды құралы. Оның үстіне етістіктің мәтіннен тыс тұрған шақ формалары шынайы уақытпен сәйкес түсу мүмкіндігіне ие ғана формалар. Олар тек дискурста ғана, өзара қарым-қатынасқа түсу арқылы және шындықтағы уақиғалардың реттілігіне сай бірізділікке ие бола алады. Бұл жерде жоғарыда талданған үзіндідегі оқиғалар бірізділігіне көңіл аударуға болады. Осыған байланысты ғылыми зерттеулерде дискурстық уақыт пен мәтіндік уақыт ажыратылатынын, сондай-ақ уақытқа қатысты мәселелер темпоральды, аспектуальды, таксистік қатынас болып бөлініп жүр. В.Б.Кашкинше, дискурстық уақыт дегеніміз - эмоциялы күй арқылы қабылданатын оқиғалардың ауызша дискурста не

мәтінде шынайы таңбалану уақыты. Лингвистикада уақыттық қатынасты шынайы уақыттан ажыратып көрсету үшін темпоральдық деп атайды. Темпоральдық – бұл абсолютті уақыт, ол дискурстық уақыт осіндегі (*қашан?* сұрағына жауап күтетін) предикатпен таңбаланатын әрекеттің күйін көрсетеді. Ал аспектуальды уақыттық қатынас етістіктегі әрекеттің ішкі уақытын және оның уақытқа таралуын (қалай? сұрағына жауап күтетін) таңбалайды. Ол етістік түріне және етістіктік әрекеттің берілу жолына байланысты болады. Аспектуальдылықтың мәнімәтіндік маркері мыналар: жиі, сирек, екі дүркін, анда-санда, бір күні, ешқашан т.с.с. Таксистік немесе қатыстық уақыт *неден бұрын?* немесе *неден кейін?* деген сұрақтарға жауап беретін қатынас. Таксистік қатынасты таңбалаушы құралдарға синтаксистік құралдар жатады, олар септеулік шылаулармен келетін бағыныңқылар не сөз тіркестері, түйдекті тіркестер. Жоғарыда талдауға алынған үзіндіде осы темпоральдық уақыттық қатынаспен қатар мына айтылымдар таксистік қатынасты да көрсетіп тұр: *Бір айдан соң ауылдан хат алдым. Ораш келсе, қонаққа шақырам. Бір айдан соң дегені Алматыға ұшып келгеннен кейін өткенін білдірсе, келсе, шақырам* дегені қонаққа шақырудың Ораш келгеннен кейін болатынын білдіріп тұр. Уақыттық қатынастың бұл аталған түрлері – темпоральды, аспектуальды, таксистік – барлық тілдерге де тән болып табылады, оны таңбалайтын құралдар идиоэтикалық сипатта болады. Дискурстық уақыт қатынасының әмбебаптығы коммуникативтік жағдаяттың прототиптік құрылымымен анықталады. Сонымен бірге дискурстағы уақыттық қатынасты салыстыра және салғастыра зерттеуге мүмкіндік береді. Дискурстық уақыт пен шынайы уақытты салыстыратын болсақ, олар мынадай айырым және ортақ белгілерге ие болатындығы аталып жүр. 1-кестеде олардың сипаттамасы салыстырмалы түрде берілді.

1-кесте – Шынайы және дискурстық уақыт ерекшелігі мен ортақтығы

Шынайы уақыт	Дискурстық уақыт
Айырым белгілері	

Бірөлшемді (уақыттық ось, бірөлшемді уақыттық континуум, координаты, есептеп шығару нүктесі бар)	Көпөлшемді бола алады. Себебі бір көркем туынды мәтінде шынайы уақыты әр кезеңге сай келетін ақпарат тоғыса алады: бір әңгіменің барысында 19-20-21 ғасыр оқиғалары ілгерінді-кейінді қажетіне сай пайдаланылады. Ал дискурстың ауызша модусында уақыттық бірізділікті баяндау барысында үзіп тастау кездеседі, мысалы, А..., енді есіме түсті, мұның алдында ол былай деді... немесе, айтпақшы, ертең мынаны ұмытып кетпейк...
Бірбағытты, асимметриялы, транзитивті	Бірбағыттылық, асимметриялық, транзитивтік міндетті емес, кез келген уақыт кесіндісіне қайта орала алу тән. Өйткені адам өз арманы мен қиялында кейінгі уақытқа да, келер уақытқа да еркін ауыса алады, тіпті уақытты ойша тоқтата да алады. Бұл перцептивтік (эмотивті, психологиялық) уақытқа тән. Дискурстық уақытта уақыт ағымын жеделдетуге де, баяулатуға да болады. Бұл дискурстық тәсілдерге (Ол келді, көрді, түйсінді, түнілді.), айтылымның ремалық бөлігінің предикат типіне, уақыт бірлігіндегі предикат

	санына да байланысты болады (Зытып келем, зытып келем.).
Үзіліссіз континуум, үзіктілік оған нысандардың енуі арқылы орындалады.	Үзіктілік сипатқа ие. Оның дискурстық маркеріне мыналар жатқызылады: біріншіден, екіншіден, ең алдымен, сонан соң, қайтадан, тағы бір мәрте, фазалық етістіктер арқылы (бастау, жалғастыру, аяқтау...).
Ортақ белгілері	
Есептеп шығару нүктелерінің болуы: бұрын, кейін, бір сәтте. Бұлар сәйкестену нүктелері не референция нүктелері деп аталады. Оларды нақты атасак: ҚАЗІР нүктесі – бұл сөйлеп тұрған уақытқа сайма-сай келетін уақыт нүктесі, хабарлауға сай түсетін нүкте – СОЛ КЕЗДЕ нүктесі (ретроспекция нүктесі деп аталады), СОНАН СОҢ нүктесі (антиципация нүктесі)	
Тұтас мәтінде не мәтін үзінде, фразадан жоғары бірлік аясында барлық предикация осы есептеп шығару нүктесіне бағдарланады, ол <i>осызан дейін, осыдан кейін, осымен бірге</i> деген тіркеспен сәйкестенеді.	

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

1. Уақыт категориясының мәтінішілік, дискурстық, шынайы деп жіктелуі неге байланысты?
2. Дискурстың пайда болуының негізгі қозғаушысы не?
3. Мәтінішілік уақыт түсінігін сипаттап, оны мысалмен түсіндіріңіз.
4. Дискурстық уақыт дегеніміз не?
5. Дискурстық және шынайы уақыттың ортақ белгілерін сипаттаңыз.

1.6 Дискурстық тәжірибе (Р.Сыздық ғылыми дискурсы негізінде)

Ғылыми зерттеулерде аталып жүргендей, дискурс «фреймі «автор», сөз әктісі – адресат және сөз жағдаяты құрылымынан тұратын коммуникативтік «уақиға» немесе «дискурс коммуникация мен мәтін қосындысы», «дискурс - сөз жағдаятында коммуникативтік міндетке сай ақпараттық мазмұн алып жағдаяттық модельденетін айтылым». Дискурс қандайда бір нақты жағдаятқа сай коммуникативтік, әлеуметтік, прагматикалық факторларды қоса алғандағы мәтін деп есептесек, ғылыми мәтінді де «автор/ғалым - мәтін/ ғылыми зерттеуі - оқырман» тізбекті құрылымында қарастыра аламыз. Осыдан келіп біз оқырман тарапынан авторға бағытталған екі нұсқаны, яғни автордың мәтін түзудегі креативтік нұсқасын анықтау мен автор тарапынан түзіліп оқырман қабылдауы нәтижесінде түзілген рецептивті нұсқасын салыстыруға болады деп есептейміз. Ол үшін ғылыми мәтіндегі ақпараттық мазмұн мен мәтін құрылымына талдау жасалады. Себебі бұл ғылыми мәтін - белгілі бір нақты ғылыми дискурс өнімі. Мысалы, Р.Сыздықтың «Абайдың сөз өрнегі» зерттеуіне қатыстырып ой өрбітетін болсақ, дайындалып, оқырман қолына жеткен зерттеу – алдыңғы нақты дискурс өнімі. Осы өнімді берген алдыңғы дискурс өзінің нақты қатысушыларынан және сол қатысушылардың коммуникативтік міндеттерінен, соған сай түзілген ақпараттық мазмұн мен өзектелген жағдаяттық модельден, оларды сол үрдісте тасымалдаған қозғалыстағы айтылымдардан тұрады. Олар: ғылыми ізденіс жасаушы (біздің жағдайымызда ғалым Р.Сыздық), коммуникативтік міндеті: «...ұлы суреткердің сөз өрнегін тіл білімі тұрғысынан тану, яғни ғылымның «лингвистикалық стилистика» деп аталатын саласы бойынша талдау деп білеміз», осы мақсатқа сай түзілген ақпараттық мазмұн ғалымның зерттеу нысаналарын анықтап алу әрекетіне сай жүйеленген, ғалымның өз сөзімен берсек: «*Әуелі «Абай тілі» деген ғылым тармағының зерттеу нысаналарын анықтап алуға тура келді, бұл орайда жалпы поэзия тілін танудың мақсат-мұраттарын сөз ету де қажет болды. Бұған*

«Абай тілін танудың қырлары» деген тарау арналды. ... Поэзия ғимаратының негізгі «кірпіші» - сөз. Сөздің үш түрлі ... мағыналарын ақын Абай қалай жұмсады дегеннің сырына үңілу керек болды. Ол үшін кітаптың «Сөз - өлеңнің арқауы» деген тарауы жазылды». Ғалым осы тәрізді әр тараудың уәждемесін жасап барып, оның атауымен таныстырады. Бұл ақпараттық мазмұндағы топтар ғалымның дискурсының рецептивтік нұсқадағы макроқұрылымдарын түзеді. Себебі ғалымның осы тарау атауларын таңдауына әкелген *дискурстық әрекеттері* бар: Абай шығармаларын түгелдей оқып шығуы, оларға талдау жасауы, осы тақырыпқа қатысты ғылыми зерттеулермен танысып саралауы мен пікір алысулары т.с.с.

Өзектелген жағдаяттық модельге ғалымның нақты зерттеу нысанына алған тақырыбына сай (Сөз басы, Абай тілін танудың қырлары, Сөз - өлеңнің арқауы, Образдың эстетикалық өрісі (зонасы), Сөз таңдау, Сөз құбылту, Қара сөздердің тілі қалай өрілген? Абай тілінің тағылымы, Сөз соңы немесе түйін сөз) жағдаяттық модель түзушілер жатады. Жағдаяттық модель түзушілер сапасында басты автормен қоса, ғалым пайдасына жаратып, ғылыми ой-өрбітуге негіз болған мәтіндегі «қатысушылар не тілдік тұлғалар» да енеді. Біз тілге тиек етіп отырған мәтінде оған осы тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізгендердің пікірлері мен Абай шығармалары, онымен идеялары үндес не қосымша ақпарат беретін ақындар туындылары енеді. Олардың қатарына Дулат Бабатайұлы, Доспамбет жырау, Кемпірбай, Жанак, Махамбет т.б. ақындарды атауға болады. Бұл жағдаяттық модель ғалымның басты мақсатына сай өзектеліп, тілдің лексикалық-семантикалық және синтаксистік құрылымын таңдап түзу арқылы айтылымға айналады (өз ойын дәріс оқу не қызметтес, әріптестер арасында айту, не арнайы ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндау, өзге қатысушылар тарапынан туындаған сұрақтар негізінде түзету не толықтыру енгізіп қайта түзу т.с.с әрекеттердің жасалуы), онан соң сол дискурс өнімі мәтін күйінде ресімделіп тілде сақталған. Зерттеу жарияланған уақыттан бастап (Алматы, 2004) ол тілде «мәтін кітапханасында» тұрақталады. Бұл алдыңғы 1-ші дискурстың

соңы. Осы сәтке дейінгі дискурста автор мәтінінің (монографияның) креативтік нұсқасының қалыптасуы сипатталды деуге болады. Бірақ монография таралымға жеткен кезден бастап ол өзге тұтынушылар не дискурс қатысушыларына нақты мақсатта дискурс түзулерінде, яғни 2-ші дискурс үшін шикізатқа айналды. Ол жоғары мектептегі филология, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын дайындаудағы сабақ дискурсында қолданылып, студенттің кәсіби дискурсында өзектелінуде. Сондай-ақ қазақ тіл білімі проблемаларын зерделеудегі ғылыми дискурста белсенді пайдаланылып жүр. Осындай қолданысқа түсуде енді аталған зерттеу «мәтін кітапханасынан» «мағына кітапханасына» ауысып отыр. Бұл дискурста (2-ші дискурста) автор мәтінінің оқырман қабылдауындағы нұсқасы, яғни рецептивті нұсқасын сипаттаймыз. Біздің дәл қазіргі жағдайымызда автор мәтінінің екі нұсқасы да бір мәтінге (монографияға) қатысты болып тұр. Екеуі де оқырман тарапынан анықталады.

Біз зерттеуді оқып отырғанымызда ғалым «үнін» естиміз деуге болады. Бірақ бұл «үн» - құлақты тітіркендіру арқылы қабылданатын үн емес, оқырманның мәтінді оқып-түсіну барысындағы ішкі дауысы. Ол-оқырманның мәтіннің ақпараттық мазмұнын түсінудегі іштен оқу барысындағы дауысы. Мәтіннің ғылыми дискурс барысындағы рецептивті нұсқасының қалыптасуында оқырманның коммуникативтік міндеті, басқаша айтқанда, өзіне керекті ақпаратты алу қажеттілігі дискурстық әрекетіне түрткі болады да, ол оқырманның білімі мен танымына, қарым-қатынастағы психологиялық күйіне сай деңгейде ақпарат ұғынылады. Бұл монография мазмұнын түзудегі автордың коммуникативтік интенциясы мен аталған зерттеудің ақпараттық мазмұнын қабылдаған оқырман интенциясы бірдей сипатта болмайды. Тіпті сол монографияны пайдаланушылардың әрқайсысының қабылдауы мен түсінуі де бірдей болмайды. Бірақ бір тақырыптағы мәтін дискурстық әрекетке себеп болғаннан соң оқырмандарға ортақ сипат сақталады. Атап айтқанда, монография қандай тақырыпқа арналған, негізгі проблемалары қандай деген мәселелерде оқырмандардың бәрінің жауаптары

негізінен бір сипатта болады да, ал зерттеу нысанына алынған мәселе қалай талданған, өзге зерттеушілерден өзгешелігі неде типтес сұрақтарда оқырмандар жауабында алшақтықтар болуы әбден мүмкін. Осы ортақтыққа мүмкіндік беретін – дискурсқа қойылатын жалпы шарттар. Нақты атасақ, *ортақ тақырыптың болуы, тілдік бірліктің не грамматикалық кодтың және оның пропозициялы құрылымдарының ақпараттық мазмұны жағынан тең түсуі мен олардың дискурста қабылданатын мәтіндегі қайталанулары т.б.* Мысалы, «Абайдың сөз өрнегі» монографиясын қабылдаушы (оқырман) «Сөз басынан-ақ» автордың өзіне арналған «үнін», өзіне қарата арнайы айтылған сөзін естиді. Мәтіннен үзінді келтірсек: *«Бұл еңбекпен танысу үстінде оқырманнан мына ескертпелерімізге құлақ асуларын өтінер едік... Егер Абайдың классикалық биіктен көрінген тілі жайында жалтылай айтылған мадақ сөз емес, талдап-таратқан ғылым сөзі керек болса, оқырман қауымнан осы еңбекті соның бір үзгі деп қабылдауын қалаймыз».* Автор мәтінінің креативтік нұсқасын анықтауда қайталанатын құрылымдар мен ақпараттық мазмұндар рецептивтік нұсқада да ортақ көңіл аудартатын сипатта болады. Бұған мынадай мысалдарды атауға болады. Р.Сыздық өзінің оқырманына образдың эстетикалық өрісін (зонасын) түсіндіруде Абай шығармаларының мәтіні арқылы ақынның мәтін түзудегі креативтік нұсқасын анықтаған, бұған дәлел ретінде ғалымның төмендегідей тұжырымдарын келтіруге болады: *«Абай өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болуын қалағанда, ол поэзияның терең (көп) мәнді, аз сөзді болуын көздейді (біздің айырықшалауымыз К.С.), сондықтан сырттай әсерлі көрінетін қызыл сөздерден аулақ болу принципін ұстайды (біздің айырықшалауымыз К.С.). Осы себептен де дәстүрлі эпитеттерге әрдайым иек арту өзінің айтпақ ойына сай келмей, көп сөзділікке апаратынын Абай жақсы сезген (біздің айырықшалауымыз К.С.). ... Абай соны эпитеттерді молырақ ұсынады және ол эпитеттердің көркемдігі, әсерлілігі бұрынғылардан артық болмаса, кем еместігін біле тұрғанмен, кәнігі түрлеріне құлағы үйренген оқырманға жаңа эпитеттердің шу дегенде әсерлі болып естілмейтінін де сезеді.*

Сондықтан «көкірегі сезімді» оқырманға — «өлеңі бар өнерлі інілеріне» — өз поэзиясын «әсіре қызыл емес деп жүркенбеңіз, түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» - дейді». Бұл тұстағы айырықшаланған бірліктер ақын санасын зерттеушінің мәтін арқылы болжауын көрсеткенін айқындайды. Яғни, ақын осылай ойлап, соған сай бірлік қолданған деген ой берілген. Абай ақынның сөз өрнегін ғалым ақын туындыларының мазмұны мен таңдалған тіл бірлігінің сәйкестігін анықтаумен айқындаса, кейінгі дискурста ғалым түзген мәтінді оқырман ретінде біз интерпретациялаудамыз. Біз ғалымның тіл бірліктерін таңдауда автордың оны шартты түрде таңдамайтындығы мен қандай жағдайда да туындының оқырманын ескеріп құрылатындығын тұрақты еске салып отыратын қайталауларынан байқаймыз. Бұл зерттеу мәтінінің құрылымындағы қайталау оқырманның автормен байланысын қамтамасыз етіп отырады. Бұл қайталаулар қатарына мыналар жатады: *«...Сірә, ақындар өлең жазғанда (не бұрын ауызша толғағанда) етістіктерді ұйқасқа шығарайын ба, жоқ па деп ойламайды, бұл талғамды өлеңнің мазмұны мен ойды ұсыну мәнері шешеді»* немесе ... Абай бұл құбылыстың теориясын да, текст түзудің амалдарын да оқып білген емес, тіпті бұндай поэтикалық категорияның бар – жоғынан білім жүзінде бейхабар, ...оның үстіне оқырманның (тыңдаушының) символды түсінетін дәрежесімен де санасу керек. Ол үшін ақын қолданатын символдар халық санасында орныққан, көпшілік оқырманның құлағына қанық образдар болуы керек. Келтірілген үзінділер ғалымның өзіндік дискурстық тәжірибесінен көрініс береді.

Ғылыми дискурста ғалым Абайдың сөз өрнегін тіл білімі тұрғысынан талдағанда оның мәнмәтіні өткенді келешекпен сабақтастырудан көрініс тауып тұр. Дәлірек айтсақ, мәтін сапасында Абай туындылары кең ұғымда түсінуге келеді, ал дискурс сол мәтінді коммуникативтік жағдаяты мен мақсат-міндетіне сай нақты адресант пен адресат аралығында тұйықтайды, бұл тұйықталған кесінді студент пен оқушы аралығындағы сабақ дискурсында, ғалымдар арасындағы ғылыми дискурста не көркем дискурста болуы мүмкін. Қай жағдайда да дискурстық тәжірибе М.Бахтиннің мәндік

байланыс, яғни «факт — образ — үн» тізбегіне сай да көрінеді. Мұндағы факт, біздіңше, Абай өзгеше мағына арқалатқан тіл бірлігі болса, образ сол сөздердің өзара әсерінен көрінеді, ғалым сөзімен келтірсек: ...ерекше мағына немесе «мағыналық обертондар» сөздердің бір-бірімен арақатынасынан біріне-бірінің тигізетін әсерінен пайда болады да, жазушының (ақынның) айтпақ ойының үдесінен шығады. Үн — Абай шығармаларындағы ақын өмір сүрген дәуірдегі замана дауысы мен оны сөз етуші ғалымның зерттеу жүргізіп отырған тұстағы қоғам мен ондағы идеологияға сай үні, сонымен бірге әр оқырман үні.

Енді жоғарыда айтылған пікірлерді тұжырымдайық:

1) «Абайдың сөз өрнегі» — ғылыми дискурстың нәтижесінде туған мәтін, оның түзілуі көркем туынды мәтін мағынасының арнайы кәсіби маман санасында қабылданып, белгілі бір мақсатқа сай талдау нысанына айналып қайта түзілген түрі деуге болады.

2) «Абайдың сөз өрнегі» зерттеуі — Абайдың дискурстық тәжірибесін де, ғалым Р.Сыздықтың ғылыми дискурстық тәжірибесін де бейнелейтін мәтін. Сондықтан да ол өткенді келешекке тасымалдайтын, келесі айналымда дискурс түзуге мүмкіндік беретін материал.

3) «Абайдың сөз өрнегі» зерттеуінде ғалымның өзіндік ой-топшылаулары ақын шығармаларындағы тіл бірліктері арқылы немесе Абайдың дискурстық тәжірибесі арқылы оның сөз өрнегін тоқудағы креативтік нұсқасын анықтауға қол жеткізіп, соның барысында сол мәтіннің рецептивтік нұсқасын түзген.

4) Р.Сыздық зерттеу мәтініндегі дискурстық тәжірибе Абайдың дискурстық тәжірибесімен өріле отырып, Абайдың сөз қолданысын түсінуге ғана емес, оны бағалауға да мүмкіндік береді, дискурстық талдау жасауға үлгі немесе із бола алады. Оған нысанға алынған мәтіндегі мәтін талдау үлгілері, автордың, ғалым-зерттеушінің, оқырманның ойларының осы мәтінде бір сәтте өзектелуі жағдай жасайды.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

1. Жағдаяттық модельге қатысушыларды сипаттаңыз.
2. Ғылыми дискурс құрылымын атаңыз.
3. «Дискурстық тәжірибе М.Бахтиннің мәндік байланыс, яғни «факт — образ — үн» тізбегіне сай көрінеді» деген пікірге өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

II ТАРАУ. УАҚЫТ ҚАЗІРГІ КӨРКЕМ ДИСКУРС КАТЕГОРИЯСЫ РЕТІНДЕ

2.1 Көркем дискурс және «виртуалды шындық» проблемасы

Уақыт категориясы тілде көрініс табатын кеңістіктік-уақыттық континуумның ең маңызды категорияларының бірі болып саналады. Оны зерттеу лингвистикада ертеден басталған. Бірақ соған қарамастан дискурстағы уақыт проблемасы әлі де зерттеліп болмаған. Тілдегі уақыт категориясының жалпы және жеке мәселелері грамматикалық шақ категориясына қатысты толық зерттелді деуге болады, синтаксистік құрылымдағы етістіктің шақ формаларының қолданылуы морфологиялық жағынан жете талданды. Бірақ бұл зерттеулер уақыт категориясын сөйлем мен айтылым деңгейіндегі парадигмалық мағыналарды саралаумен шектелді. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап мәтін лингвистикасының қарқынды дамуы уақыт категориясын мәтін деңгейінде талдауға итермеледі. Осындай зерттеу нәтижелері мәтінде уақыт категориясын етістіктің шақ формаларының тек парадигматикалық мағыналары ғана емес, синтагматикалық мағыналары да құратындығын дәлелдеді. Мәтін лингвистикасына қатысты ғылыми зерттеулерде көркемдік уақыт категориясы біршама зерттелсе, бүгінгі тіл ғылымында дискурсологияның мәтін лингвистикасынан бөлінген сала ретінде мойындалуы, оның зерттеу мәселелерінің бірі сапасында уақыт категориясын көркем дискурста тануды талдауды туғызды.

Дискурс – негіз етіп өрбейтін нысаны адам болғандықтан қамтитын аясы өте кең кешенді ұғым. Н.Д.Арутюнова, Т.Милевская, А.К.Михальская, Н.Уэли, Г.Г.Бүркітбаева, З.Ш.Ерназарова, Д.Әлкебаева, Ж.Кеншінбаева, К.Садирова секілді тілші ғалымдардың еңбектерінен пайымдағанымыз дискурс дегеніміз – коммуниканттардың сөз жағдаятын ескере отырып шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік, аялық білімін, прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы коммуникативтік мақсатқа

орай өз тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге көшіруі, диалогқа түсу әрекеті [7,15]. Тіл білімінде дискурс проблемасын зерттеушілер анықтамаларына көңіл бөлсек, мынаған куә боламыз. Мысалы, П.Серио дискурс терминін төмендегідей анықтайды :

- «сөйлеу / сөз» түсінігінің баламасы, яғни кез келген нақты айтылым;

- өлшемі бойынша үстем фраза, бірлік;

- айтылымның хабарды қабылдаушыға айтылым жағдайын ескергендегі әсері;

- айтылымның негізгі түрі ретіндегі әңгімелесу (прагматика аясында) ;

- тіл бірлігін қолдану, оның сөйлеудегі белсенділенуі;

- әлеуметтік немесе идеологиялық шектелген айтылым типі, мысалы, әкімшілік дискурс, феменистік дискурс;

- мәтінді құру шарттарын зерттеуге арналған теориялық конструкт [8, 26-27-б.].

Т.А.ван Дейк дискурсты әлеуметтік мәдени әрекеттесудің маңызды құрастырушысы деп танып, оған қызығушылық, мақсат, стиль тән екендігін көрсетеді. Д.Шифрин дискурсты айтылым ретінде таниды, ондағы форма мен функцияның өзара байланыстылығын ерекше атап көрсетеді. Бұл анықтама бойынша дискурс тілдік құрылымдағы «сөйлемнен жоғары» бірліктердің бейтараптанған жиынтығы емес, тілді қолданудағы қызметі бойынша ұйымдасқан, контекстуальды бірліктердің тұтастықтағы жиынтығы [9].

Орыс тіл білімі зерттеушілерінен М.Л.Макаров дискурсты формалды, функционалды, жағдайлық интерпретация тұрғысынан сипаттайды [10]. Дискурсты тар мағынасында – «мәтін мен сөйлемнің» - «дискурс пен айтылымның» корреляциясын (бекітуші нүктелерін) анықтау деуге болады. Мәнмәтін дискурс белгісі ретінде зерттеушілер назарын айтылған мен нені айтқысы келгенін қарама-қарсы қоюға, соған сай қарым-қатынас жағдайына ерекше көңіл аударуға әкеледі. Дискурсты жағдайлық түсіну лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте былайша анықталады: «связный текст в совокупности с экстралингвистическими –

прагматическими, социокультурными, психологическими и другими факторами; текст, взятый в событийном аспекте; речь, рассматриваемая как целенаправленное, социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмах их сознания (когнитивных процессах)». Дискурс – это речь, «погруженная в жизнь» [с.136-137]. Зерттеулерде дискурс – мәтін терминін қосарлап қолданып, дискурсты тілдік ойлау үрдісі ретінде, ал мәтінді осы үрдістің өнімі, қорытындысы ретінде (А.И.Варшавская), сөйлеу мен мәтінді дискурстың екі аспектісі ретінде қарастырып тану да (В.В.Богданов) кездеседі. Мұнан байқағанымыз, қазіргі лингвистикада мәтін деп дерексізденген, формалды құрылымды түсінсе, дискурс деп мәтіннің экстралингвистикалық факторлармен байланыста ментальды үрдіс тұрғысынан түрлі сипатта өзектелінуі ұғынылады.

Қазақ тіл білімінде қазақ тілінде әзірленген зерттеулерде де осы пікірмен ұштасқан ойлар ортаға салынып жүр. Мысалы, профессор З.Ш.Ерназарова дискурс деп прагматикалық әлеуметтік, психологиялық факторлармен байланыста алынған мәтінді [12, 177-б.] түсінсе, Д.Әлкебаева прагмалингвистикалық зерттеудің негізгі мақсатын дискурс теориясы мен мәтін теориясы айқындайтынын, сондықтан прагмалингвистика дискурс, мәтін теориясының барлық проблемаларын қарастыруды өз міндетіне алатынын атай отырып, дискурстың көп мағыналы термин екендігіне тоқталады және «дискурс нақты айтылған сөз деген мағынамен сәйкес келеді, өзінің мағыналық-ақиқаттық мазмұнымен қоса экстралингвистикалық факторларымен жүйеленетін сөйлесімдерді айтады» [13, 17-19-бб.] деген тұжырым жасайды. Ж.Кеншінбаева: «Дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі» - десе, профессор Н.Уәли: «фреймі «автор», «сөз әктісі» - «адресат» және сөз жағдаяты (сөздің қандай ситуацияда айтылғаны) деген құрылымдардан тұратын коммуникативтік «уақиға» - деп түсіндіреді.

А.А.Кибрикше, дискурс дегеніміз – тілдік әрекеттесу үрдісі мен оның нәтижесі, мұндағы тілдік әрекет үрдісі дегеніміз -

коммуникация, ал тілдік әрекет нәтижесі – мәтін, сонда бұл ғалымның айтуынша, дискурс дегеніміз – коммуникация мен мәтін қосындысы. Г.Г.Бүркітбаеваша, дискурс дегеніміз – мәтін мен интеракцияға қатысушылар және коммуникативтік жағдаят қосындысы.

Дискурстың түрлері әртүрлі. Түрліше жіктеліп, түліше сипаттама беріледі.

Көркем дискурс не көркем шығарма дискурсы дегеніміз – лингвистикалық, когнитивтік, эстетикалық жазба кодтар арқылы көрініс беретін болса, көркем фильм дискурсының жанрына қарай мәтінде алдыңғы екі кодтардың тіл арқылы берілу мүмкіндігі сақтала отырып, үшінші эстетикалық код – экстралингвистикалық құралдар арқылы ғана көрініс береді. Ал көркем әдебиет дискурсы дегеніміз – өмір шындығын, табиғат көркін, жағдаятты, экстралингвистикалық жағдайды, бейвербалдық әрекеттерді, бүкіл болмысты тілмен жеткізу – оқырманмен диалогқа түсу, оқырманның авторды түсінуі, баяндалушы нәрсені қатесіз қабылдауы.

Қазіргі көркем дискурстағы уақыт пен кеңістік мәселелері мәтінде баяндалатын оқиғалардың бірізділігімен, уақыттық кезеңдердің қаттасуымен, сонымен қатар көркем уақыттың орындалу тетіктерін зерттеуден көрінеді.

Уақыттың грамматикалық категорияларының мәтіндегі қызметін талдау 70-жылдардан басталады, атап айтқанда бұл салада еңбек сіңірген ғалымдар: З.Я.Тураева, О.И.Москальская, М.П.Брандес, В.А.Спивак, Н.Д.Марова т.б. зерттеулерінде көрініс тапты.

Көркем уақыт көркем әдебиеттегі виртуалды шындықты жүзеге асырудың құралы болып саналады. Көркем уақыт жаңа сапада қарастырылады, ол етістіктің грамматикалық шақтарының парадигматикалық, синтагматикалық мағыналарының көрінісіне ғана сыймайды. Күні бүгінге дейін көркемдік уақыт категориясы мәтін аясында қаралып келді, бірақ ол виртуалды шындықпен сай келе бермейді. Сондықтан да мәтін мен дискурс тепе-тең түспейді. Лингвистикада дәстүрлі түрде мәтін екі мағынада ұғынылады:

1) табиғи тіл өнімі (алғашқы моделдеуші жүйе),

2) көркем шығарма туындысы (екінші моделдеуші жүйе).

Табиғи тіл алғашқы моделдеуші жүйе деп аталады, себебі тіл арқылы адам қоршаған ортаны таниды, шындық өмірдегі құбылыстарға, заттарға ат қояды. Көркем шығарма туындысы екінші моделдеуші жүйе деп саналады, өйткені ол объективті әлем мен авторлық ойдың шағылысуын бейнелейді. Көркем мәтін үшін табиғи тіл құрылыс материалы болып саналады. Тілдік таңбалар бұл сәтте семантикалық көп жоспарлылықты туғызатын мағынаның екінші коды болып саналады. Осыған сәйкес О.И.Москальская көркемдік мәтінді талдауда маңызды рөл атқаратын екі терминді ажыратады: *мазмұн жоспары* мен *мәтін мәні*. А.В.Бондаркоға сілтеме жасай отырып О.И.Москальская мазмұн жоспары түсінігіне мәтіндегі тілдік бірліктер мағынасының өзара әрекеттесуінің нәтижесі кіреді деп түсіндіреді, ал мәтін мәні – мәтіннің мазмұн жоспарының мәнмәтіндік, жағдаяттық, энциклопедиялық ақпараттарының байланысуынан тұрады. О.И.Москальскаяның пайымдауынша, көркем мәтінді талдауда оқырман үшін маңызды орынды *энциклопедиялық ақпарат* алады, әрі ол ақпарат оқырманның фондық біліміне, әлеуметтік, мәдени, білім деңгейіне, яғни тезаурусына тәуелді болады. Осы тезаурус оқырман санасында сөз түзудегі ассоциативтік қатарды анықтайды. Көркем уақыт проблемасы қазіргі когнитивтік лингвистикада дискурс деңгейінде қарастырылады. Көркем мәтінде лингвистикалық емес құбылыстар тыс қалады, ал дискурста лингвистикалық емес құбылыстар (әлем туралы білім, өзіндік пікір мен көзқарас, мақсат) ескеріледі.

Көркем дискурс пен виртуалды шындық қалай сәйкеседі? Бір қарағанда бұл екі түсінік мүлдем байланыспайтын тәрізді. Өйткені виртуалды шындық адамдар санасында компьютермен байланысты түсініледі. Виртуалды шындыққа сөздіктерде берілген анықтамаларға көз салсақ, бұл ойдың уәжділігіне куә боламыз: 1) орта ғасырда латынның *virtualis* – мүмкін, ықтимал және *realis* – заттық, дәлірек айтқанда, мүмкін, ықтимал заттық деген мағынаны білдіреді, дисплейдің не монитордың экраны арқылы көрінетін,

компьютерлік техника құрылғысымен жасалатын, бейнеленген әлем 2) мүмкін, нақты жағдайларда пайда болатын нәрсе, компьютерде ғана көрінетін, физикалық күйі жоқ, тек логикалық нәрсе. Осыған қатысты туындайтын сұрақ мынадай: көркем дискурстың виртуалды шындығы туралы филологиялық аспектіде талдау дұрыс бола ма?

Компьютер әлемінде виртуалды шындық деп нақты заттар мен әрекеттердің компьютерлік нұсқасы аталады. Компьютердің виртуалды әлемі – шындық өмірдің аналогы. Барлық виртуалды әрекеттесулер – шынайы әлеуметтік әрекеттесудің аналогы болып саналады. Сондықтан да түсіндірме сөздікте виртуалды мен виртуалды шындық терминдеріне мынадай түсінік берілген: «Виртуалды – логикалық, физикалық күйге түспеген, немесе тек компьютерде көрінетін нәрсе, ал виртуалды шындық компьютер көмегімен (дыбыс арқылы, көру арқылы, тактильді сезім көмегімен) шынайы жағдайдың имитациялануы». Дегенмен, *виртуалды* мен *виртуалды шындық* терминдерін тек компьютермен сабақтастырып түсіндіру дұрыс болмайды, себебі бұл түсініктер компьютер ғасырынан әлдеқашан бұрын пайда болған. Виртуалды термині ХІ ғасырда философияның басты категорияларының бірі сапасында түсіндіріліп қолданылған. Бұл термин антикалық философияда да, орта ғасыр философиясында да, жаңа ғасыр философиясында да кеңінен қолданылады. Антикалық философияда *virtus* – ең дана адамға тән жоғары қасиет саналған. Сигер Брабантский (атақты схоластикалық философ) адамның психикасы мен тәні арасындағы сәйкестік мәселесін шешуде виртуалдыны жоғары бағалайды, ең жоғары қабілетке жатқызады. Өз сөзімен келтірсек: «Ибо разум, от которого исходит мышление, есть высшая способность (*virtus*) человека и свойствен человеку». Көріп отырғанымыздай, виртуалды – ойлауға мүмкіндік беретін ақыл. Көркем туынды да, көркем дискурс та адам сезімінен, ақылынан туындайды.

Қазіргі виртуалды сөзінің түсінігіне жақын ұғым Гегель ілімінде көрініс тапқан. Гегель виртуалды терминін шынайы өмірдің идеалды формасын таңбалайтын мүмкіндік болмысы сапасында қолданады. Өз сөзімен келтірсек: «Идеальность есть

отрицание реального, но при том такое, что последнее в то же время сохраняется, виртуально содержится в этой идеальности, хотя и не существует больше». Жоғарыдағы пікірде айтылғандай, ол өзі жоқ шындықтың сақталуы түрінде болады. Басқаша айтқанда, дискурстың көркем әлемі де шындықты виртуалды сақтап тұрады.

«Виртуалды» термині «виртуалды шындық» тіркесінде орта ғасырдағы Дунс Скоттың логикасына сай түсіндіріледі. Оның теориясының негізі – виртуалдылық болды. Д.Скоттың түсіндіруінше, зат туралы түсінік өз бойында эмпирикалық заттарды формалды ұстап тұрмайды, оны өзіне виртуалды енгізеді. Осы арқылы шындықтағы зат пен оның түсінігі бірінен-бірі ажырайды.

«Виртуалды шындық» терминінің қазіргі түсінігі 1991 жылы РФА-сының Адам институтының виртуалистика зертханасында қалыптасты. Виртуалистиканы кейде кибернетика мен генетика ғылымдарына ұқсатып, ғылым деп түсінушілік бар. Бірақ виртуалистика ғылым деп саналмайды. Виртуалистика-әртүрлі шындық типтерінің қатарласа өмір сүруіне негізделген, бір-бірімен түйіспейтін, кез келген ғылым саласында пайдалану мүмкіндігі бар онтологиялық тұрғыдан зерттеу жолы, аспектісі. Бұл лингвистикаға да виртуалистиканы пайдалануға мүмкіндік береді, сондықтан да көркем дискурстың ойдан туған әлемі көп деңгейлі *виртуалды шындық* деп саналады.

Виртуалистика аясында виртуалды шындық мәселесін зерттеуші Н.Носов виртуалды шындықтың табиғатына тәуелсіз мынадай өзіндік ерекшеліктерін бөліп көрсетеді: *туындайтындығы, өзектілігі, автономдылығы, интерактивтілігі.*

Виртуалды *шындық туындайды*, өйткені ол қандайда бір басқа шындықтың белсенділігіне сай түзіледі. Виртуалды шындық *өзекті*, себебі оны туғызатын сыртқы шындық белсенді болғанда ғана ол «*қазір және енді*» дегенге сай орындалады. Виртуалды шындық *автономды*, дербес, өйткені оның өзіне тән уақыты, кеңістігі және өмір сүру заңдылығы бар. Сондай-ақ виртуалды шындық интерактивті, өйткені ол онтологиялық

жағынан туындауы бұған тәуелсіз өзге шындықтармен әрекеттеседі.

Виртуалистиканың негізгі категориялы оппозициясын «виртуалдылық» - «константтылық» құрады, ал философияда бұл оппозицияны «виртуалдылық» - «субстанциялық» түзеді.

Константты шындық дегеніміз – виртуалды шындықты туғызатын, соған негіз болатын шындық. Бірақ бұл категориялардың онтологиялық жағынан деңгейлері өзара қатысты анықталады: виртуалды шындық өзінен жоғары деңгейдегі виртуалды шындықты туғызады, ол сол кезде өзі түзуге негіз болған шындық үшін константты шындық болады. Сондай-ақ бұл керісінше болуы да мүмкін: виртуалды шындық өзін түзуге негіз болған константты шындықта «өлуі де» не жойылуы да мүмкін, бұл кезде ол өзінің константты шындығының элементіне айналады, сол кездің өзінде де бұл өзінің константты шындығына қатысты виртуалды шындық деңгейінде қалады. Біз өз жұмысымызда константты шындық деп объективті шындықты танимыз, ол өзінің болмысын көркем дискурста бейнелеген, ал виртуалды шындық деп константты объективті шындықтан түзілген көркем дискурс шындығын айтамыз. *Көркем дискурстың виртуалды шындығы өзекті, өйткені ол бір туындының не көркем шығарманың бойында ғана өмір сүреді, және ол автономды, себебі өзіне тән уақыты, кеңістігі бар, өз заңдарына бағынады, интерактивті, себебі объективті әлеммен, автор әлемімен, оқырман әлемімен әрекеттеседі. Көркем дискурстың виртуалды шындығы мынадай одан кейінгі виртуалды шындықтарды туғызады: түс көру, еске түсу, армандау, қиялдау, көз алдына елестету т.с.с.* Виртуалистика тілімен айтқанда біз көркем дискурстың виртуалдануы туралы сөз қозғаймыз. Егер информатикада виртуалдану деп компьютер көмегімен виртуалды кеңістікке шынайы кеңістікті сыйғызу аталса, виртуалистикада виртуалдану деп шындық болмыстың кез келген образ арқылы (компьютерлік техниканың көмегі міндетті емес) виртуалды шындық логикасына сай орналасуы аталады. Бұл жерде тілге тиек болып отырған сипаттар: *әсердің материалды, яғни заттық болмауы, бірақ заттық әсермен тең түсетін әсер*

туғызады, өлшемнің шарттылығы (объектілер жасанды және өзгертуге келеді), эфеөлшемділігі (кіріп/шығу еркіндігі, дәлірек айтсақ, *құрылған әлемді ұзу не қайта құру мүмкіндігі мол*).

Бұл көзқарасты, нақты айтсақ, көркем дискурс виртуалдылығы туралы көзқарасты лингвистердің барлығы бірдей қолдай бермейді. Мысалы, неміс тіліндегі көркем прозаның виртуалды шындығын құру проблемасымен айналысушы А.В.Челикова *негізгі, базалық хабарлама* виртуалды шындық болып табылмайды деп есептейді, ол фикцалды болады деп санайды. Автор виртуалды шындық деп мәтіндік құрылымның феноменін түсінеді, ол өзінде *фикцалды* шындықтың ерекше түрінің транспозициясын бейнелейді деп санайды. А.В.Челикова виртуалды үзіктерге *айтылғанды еске түсіруді, түсті, өтірікті, ішкі монологты*, тағы басқа осы тәрізді рефлексияны жатқызады. Ол өз зерттеуінде Ф.де Соссюрдің және Мәскеу-Тарту формалды мектеп өкілдерінің қолданған «*фикцалды шындық*» және «*виртуалды шындық*» терминдерін пайдаланған. Фикциалды шындық құрылымында виртуалды шындық сипатталатын шындық деп саналады, базалық хабарламаға (фикцалды шындыққа) қатысты алғанда екінші деңгейдегі, сол мәтін ішінде ойдан шығарылған, шындықта жоқ, субъективті шындық деп түсіндіреді. Біздіңше, бұл шындыққа толық жанаспайды, өйткені жоғарыда аталған «ойдан шығарылғандық, шындыққа сай келмеу, субъективтілік» көркем туындының виртуалды элементтерін ғана сипаттамайды, фикцалды шындыққа да тән болып келеді.

Дискурстың көркемдік әлемі көп деңгейлі виртуалды шындықтан құралады, онда базистік не нағыз уақыт бірінші деңгейлі виртуалды шындық болып саналады, ретроспективтік және проспективтік қозғалыстар нәтижесіндегі виртуалды шындықтың кейінгі деңгейлерін екінші, үшінші т.с.с. туғызады.

Көркемдік уақыттың жүзеге асуы дискурстың темпоралды құрылымының заңдылығына сәйкестенеді, екі жақты негізделеді: көркемдік уақыт объективтік шындықтың уақыттық моделін бейнелейді, бірақ автордың идеологиялық ұстанымы мен психологиясына, стилистикалық шешіміне

тәуелді көркемдік әлем заңына бағынады, сонымен бірге оқырман қабылдауына тәуелді.

Көркем дискурс деңгейінде етістіктің шақ формалары шынайы уақытпен байланысын жояды, айтылымның айтылған сәті оқиғаның уақыттық тіркелім нүктесі болып көрініс табады да, көркем дискурстың жасанды шындығына сай келеді, яғни оқиғалар желісінің бірізділігіне сай келеді, оларға жана мағына жүктеледі. Етістіктің шақ формасының біреуімен берілген мағына екіншісін жоққа шығара алмайды, өзара сәйкестендіреді. Шақ формаларының семантикасының күрделілігінде көркем дискурс деңгейіндегі уақыт категориясының ерекшеліктері көрініс табады.

Көркемдік уақыттың осы шағы, өткен шағы, келер шағының уақыттық алмасуының орындалуының экспрессивтік мүмкіндігі автордың және кейіпкерлердің ішкі жүйесінің уақыттарының бірінің орнын бірі ауыстыруы мен түрленуі нәтижесінде етістіктің шақ формаларының қиылысуына не тоғысуына әкеледі.

Көркем дискурстың уақыт категориясының негізгі континуумы – *ретроспекция* мен *проспекция*. *Ретроспекция* латынның *retro-* кейін, *spectio-* бақылау деген сөзінен шыққан, өткен оқиғаларды шолу, өткенге оралу деген мәнді білдіреді. Ал *проспекция* мен *ретроспекция*, бір жағынан, көркемдік уақыттың бірсызықтығы мен үздіксіздігін бұзады, екінші жағынан, дискурстағы көркемдік уақыттың көпөлшемділігін жүзеге асыра отырып, маңызды композициялық қызмет атқарады.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

1. Көркем дискурс не көркем шығарма дискурсы дегеніміз не?
2. Көркем әдебиет дискурсы дегеніміз не?
3. Көркем дискурстағы виртуалды шындықты қалай түсінесіз?
4. Константты шындық түсінігін сипаттаңыз.

5. «Дискурстың көркемдік әлемі көп деңгейлі виртуалды шындықтан құралады» түсінігіне көзқарасыңызды білдіріңіз.

2.2 Уақыт категориясының философиялық, физикалық және лингвистикалық аспектісі

Уақытты философиялық аспектіде түсінудің іргесі Аристотель, Августин, Ванников, Гуреевич, Кант, Рейхенбах, Спиркин, Фромм, Хайдеггер, Эйнштейн еңбектерінде қаланса, тіл білімінде уақыт категориясы Артюнова, Меновщиков, Полянский, Потаенко, Рябцева зерттеулерінде талданды. Бұлар уақытты үш түрлі түсініктің арақатысымен қарастырды: *адам – оқиға – уақыт*. Бұл тізбекте *уақыт адам үшін оқиғалардың дамуы мен алмасуы* деп түсінілді. Құбылыстар мен оқиғалар ұзақ уақытқа созылады, олардың даму кезеңдері болады, олар не қатарласа өтеді, не бірінен соң бірі болады. Осы құбылыстар мен оқиғалардың алмасу кезеңі уақыт құрылымын береді. Канттың айтуынша, уақыттың өзін қабылдау мүмкін емес. Құбылыстардың, оқиғалардың алмасуын, не дамуын ғана қабылдау мүмкін. Қалыпты санада уақыт дерексізденбейді, адамзат әрекетінің мазмұнымен бірігеді, адамдардың өткені мен қазіргісіне, болашағына беретін эмоциялы бағасынан көрініс табады. Бұл туралы Рябцева былай деп жазады: «Оқиғаларды хронометриялық, хронографиялық, хронологиялық жолмен, яғни күн жадының көмегімен тіркей отырып, оларды фактіге айналдырады, оларға белгілі бір нақтылық сипат береді, уақыт оқиғалар мен құбылыстарды өлшеу бірлігіне айналады, олардың ұзақтығын, жиілігін, жылдамдығын өлшейтін өлшем бірлікке айналады».

Тілдік уақытты зерттеу «жағдай, оқиға» түсінігімен байланысты, ол мынадай уақыттық өлшемдерге ие болады: ұзақтығы, басқа оқиғаларға уақыттық қатынасы, жиілігі т.с.с. Оқиғаны нарративті мәтіннің негізі ретінде анықтаған Бал, Барт, Бенвенист, Вайнрих, Ван Дейк, Гак, Гальперин т.с.с. ғалымдардың зерттеулерінде нарративті мәтін деп тарихты баяндайтын уақыттық құрылымға ие мәтін танылады, тарих

түсінігі оқиғалар желісін білдіреді, бастапқы оқиғаның уақытта өзгерісі талданады.

Тілдік уақытты талдауға арналған зерттеулер етістіктің шақ формаларының уақыттық қатынасты білдіретін өзге де құралдардың өзара әсерлесіп үндесуін қарастырады.

Қазіргі уақытта тілдік уақытты зерттеудің үш дербес категориялары бөліп көрсетіліп жүр:

1) «*темпус*» категориясы (*етістіктік уақыт*), абсолюттік уақыт парадигмасын білдіреді, оның қызметі – айтылым уақыты мен оқиға уақытын сәйкестендіру;

2) «*таксис*» категориясы, шақ формаларының парадигмасымен беріледі, шылау сөздермен тіркесе отырып, әрмезгілдік оқиғаларды білдіру үшін оппозиция құрады;


3) «*хронос*» лексика-семантикалық категориясы, уақыт пен уақыттық қатынас уақыт семантикасына ие лексикалық құралдар көмегімен беріледі. Хронос бірлігі – *хрононим*. Хрононимға біртұтастықтағы көп компонентті құрылым жатады, ол өзінің құрамына түрлі комбинациядағы зат есімдерді, демеулік шылауларды, сан есімдер мен сын есімдерді, үстеулер мен есімдіктерді енгізеді. Хронос категориясының қызметі – оқиғалар хронологиясын жасау, ол, біздіңше, мәтіндегі барлық оқиғалардың уақыттық өлшемдерінің арақатынасы ретінде қарастырылады. Тілдік уақыт категориясының құрамы 1- сызбада берілді.

Хрононимдер – мәтіндегі лексикалық хронологиялаудың құралы сапасында қызмет ететін лексикалық бірліктер. Хрононимдер көмегімен реципиенттер оқиғалардың қандайда бір уақыт шкаласымен сәйкестігін анықтайды, мысалы, күнтізбелік шкала бойынша бір оқиға өзге бір оқиғадан ілгері болды ма, не кейін болды ма, ол қанша уақытқа созылды, қашан басталды, қашан аяқталды, қайталау орын алды ма, болмаса тек бір рет болды ма дегендерді анықтайды.

Хронос атқаратын қызметтерінің сипаты жағынан таксиспен ішінара сәйкестенеді: екі оқиғаның бірмезгілдістігі мен әрмезгілдістігін саралайды. Бірақ таксис құралдары шылаулардың, үстеулердің көмегімен бірмезгілділік пен әрмезгілдікті көрсетсе, хронос құралдары тұтас мәтіннің

уақыттық хронологиясы шегінде оқиғаның уақыттық референциясын жүзеге асыру үшін қызмет етеді.

1-сызба. «Тілдік уақыт» категориясының құрамы.



Сұрақтар мен өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар:

1. Уақыттық өлшемдерді атаңыз
2. Тілдік уақыттың дербес категорияларын сипаттаңыз
3. Хрононимдер және олардың атқаратын қызметі туралы баяндаңыз.

2.2.1 Уақыттың «хронос» категориясының оппозициялық жүйесі

Тілдік уақыт аясында уақыттық субкатегория ретінде хроностың семантикалық оппозициялар жүйесі қарастырылады. Ол жүйе мынадай жұптардан тұрады:

Сызықтық және циклдік уақыттың бинарлы оппозициясы адам санасындағы уақыт туралы екі қарама-қарсы түсінікке негізделеді. Хрононимдердің циклділік пен сызықтық белгілері бойынша саралануы олардың құрамындағы зат есімдердің лексикалық мағынасына тәуелді. Хрононимдер құрамына кіретін зат есімдер және циклдік уақыт семантикасына ие хрононимдер, *апта күндерінің атауы, жыл мезгілдері мен ай атаулары, мереке және тәулік атаулары, бір жылдағы күн жады, уақыт циклінің 24 сағаттық бөліктерінің, сондай-ақ күнтізбелік құрамдас бөліктерінің атаулары микропарадигмаға жатады. Мысалы, қыста әр жексенбі сайын отбасымызбен сырғанақ тебуге барамыз* деген сөйлемдегі *қыс, жексенбі* деген зат есімдер микропарадигмаға жатады, бірі жыл мезгілінің бірінің атауы болса, екіншісі апта атауы, ол екеуі де жыл сайын, бірі апта сайын қайталануы арқылы адамның *уақытты циклді қабылдауына* қатысады.

Сызықтық уақыттың семантикалық белгісіне ие хрононимдер құрамына оқиғалар атауының микропарадигмасындағы атаулар енеді, бұлар тіл тұтынушысына қатысты маңыздылығына, өзектілігіне байланысты уақыт осінде уақыттық маркер сапасында таңдалады, сонымен қатар бұлардың қатарына адамның физиологиялық даму кезеңдерін бейнелейтін зат есімдер жатады. Мысалы, дүниеге келген сәттен бастап өлгенге дейінгі кезең атаулары, өмір жолын әлеуметтік-бағдарлық бөлу мен оның дамуы. Мысалы, *жағың түспей жамандық көрме* дегенді алсақ, осы тіркестегі *жағың түспей* деген тіркесте уақыттық мағына жоқ, бірақ осы қолданыста адамның сызықтық уақыт осінің бір кезеңінің атауы, маркері болып тұр, яғни, *өмірінің соңғы кезеңі, кәрілік кезеңі*.

Белгілілік пен белгісіздік уақытының бинарлы оппозициясы уақыттың белгілілігі мен белгісіздігін көрсететін семантикалық белгілеріне негізделеді.

Хронопунктураның, хронологияның, хронометрияның тернарлық оппозициясы нарративті мәтіндегі хрононимдер қызметіне негізделеді, бұл кезде мәтіндегі хрононимдер функциясы предикат семантикасымен анықталады, дәлірек


айтсақ, хрононим предикаттың уақыттық атрибуты болып табылады.

2-сызба. Хронометрия (оқиғаның созылыңқылығы).




Ол өз баяндамасын әлі оқып жатыр деген сөйлемде оқиғаның уақыты созылыңқы, ол үстеу мен күрделі етістіктің тіркесінен болып тұр.

3-сызба. Хронопунктура (оқиғаның уақыт осіндегі орны, күн жады, уақыты)



Хронопунктур қызметі уақытты абсолютті көрсетеді, ол баяндауыш мағынасымен үстемеленеді де, бірсәттік әрекетті көрсетеді. Мысалы, *көзді ашып-жұмғанша өте шықты* немесе *есік ашылып, сырттан енген ауаның әсерінен жер стол үстіндегі май шам жалп етіп сөнді де қалды*.

4-сызба. Хронология (бір-біріне қатысты оқиғалардың бірмезгілде не бірінен соң бірінің өтуі)




Есік ашылды да, сырттағы кісілер үйге кірді деген сөйлемде оқиғалар бірінен соң бірі болса, *Самал кітап оқып, Асқар сурет салып отыр* деген сөйлемде оқиғалар бірмезгілде болып жатыр.

«Хронология» қызметі аясында тернарлық ілгері, бір мезгілдес, кейін оппозициясы құрылады. Ол оқиғалардың уақыттық желісіне сай келеді. Д уақыттық желісі уақыттағы оқиғаны өзге оқиғамен қатысты алғанда шектейді, В оқиғасы орталық орынды иеленеді де, сол арқылы «есептеу нүктесінің» қызметін атқарады, ал А оқиғасы В оқиғасымен параллель де не ілгері не кейін өтуі ықтимал. Мысалы, *Алматыға келгеніме* (В

оқиғасы) *бір ай өткен соң ауылдан хат алдым* (А оқиғасы) деген сөйлемде бір ай өткен соң хрононимі Алматыға келу әрекетінің хат келу әрекетіне қатысты алғанда «есептеу нүктесі» болып тұр, әрі ол әрекет кейін орындалып тұр: $A < B$. Егер алдыңғы мәтінді толықтырсақ, мынадай тізбек аламыз: $A < B < Ж < З < C$. *Алматыға келгеніме* (В оқиғасы) *бір ай өткен соң ауылдан хат алдым* (А оқиғасы). *Хаттағы хабарды оқи сала, дәріханаға барып* (Ж оқиғасы) *анама қажетті дәрілерді сатып алдым* (З оқиғасы). *Енді ауыл жүргіншілерін кездестіруім керек* (С оқиғасы). *Ал Есіктен мен де кірдім* (А оқиғасы), *телефон да шырылдап қоя берді* (В оқиғасы) дегенде екі оқиға бір мезгіл ағымында орындалады: $A = B$

Өткен шақ, осы шақ, келер шақ тернарлық оппозициясы А уақыттық тізбегіне не желісіне сай келеді. Ол сондай-ақ хронология қызметі шегінде хронопунктура, хронология, хронометрия тернарлық оппозициясында қалыптасады.

5-сызба. А уақыттық тізбегі.



Өткен, осы, келер шақ мағыналары, негізінен, төл сөздегі хрононимдерге тән болып табылады. Мысалы, ... Дайыр мен оның жолдастары қатар үн қосып:

- Тоқта, түспе!


- Бізді алып өт!

- Алдыңғылар төлеген ақшаны біз де төлейміз! Асығыс, тез жұмысымыз бар, көмек ет! Алып өт бізді! – десіп, қайықшыларды қамап дабырласып тұр (М. Әуезов таңдамалы шығармалар) деген мысалды алсақ, *үн қосып* бұрынғы өткен шақ формасында тұрса, *төлейміз* ауыспалы келер шақ мағынасында, *тұр* нақ осы шақ мағынасындағы хрононимдер.

Бұл хрононимдер нарративтік режимдегі мазмұндауда да қолданылады. Ол кезде оқиғалар мәтіннің түзілген сәтіне (А уақыттық тізбегі) бағдарланбайды, өзге оқиғаға қатысты «осында және қазір» дегенге бағдарланады (Д уақыттық тізбегі). Мысалы, ... *Есентайлар қайта келгелі* (В оқиғасы, әрі «есептеу нүктесі»), *байдың қорасы жан-жаққа бұлан-талан кісі жүгіртіп, асығыс әрекетке кірісіп, әлекке түсті* (А оқиғасы). *Ал бер жақ жасада тыным таппай құғыншылар жүр еді* (С оқиғасы) (М. Әуезов таңдамалы шығармалары). Сонда $B < A = C$. Егер ашып айтсақ, А оқиғасы В оқиғасынан кейін, ал А оқиғасы мен С оқиғалары бір мезгілде орындалған.

Оқиға уақытының созылыңқылығы бинарлы оппозициясы (кодтау сәтіне дейінгі және шексіз оқиға) басталуы белгілі // оқиғаның аяқталу уақыты белгілі оқиға уақытының созылыңқылығы (кодтау сәтіне дейінгі және шексіз оқиға) хронометрия қызметі аясындағы хрононимдердің қарама-қарсылығынан көрінеді.

6-сызба. Басталуы белгілі оқиғаның уақыт созылыңқылығы.



Қазақ тілінде басталуы белгілі оқиғаның уақыт созылыңқылығының маркері *шылау сөздерден, мезгіл үстеулерінен* тұрады. Мысалы, *Таңның атысынан тыным таппады*.

Сондай-ақ аяқталу уақыты белгілі оқиғаның уақыт созылыңқылығы да арнайы хрононимдермен беріледі. Мысалы, *Күн батқанша жұмыс тоқтамайды. Жұмыс уақыты 5-ке дейін*.

7-сызба. Аяқталу уақыты белгілі оқиғаның уақыт созылыңқылығы.



Бір мәрте не көп мәрте қайталанатын оқиғалардың уақытының бинарлы градуалды оппозициясы хронопунктур қызметі аясында сәйкестенеді де, қайталанатын белгілеріне негізделеді.

Көп дүркіндік оқиға мынадай хрононимдер көмегімен беріледі: *қайта-қайта, дүркін-дүркін, жиі, баратын* т.с.с.

Бір мәрте қайталанатын оқиғалар хрононимдері қатарына мыналарды жатқызуға болады: *анда-санда, ырабайда бір, жол түскенде* т.с.с.

Хрононимдер құрамына қарай екіге бөлінеді: 1) бір сөзді хрононим, 2) гетерогендік хрононим, әртүрлі сөз табына жататын лексикалық бірліктер тіркесінен жасалған хрононимдер.

Хрононимдердің функциялы семантикасын есепке ала отырып, олардың семантикалық оппозициялар жүйесін топтап көрсетуге болады. Бұл «хронос» категориясының жеке категория екендігін дәлелдейді, оның құрамдас элементтерін де жинақтайды.

Дискурстағы уақыттың ұйымдастырылуында жоғарыдағы хрононимдер мынадай қызметтерді атқарады:

- когезия құралы қызметін атқарады, бұл кезде хрононимдер алдыңғы баяндалған оқиғаларға сілтеме жасауға сүйеніледі, негізінен, сілтеу есімдіктері жұмсалады;

- нарративті мәтінді, дискурсты актуалды мүшелуеу құралы қызметін атқарады, хрононимдер сөйлем басында уақыт көрсеткішінің маңыздылығы мен өзектілік деңгейін ерекшелеп көрсетеді, бір жағдаятты екінші жағдаятпен салыстырмалы түрде алғанда саралау қызметін атқарады;

- сөйлемнің басқы шенінде тақырыптың алмасуының белгісі сапасында көрінеді.

Жоғарыда баяндалғандай, хронологиялық құралдар оқиға, әрекеттің бір-біріне қатысты алғанда бір мезгілдес не бірізді өтетіндігін ғана көрсетпейді, бар мәтіннің және дискурстың бойындағы уақытты реттейді.

Қорыта айтқанда, хрононимдер уақыттың «хронос» категориясына біріге отырып, бинарлы және тернарлық оппозиция түзеді, олардың әрбірі функциялы семантикаға ие, басқаша айтқанда, оқиғаны хабарлау барысындағы түрлі уақытты көрсетеді, сонымен бірге тұтас хабардың уақыттық қамтамасыз етілуін қанағаттандырады. Хрононимдердің функциялы семантикасы сөйлем предикатының семантикасымен ұштасады, соған тәуелділікте көрінеді.

8-сызба. «Хронос» уақыт категориясының қызметі мен семантикалық оппозициясы.



Сұрақтар мен өзін-өзі бақылау тапсырмалары:

1. Сызықтық және циклдік уақыттың бинарлы оппозициясын сипаттаңыз.

2. Хрононимдердің құрамына қарай түрлерін ажыратып сипаттаңыздар.

3. Дискурстағы уақыттың ұйымдастырылуында хрононимдердің атқаратын қызметін сипаттап, мысалмен дәлелденіздер.

2.3 Уақыт және темпоралдылық

Уақыт барлық заттар мен материалдық әлемдегі үрдістердің бәрінің ажырамас бөлігі болып саналады. Сонымен қатар уақыт – адам өмірі мен адам санасының да ажырамас бөлігі. Уақыт проблемасын зерттеу өз бастауын өте ескі замандардан таратады. Әсіресе, уақыт проблемасы философтарды қатты қызықтырды. Бірақ уақыт проблемасына табиғи құбылыстарды зерттеумен айналысатын жаратылыстану ғылымдарын зерттеушілер ең алғаш назар аударды. Уақыт категориясын, атап айтқанда, оны өлшеу проблемасына физика ғылымы көңіл бөлді. Ньютонның, онан кейінгі Эйнштейннің жаңалығы уақытты зерттеу теориясының негізін салды. Әлемді жаратылыстану ғылымдарының негізінде танудағы жетістіктер мен талдаулар уақыт, кеңістік, қозғалыс тәрізді іргелі түсініктердің негізделуіне сүйенілді.

Уақыт категориясы лингвистикада грамматикалық категория сапасында қарастырылып зерттелді. Аталған проблема А.В.Бондарко, Г.А.Золотова, М.В.Всеволодова және функционалды грамматика саласында зерттеу жүргізген ғалымдар еңбектерінде қарастырылды. Кейінгі кездегі зерттеулерде ғана уақыт категориясы когнитивтік категория, мәдени концепт ретінде, яғни әлемнің тілдік бейнесінің элементі сапасында, белгілі бір халықтың лингвомәдени білімін құраушы санатында қарастырылып жүр. Бірақ уақыт категориясын лингвомәдени аспектіде талдау, оның тілдік және мәдени ерекшеліктерін қабылдау мен бейнелеу, уақытты категориялау мен оны жүзеге асыру лингвистикалық зерттеулерде үзіктік сипатта ғана көрініп жүр, жалпыламалық сипаты басым. Атап айтқанда, бұл С.Ю.Степанов, Н.Д.Арутюнова, Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелев т.с.с. зерттеушілерде кездеседі. Уақыт

категориясын зерттеудегі маңызды өзгеріс лингвистиканың антропологиялық парадигмада зерттеле бастауы болды. Осы бағыттағы зерттеулер нәтижесінде тілдік тұлға проблемасы (Караулов), адамның тілге әсері, әлемнің тілдік бейнесі мәселелері белсенді зерттеле бастады. В.Гумбольдтың идеясына сүйене отырып, Сепир-Уорфтың лингвистикалық қатыстылық болжамына негіздеп, бүгінгі лингвист-ғалымдар тіл мен адам туралы біртұтас теория жасауға ұмтылуда. Тілдік сана мен әлем бейнесі туралы ойлар Ю.Д.Апресян, Г.В.Колшанский, Е.С.Яковлева, И.Б.Левонтина, Е.Урысон, А.Д.Шмелев т.б. зерттеулерінде қалыптасты. Тілдік материалдар негізінде әлемнің тілдік бейнесін мәдениеттану аспектісінде талдау Вяч.Вс.Иванов, В.Н.Топоров, В.В.Колесов еңбектерінде қарастырылған. Әлемнің тілдік бейнесі метафоралар мен түрлі троптардың қолданылуын талдау негізінде В.Н.Телия, Н.Д.Арутюнова, Н.Г.Брагина жұмыстарында орындалса, осы бағыттағы кей ғылыми зерттеулер типологиялық сипатта орындалған: әлемнің славяндық тілдік бейнесі (Н.И.Толстой, С.М.Толстая, С.Е.Никитина, Т.М.Николаева, О.Н.Трубачев), әлемнің балкандық моделінің лингвистикалық негіздері (Т.В.Цивьян, балто-славяндық моделі (Вяч.Вс.Иванов), германдық моделі (Т.П.Топоров). Бұл зерттеулерде өткенді реконструкциялауға ерекше көңіл бөлініп, халықтардың әлемнің ұлттық ерекшелікке ие тілдік бейнесін түсінуге және түсіндіруге ұмтылған. Бұл зерттеулердің барлығында дерлік уақыт тақырыбы қозғалған, себебі уақыт – әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық құрамдас бөлігі.

Уақыт категориясының этникалық қырын Л.Н.Гумелев зерттеген (этнос жасы мәселесін), халық мәдениетіндегі славяндық уақыт проблемасын қарастырғандар: Вяч.Вс.Иванов, В.Н.Топоров, Н.И.Толстой, славяндардағы уақыттың аксиологиялық аспектісі (С.М.Толстой), фольклордағы уақыт семантикасы (Т.В.Цивьян), фольклорлық тезаурустағы уақыт (С.Е.Никитин), тіл призмасы арқылы уақыт мифологиясы (В.М.Мокиенко), миф негізіндегі лингвомәдени универсалийлер туралы (М.М.Маковский), мифологиялық уақыт (Л.Н.Плахотник).

Этнолог ғалымдар әртүрлі даму деңгейіндегі халықтардың уақыт образына салыстырмалы-тарихи, типологиялық зерттеулерді этнолингвистикалық сипатта жүргізе отырып, бұл салада елеулі үлес қосуда. Лингвистикада уақыт категориясын концептуалды тұрғыдан зерттеудегі жаңа бетбұрыс А.Брутян, А.В.Кравченко, Е.С.Кубрякова, А.П.Бабушкин т.с.с. зерттеулерінде көрінеді.

В.И.Поставалова әлем бейнесінің қарқасы сапасында кеңістік пен уақытты көрсетеді. А.В.Кравченко табиғи тілдегі уақыттың когнитивтік құрылымын талдаған. Т.Б.Булыгина мен А.Д.Шмелев әлемнің тілдік концептуализациясы туралы жазады, осы концептуализацияның негізгі мәнінде уақыт ерекше ескеріледі. Орта ғасырдың өзінде тілдік универсалийлердің бар екендігі туралы пікір айтылды, кейін қоршаған ортаны концептуализациялау туралы ойлар В.Гумбольд, А.Потебня, Л.Вайсгербер еңбектерінде көрініс тапса, қазіргі көптеген ғалымдар тілдік универсалийлерді табуға және оны сипаттауға ұмтылуда. Бұлардың қатарына мына ғалымдар зерттеулерін атауға болады: Ю.Д.Апресян, Н.Д.Арутюнова, А.Вежбицкая, А.Е.Кибрик, Б.А.Успенский т.б. Осындай тілдік және концептуалдық универсалийлер қатарына жататындардың бірі – уақыт категориясы.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылау тапсырмалары:

1. Уақыт категориясын лингвистикада қарастырудың ерекшелігі немен байланысты?
2. «Уақыт-әлемінің тілдік бейнесінің ұлттық құрамдас бөлігі» тұжырымын қалай түсінесіз, өз ойыңызды дәлелдеңіз.
3. Уақыт категориясының этникалық қырын зерттеушілер кімдер?

2.4 Уақыт категориясының тілде және сөйлеуде көріну мәселелері

Уақыт категориясының тілде және сөйлеуде көріну мәселелері, негізінен, сөйлеу синтаксисі мен стилистикасында қарастырылады. Ғалымдардың басым бөлігі қоғамдық-

коммуникативтік жағдаяттың типтік сипатын қолдай отырып, олардың ұйымдастырылуында грамматикалық уақыттың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Грамматикалық уақыт категориясы қызметінің коммуникативтік аспектісі тіл біліміндегі өзектілігін сақтайды. Түрліше функционалды стильдер мен жанрлардағы мәтіндердің темпоралды ұйымдасу проблемасына қатысты зерттеулер Г.Вейрих концепцияларын негізге алады. Уақыт проблемасы көп деңгейлі, көп аспектілі болып табылады. Сондықтан уақыт феноменінің қызметінің қатарында координация немесе шоғырландыру да енеді. Жалпы уақыт категориясының тұтастығы да, оның семантикалық-когнитивтік компоненттері де лексикалық-семантикалық жағынан интерпретацияланады. Интерпретациялау түсінігіне ерекше көңіл аудару концептуализациялауға назар аударуға әкеледі. Тілде интерпретациялау құралы болатын бірліктер анықталды. Олардың түрлері мен өзара байланысы анықталады. Интерпретацияның түрлері ажыратылады. Солардың қатарында темпоралды категорияның дамуын туғызатын «зат есімдердің уақыттық сөзылыққылығының категориялы мағыналары анықталады». Темпоралдылықтың ғылыми негізі танымдық карама-қайшылыққа құрылады. Мысалы, лингвистер үшін физикалық уақыттың кері бұрылмайтындығы мен уақыттың бір бағыттылығының екеуін де грамматикалық уақытпен береді.

Темпоралдылықтың интегративтік түсінігі бойынша, концептуалдылық кеңістік түсінігі біртұтастықта мынадай тізбекте қаралады: *шақты не уақытты көрсететін морфема – сөзформа – синтагма (синтаксема) – сөйлем-айтылым – сөйлемнен жоғары фраза тұтастығы (мәтіннің құрамындағы күрделі тұтастық) – нақты мәтін (микро және макромәтін) – мәтіннен жоғары кеңістік (дискурс)*. Уақыт категориясының жүзеге асуында көрсетілген интегративтілік пен сараланудың теориялық лингвистикалық жүйелілігін негіздеу қажетті деп саналады. Негіздеу уақыттың семантикалық, когнитивтік компоненттерін негіздеумен сабақтасады. Уақыт категориясын теориялық лингвистикалық концептуализациялау коммуникативтік тәртіп пен когнитивтік динамиканы салыстырмалы зерттеумен анықталады. Уақыт категориясын

жаңаша зерттеуде тілдік бірліктердің модалды-статустық мағыналарын анықтау, этномәдени стереотиптер жүйесін анықтау, кәсіби менталдылығы, тілдік ойындағы уақыт категориясының рөлі басымдылық алады. Уақыт категориясы көп координатты динамикаға ие болады.

Көп координатты динамикалық уақыт категориясының тұтастығы оны теориялық-лингвистикалық шектеуге әкеледі. Негізделген аспектілерден «тіл – сөйлеу» дихотомиясы нысанын категоризациялау туындайды. Ф. де Соссюр теориясында бұл «*тіл – сөз – сөйлеу әрекеті*» ұштағандық сипатта көрінеді. Соссюрлік дихотомия тұжырымы грамматикалық категорияға олардың семантикасына, оның ішінде лексика-семантикалық мағынасына, өлшеміне таралады. Тіл мен сөйлеу аспектілерін нақтылау категория мен семантика туралы дәстүрлі түсініктерді қазіргі проблеманың қойылысымен байланыстыруға әкеледі: ол Лейчикше, «*тіл – мәдениет*», Макаровша, «*тіл – мәтін – сөз – сөйлеу*». Зерттеулерде уақыт категориясының екі аспектісі және оның берілуінің лексикалық-семантикалық интерпретациясы сараланады. Нақты айтқанда, тілдегі көрінісі мен сөйлеудегі көрінісі ажырайды. Бірақ бұл «бір-бірінен бөліп алмай-ақ ажырату» ұстанымына сай келеді. Мұндай арақатынас нысанды мынадай корреляттарда тұрақты қарастыруға әкеледі: *тіл – болмыс/ сөз – құбылыс*. Қалыптасқан танымдық жағдаят түсініктердің интеграциялануын өзектілендіреді: уақыт категорияны да, концепцияны да атайды, оған философиялық тұрғыдан талдау жасау уақыттың концептуалдануына психологиялық, лингвистикалық тірек болады. Астрономиялық уақыт категориясы – уақыт концепциясының тек бір түрі. Философиялық, психологиялық тұрғыдан алғанда бұл концепциялар әртүрлі. Сорокин мен Мертонның зерттеулерінде категория концепциялары сараланған, «уақыт бірлігі ритммен (ырғақпен) анықталады» деп жалпыланған. Қазіргі таңда лингвистика мен математика ғылымдарының кіріккен сипатына сай уақытты тану екі жақты қарама-қарсы сызықтарды түсіндіруге мүмкіндік береді. Бір жағынан, «дискретті уақытта уақытты өлшеу бірлігі – уақыттық интервал болып саналады, уақытты метрикалық сипаттау оның құрылымын анықтаумен

байланысады, сондықтан объективті статустыққа ие». Екінші жағынан, «уақыт әр халықта өздеріне сай тілдік айтылыммен таңбаланады, бекітіледі». Уақыттың семантика-когнитивтік компоненттерін шектеу оны негіздеуге құрал болады. Дискурстағы уақыт категориясы оның құрылымын темпоралдық ұйымдастыру қызметін атқарады. Тілді антропоэекті бағытта зерттеу нәтижесінде туындаған бұл мәселе тілдің үнемі дамитындығымен байланысты. Буянова бұған қатысты мынадай пікір білдіреді: «... в центре гибкой функционально-коммуникативной, когнитивной системы находится человек... интерпретирующий внеязыковую действительность, что проецируется на систему языка и речевое пространство – дискурс, текст как живую, пульсирующую среду». Осындай концептуалды терминологиялық аспект уақыт пен темпоральдылықтың көпөлшемді қатынасын тереңдетеді. Темпоральдылық көпкоординатты лингвистикалық категория, ал оның оның пәні «уақыттың грамматикалық категориясы» мен оның «лексика-семантикалық интерпретациясы» тұтастығынан тұрады. Сондықтан «уақыт» поликонцептісінің құрамы үш концептінің лексика-семантикалық интерпретациясын береді: *онтологиялық* (физикалық), *ойлау* (перцептуалды), *лингвистикалық*.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылау тапсырмалары:

1. Сіздіңше, уақыт категориясының тілде және сөйлеуде көрінуінің айырмасын қалай түсіндіруге болады?

2. «*Уақыт әр халықта өздеріне сай тілдік айтылыммен таңбаланады, бекітіледі*» деген тұжырымға өзіңіздің тарапыңыздан мысал жинап, соған сүйене отырып дәлелдеуге тырысыңыздар. Мысалы, *бие сауым уақыт, сүт пісірім уақыт* түсінігіндегі *бие сауым, сүт пісірім* бірліктерінің жұмсалыу себептерін айқындаңыз.

2.5 Дискурстағы уақыттық дейксистер туралы

Сөздіктерге сүйенсек, дейксис **deixis** грек тілінен аударғанда сілтеу, көрсету деген мағынаны білдіреді. Ол – коммуникативтік актіге қатысушылар мен коммуникация өткен орын мен уақытты, нақты айтқанда, дискурсты интерпретациялауға қолданылатын тілдік айтылымдар мен қандайда бір таңбалар. Дейксис лингвистикалық сөздікте былай анықталады: «лексикалық және грамматикалық құралдар арқылы берілетін тіл бөлігінің мағынасын не қызметін көрсету» [43].

Дейксистің негізгі үш түрі бөліп көрсетіледі: 1) жеке дара, 2) кеңістіктік 3) уақыттық.

Осы үш типке сай келетін негізгі тілдік бірліктер: жіктеу есімдіктері, локативтік айтылым (осында), уақыттық айтылым (қазір). Бірліктердің аталған үш типі Е.В.Падучеваның айтуынша, *сөйлеу актісінің прагматикалық ауысуы* немесе *эгоцентрлік дейктикалық орталық* деп аталады. Коммуникативтік актіге (дискурста) қатысушылар осы дейксистерге сай бағдар алады.

Дейксистік элемент сапасында жекелеген лексикалық бірліктер де, өзге сөз құрамында тұрған аффикстер де жұмсала алады. Мысалы, *кеше* дегенде лексикалық бірлікпен беріліп тұрса, *отырмын, келсе* дегендерде *мен, ол* дейксистері –*мын* және *о* – жіктік жалғауының нөлдік формасымен беріліп тұр.

Жеке дара дейксис өз болмысы жағынан заттық дейксиске қарағанда кеңірек болады. Мысалы, *Мен келдім* дегенде *мен* жеке даралықты көрсетсе, *Ол* (өзге біреуді саусағымен шошайтып көрсету арқылы) *мені құлатып жіберді* дегендегі *ол* – заттық дейксис. Сілтеу есімдіктері де заттық дейксиске жатады: *бұл, анау, мынау, мына*. Бұлардың дискурстағы қолданылу ерекшелігі – *тілдік айтылым мен тілден тыс нысанның тікелей байланысты болатындығы*.

Кеңістіктік не уақыттық дейксис көптеген тілдерде формалды элементтің формалды екі типімен анықталады: *құрамында сілтеу есімдіктері бар есім сөздер тобымен* (осы орманда, бұл жылы, мынадай уақытта) және *үстеу сөздер*

тобымен (осында, қазір, бүгін). Бұған қоса көптеген тілдерде уақыт айтылымы арнайы грамматикалық категориялармен беріледі. *Мен кітап оқыдым* айтылымындағы етістіктің жедел өткен шақтық мағынасы сөйлеу сәтін де қоса алады.

Уақыттық және кеңістіктік дейксистік айтылымның күрделі түрі де болады, ол нысанға, орынға, дейксистік орынға сай келетін сәтке, солар арқылы басқа зат пен уақытқа, сәтке сайма-сай келіп отырады. Мысалы, *көрші бөлмеде, жақын аралықта, өткен жылы, кеше, жақында, ертерек* т.с.с. Грамматикалық уақыттың өткен және келер шағы да осы тәрізді қолданылады. *Мен мақала жазатын боламын* деген сөйлемде келер шақ сөйлеп тұрған шаққа қатысты анықталады.

Заттық және кеңістіктік дейксисті ажырату өте қиын болады. Мысалы, мына сөздер тізбегіне назар аударайық: *қалам – стол – бөлме – ғимарат – қала – ел – планета*. Бұлардың әрқайсысы дискурста *объект* болып та, *локус* болып та қолданылады. Бұл *қалам* дегенде *қалам – нысан*, ал бұл *қалада* дегенде *қала – локус*. Бұл *аудан тұруға өте қиын* дегенде дейксистік айтылымның заттық не кеңістіктік екенін ажырату қиын.

М.Хаспельматтың зерттеуінде әлем тілдеріндегі уақыттық айтылым кеңістіктіктен шыққан. Бұл диахрондық процесс «*Уақыт – бұл кеңістік*» эмбебап метафорасына сүйенілген. Уақыттық және кеңістіктік дейксистер өзара алмасады.

Тілдік бірліктер дейксистік компоненттерден тұрады. Мысалы, ағылшын тіліндегі *come* «приходить/ келу» және *go* «уходить/ кету» табиғатынан дейксистік болып табылады: *come to* айтылымы «Х-тің Х-ке келуі» сөйлеуші мен адресаттың Х орнында оқиғаны сипаттау сәтінде не сөйлеу сәтінде бірге болғанда ғана сыйымды болады. Жапон тілінде «жазды» мағынасындағы *kaite* етістігін «*Мен студентке хат жаздым*» деген сөйлемде қолдануға болғанымен, «*Студент маған хат жазды*» деген сөйлемде қолдануға болмайды, дұрыс қолдану үшін *kaite kureta* «*жазды да маған берді*» дейксистік етістігін пайдалану керек. Дейксистік мағынасы жоқ кейбір лексемалар дейксистік қолданысқа түсуге мүмкіндік алады. Мысалы, *қатар* сөзінде дейксистік мағына жоқ болғанымен, *қатар отыр*

дегенде *дейксистік мән* иеленеді. Дейксистік мағына *мен* адамзат тіліндегі әмбебаптық және іргелі дейксистік элементтің бірі болып саналады. М.Б.Бергельсон мен А.Е.Кибрик семантикалық түсініктен ерекше дейксистік компонентті бөліп көрсетуді ұсынады.

Дейксистік түсінігі антикалық уақыттан белгілі. Оған ерекше көңіл аударған – неміс ғалымы К.Бругман. К.Бругман зерттеуін негізге ала отырып, К.Бюлер аталған бағыттағы ойларды жетілдірді.

Тіл теориясында дейксисті зерттеуге көп көңіл бөлінген. Бюлер ең алғаш рет дейксистен тараған екі туынды құбылысқа көңіл бөлді: *анафора және кеңістік пен уақыттағы қандайда бір орынға дейксистік орталықты ойша ауыстыру*. Дейксистік айтылымдар мәнмәтіннен тыс, дискурстан тыс бола алмайды. Мысалы, *мен қазір осындамын* дегенді алсақ, оны кімнің қай жерде, қашан айтқанын адресат білмесе, оның мәні түсініксіз болып қалады. *Дейксистік* термині кейде *шифтер* терминімен мәндес жұмсалады. Сондықтан да Р.Якобсон өз зерттеуінде дейксистік (*шифтерлік*) және *шифтерлік емес* грамматикалық категорияларды қарама-қарсы қояды. Тілдерде уақыттың семантикасына қатысты екі категория қарастырылады: оның бірі – *шақ категориясы*, екіншісі – *түр (вид) категориясы*. Шақ категориясы *шифтерлік* болып саналады, ал вид шифтерлік емес.

Шифтерлердің мағынасы абстрактілі, олардың референциясы өзгермелі болады, дегенмен олар нақты жағдайларда нақпа-нақ мағынада жұмсалады. Егер дискурста қатысушылардың саны бірнешеу болса, соған сай дискурстағы «Мен» -де бірнешеу болады, әрі олар әртүрлі «мен», бірақ осы дискурста «біз» дегеннің референциясы түрліше болып қолданыла алмайды. Дискурстағы дейксистерді зерттеу теориялары соңғы уақытта әлем тілдеріндегі дейксистік құралдарды эмпирикалық тұрғыдан талдауға сүйеніледі. «Есімдіктер жүйесі» аталатын жинақта құрастырушы У.Виземанн түрлі тілдер бойынша материалдар жинақтаған. Ол жинақтың ішінде аз зерттелген Амазония, Жаңа Гвения, Африка елдерінің тіліне қатысты деректер де көрсетілген. Есімдіктер

негізгі дейксистік құралдардың бірі ретінде дейксистік механизмдерді зерттеудің басты құралына айналды.

1992 жылы Р.Перкинс грамматикаланған дейксистік категориялар қатарына лингвоантропологиялық зерттеу жүргізген. Перкинстің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, мәдениеті неғұрлым күрделі болған сайын, тілде қолданылатын грамматикаланған дейксистік категориялар аз болады.

1999 жылы Х.Диссель зерттеуінде кеңістіктік, заттық, уақыттық дейксистердің негізгі құралдары қарастырылған, атап айтқанда, *сілтеу есімдіктері мен демонстративтер*. Диссель демонстративтерді бірнеше синтаксистік типке бөледі: *субстантивтер* (мысалы, *бұл не пәле тағы?* деген тіркестегі), *адъективтер* (*мына орындық ыңғайлы екен*), адвербиалдық (*Айгүл осында*), сонымен қатар «идентификациялаушы» (*міне осылай болуға тиіс*). Әлем тілдерінде күрделі дейксистік жүйе кездеседі. Олар сөйлеуші үшін белгілілік пен белгісіздікке ие немесе жоғары не төмен деңгейдегі орналасқан (*теңізден жоғары, теңізден төмен*) референтке сүйеніледі.

Қазіргі лингвистикада тілдерді дейксистік категориялардың қолданылуына қарай типке бөлу қалыптасуда. Мысалы, С.Левинсон жазбаша коммуникацияда қай уақыттың негізге алуына қарай (*хабарламаны түзген сәтті* немесе *адресаттың алған сәті*) тілдерді екі типке бөледі. Бір тілдер типі «*Мен мұны бүгін жазамын, ал сен ертең аласың*» деген құрылымға бейім келсе, екінші тіл типі «*Мен мұны кеше жаздым, ал сен оны тек бүгін оқисың*» деген құрылымға бейім келеді.

Осы тәріздес зерттеулер кейбір тілдердің дейксистік жүйесін нақты талдаған. Мысалы, Л.Гренобль 1998 жылы орыс тіліндегі дейксистік жүйені сипаттаған еңбек жазған. Бұл зерттеуде орыс тіліндегі дейксистік құралдардың толық таксономдық сипаттамасы берілген. Дейксистің түрлері *біріншілік дейксисті, екіншілік дейксисті, анафора, мәтіндік дейксисті* деп бөлінеді.

Біріншілік дейксисте «сөйлеуші, осында, қазір» деген дейксистік орталық тірек болса, *дискурста оған альтернативті не балама дейксистік орталықтар түзіле*

алады. Бұл кезде субъект ойша виртуалды бір жерге орналасады, осы кезде екіншілік дейкисі пайда болады. Мысалы, *Үй иесінің таңырқаған жүзін көрген Естай бұл үйде оны күтіп отырған ешкім жоқтығын түсінді* деген айтылымда бұл үйде оны күтіп отырған ешкім жоқтығын түсінді бөлігінде мынадай дейксистік элементтер бар, олар *альтернативті ойдағы дейксистік орталық түзіп тұр: бұл үйде, оны және «осы шақ (таңырқаған жүзін көрген сәті)»*. Нақты айтсақ, *Мені бұл үйде ешкім күтіп отырған жоқ* дегенмен *альтернатив (бұл екіншілік дейкис)*. Енді екеуін салыстырсақ, мынаған көзіміз жетеді: айтылымдағы оны ойдағы дейксистік орталықта (альтернативте) *мені* дейкисіне сай келіп тұр, 3-жақтағы есімдік 1-жаққа ауысып тұр. Ал *бұл үйде* кеңістіктік дейкисі мен «осы шақ (таңырқаған жүзін көрген сәті)» уақыттық дейкисі өзгеріссіз сай келеді. Е.В.Падучева 1996 жылы мұндай типтегі құбылысты «*интерпретацияның нарративті режимі*» деп атаған. Дейксистік орталықтың ауысу құбылысы грамматикалануы мүмкін, бұл кезде бірінен соң бірі болатын құбылыстардың алдыңғылары есептеу нүктесі сапасында қаралады да, етістіктің шақтарымен беріледі.

Ю.Д.Апресян 1986 жылы тілдік бірліктердің лексикалық семантикасы аясындағы дейксистік элементтерді зерттеген және ғылыми айналымға «бақылаушы» терминін енгізген. Мысалы, *маған бауырым алыстап кеткен сияқты көрінді* дегенде *сияқты көрінді* модаль сөз бен көмекші етістікте белгілі бір қашықтықта бақылаушы идеясы қоса көрінеді, оны *маған бауырым алыстап кеткен сияқты көрінді* айтылымы мен *менен бауырым алыстап кеткен не біз бауырымыз екеуіміз бір-бірімізден алыстап кеттік* дегендерді салыстырғанда көзіміз жете түседі. Екіншілік дейкис тарихы туралы мәліметтер В.Н.Волошинов еңбектерінде көрініс тапқан.

Дейксистік сипатта қолданылатын құралдар қатарында анафоралар да аталып жүр. *Анафора – сөйлеуші мен адресаттың жұмыс жадындағы белсенді күйге түскен, референттердің қайталануы*. Мысалы, дискурста ол дейкисі 3-жақтық мағынада жұмсалғанда, осы дискурста алдыңғы айтылымда аталған қандайда бір затты не құбылысты атайды.

Дейксистік элементтердің екіншілік қолданыстары метафораларға негізделеді, ол адамның есіне коммуникативтік акт жағдайындағы қоршаған ортаға тән сипатта болады. Оларды кейде *локалистік дейкистер* деп атайды. Анафоралар негізінен есім сөздер тобына қатысты аталғанмен, олардың шифтерлік компонент сипатындағы өзге сөздерге тән болатындығы да байқалады. Мысалы, мынадай айтылымдарды салыстырайық: *Асан, менің сезуімше, көмбе осы менің маңымда (сөйлеушінің маңында) не Жастар көмбенің өздері жүрген маңда екенін сезді (жастар маңында)*. Бұл жерде *жастар – белсенділенген референт, тыңдаушы үшін ол Асан, Айгүл, Ақзат т.с.с.*

Мен, сен, осы жерде, қазір – дейксистік элементтері анафоралық қолданысқа түсе алмайды. Оның себебін Е.В.Падучева 1-2-жақ есімдіктерінің міндетті дейкисілік есімдіктер екендігімен түсіндіреді. Бірақ бірінші жақтың көпше түріндегі жіктеу есімдігі анафоралық дейксистік қызметті атқарады. Мысалы, Айгүл келісімін берді, енді біз үйленеміз деген айтылымда *біз* есімдігі әрі *дейксистік*, әрі *анафоралық* болып саналады.

Физикалық кеңістіктегі немесе коммуникативтік актідегі уақыт жазбаша мәтінде дискурста конвенционалды метафора түрінде келеді. Бұл метафораларға мыналар жатқызылады: *жоғарыда айтылғандай, соңғы жағдайда, келесі параграфта, осы сөйлемде бес сөз бар т.б.* Бұларды мәтіндік не дискурстық *дейкистер* деп атайды. Бұл кезде дейксистік орталық автордың не адресаттың мәтін мен дискурстың қай нүктесінде тұрғандығына сай анықталады.

Мұнан басқа *әлеуметтік дейкис* термині түрлі тілдердегі сыпайылық категориясына сай зерттеулерде қолданылады. Мысалы, *сіз* бен *сен* есімдіктерінің қолданылуы қарым-қатынасқа түсушілердің түрлі әлеуметтік деңгейлеріне байланысты таңдалады, болмаса жас ерекшеліктеріне сай таңдалады.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылау тапсырмалары:

- 1 Дейкис терминіне сипаттама беріңіз.
- 2 Дейкисінің түрлерін жеке-жеке сипаттаңыз.

3 Дейксистің зерттелуіне қатысты пікірлерге тоқталыңыз.

4 Өз қалауыңызша бір жазбаша дискурс үзіндісін таңдап, ондағы дейксистерге сипаттама беріңіз.

2.6 Функционалдық стиль мен уақыт категориясының қатысы

Стилистикада дәстүрлі түрде уақыт категориясы екі аспектіде қарастырылады:

1) уақыт категориясының қандайда бір функционалдық стиль жүйесімен байланыстылығы;

2) уақыт мағынасы мен түрлі формаларының экспрессивтік мүмкіндігі.

Уақыт категориясы стильді қалыптастыруға да әсер етеді. Уақыт категориясының жаңа мүмкіндіктерін зерттеу Т.В.Матвееваның тұжырымдарында көрініс тапқан. Біз уақыт категориясының дискурс пен мәтіннің стилін құруға әсерін пікір мен сын-пікір негізінде сөз етпекшіміз.

Көпшілік алдында оқылатын, талданатын пікір мен сын - пікір осындай жұмыстарға тән функционалдық стиль белгілерін сақтайды, ол үш коммуникативтік бағдарлама тіркесінен тұрады: *ақпараттық, прагматикалық, бағалауыштық*.

Журналист-рецензент үшін негізгі нысан – мәдени өмірдің оқиғалары. Пікір мен сын-пікірдің коммуникативтік стратегиясы мәдени өмір туралы ақпаратты насихаттау, сондықтан да ондағы ақпараттың өзі маңызды ғана емес, оны жеткізудің жолы да маңызды, онда анализдің коммуникативтік тактикасы, прагматикасы, бағалауыштық сипаты сәйкесуі керек.

Пікір мен сын-пікір аналитикалық (талдау) жанр тобына жатады, мәтіннің логикалық негізі талдау мен ой қорыту болып табылады. Талдау – «ойлау формасы, онда заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен байланыстары, қатынастары не бекітіледі, не терістеледі». Ой қорыту – логикалық әрекетпен бір мезгілдегі ойлау формасы, оның нәтижесінде бірнеше

пайымдаулар негізінде алдыңғы білімдерге қатысты жаңа пайымдау туындайды.

Публицистиканың аналитикалық жанры ғылыми стиль жанрынан ерекшеленеді. Бірақ екеуінде де талдау мен ой қорыту орын алады. Автор ойлауы жетілген тұлға ретінде фактілер мен деректерді пайдаланып өзінің тезисін дәлелдейді. Тезисті дәлелдеудегі талдау рецензияға тән болса, пікірде тек оның элементтері беріледі.

Журналист-рецензент үшін ойдың күші (антикалық «логос») ғана маңызды емес, оқырманның көңілін аудару мен мәтінді оқып шыққанға дейін, яғни дискурс бойына ұстап тұру маңызды. Осындай коммуникативтік мақсат мәтіннің прагматикалық әсерін ұстап тұруды көздейді де, ол стилистикалық тәсілдер жүйесін пайдалануды туғызады. Пікір мен сын-пікірдегі уақыт категориясы коммуникативтік тактиканың құрамдас бөлігі болып саналады.

Уақыт семантикасы пікір мен сын-пікірдің атауынан көрініс табады. Бұл екі түрлі ақпарат сипатында көрінеді: *ассоциативтік ақпарат* пен *концептуалды ақпарат*.

Ассоциативтік ақпарат – *адресаттың фондық білімі, мәтінде арнайы мазмұндалмаған оқырманның өзінің шығармашылық әрекеті негізінде тақырып атауымен түсінілетін ақпарат, білім*. Мысалы, «американдық бесік» атауы оқырманға бесік түсінігіне қатысты ұғымдарды американың дәстүріне сай ақпараттармен сабақтаса еске түсіріп, жағымсыз ақпарат берілетіндігін болжауға мүмкіндік береді. Бесік қазақтың өткен өмірінде қандай мақсатта жұмсалғаны, қадірі мен қасиеті, қазіргі бесіктің мәні, оған қатынас, өзге ел дәстүрімен байланыста уақыт категориясы (виртуалды шындық) көрініс табады.

Тақырыптағы уақыт семантикасы *концептуалды ақпараттан да көрінеді*. Бұл кезде тақырып арқылы өзектелген мән мәтінде жалғасын тауып автор идеясын анық танытады. Мысалы, «Акапулько, мадам!» спектакліне жазылған сын-пікір «Ханзаданы күтуде» деген тақырыппен аталған. Бұл спектакльдің бас кейіпкерінің психологиялық күйінің сипатымен тікелей байланысты. Жас суретшілердің көрмесі

туралы пікір тақырыбы «Сапар басында» деп аталған, шығармашылықтың жолының басталуы, дамуы дегенмен тікелей байланысады.

Уақыт категориясын білдіретін лексикалық құралдардың пікір мен сын-пікірде жұмсалыуына автор ойы мен ұстанымы, жанр мен стиль заңдылықтары әсер етеді. Бұл қатарға «тәжірибе», «даму», «артықшылық», «жаңа» деген уақыт семантикасын білдіретін атаулар жатады.

Пікір мен сын-пікірдегі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері «жаңа», «қазіргі заманға сай», «қазір», «тың әсер», «бүгінгі күні», «соңғы жылдары» сипатында болып келеді.

Уақыт категориясын мәтінде грамматикалық құралдар да қалыптастырады.

Дискурстағы лексика-грамматикалық құралдар арқылы ақпаратты мазмұндауда өткен шақ *перфективті*, *аористивтік*, *имперфективті* қызметтер атқарады. Ол мәтіннің осы шағындағы мәтінді тұтынушылар мен түзушілердің коммуникативтік тактикасына қатысты болады.

Г.А.Золотованың сипаттауынша, *перфективтік қызметке* (перфектив) *алдыңғы әрекеттің нәтижесі болып табылатын не жаңа сапаға көтерілген күйдің жағдаяттық уақыты (жақ, зат, кеңістік) кіреді*. Ал *аористивтік қызметті* (аористив) *хабарламаны ұйымдастырудың ең негізгі құралы* деп санайды, ол бірінен кейін бірі алмасатын, *сюжеттің ишеленісінен шешілуіне баратын динамикалық әрекеттерді білдіретін етістіктер қызметіне сай түседі*. Мысалы, «*Көркемөнер мұражайында күн ұзаққа балаларға арналған мереке болды*». Осыдан соң аористивтік қызметтегі өткен шақтық хабарлама айтылады: «*Сағат 11-де келушілер зерікпес үшін мұражай терезелеріне ілінген сурет көрмесі ашылды. Ал екі сағаттан кейін сол залға өздерінің ата-аналарымен, іні-қарындасстарымен жас суретшілер жиналды*».

Ал *имперфективтік қызметке* (имперфикке) *шексіз уақытта үздіксіз өтетін әрекет пен уақыты мен кеңістігі шектелген әрекет* жатады.

Ретроспекция өткен мен болашақтың байланысын көрсетеді. Ретроспекцияда *бүгінгі шақ өткен шақ нәтижесі* болып табылады,

Проспекция *келер шақ және қалау рай формасымен* беріледі.

Қорыта айтқанда, уақыт категориясы лексика-грамматикалық құралдармен беріледі, олардың дискурстағы көрінісі етістіктің *перфективтік*, *имперфективтік*, *аористивтік* қызметтерінен, *ретроспекция* мен *проспекциядан* көрініс табады. Сонымен қатар уақыт категориясының семантикасы ассоциативтік ақпарат пен концептуалды ақпараттан байқалады.

Сұрақтар мен өзін-өзі бақылау тапсырмалары:

1. Тақырыптағы уақыт семантикасының көрінісін сипаттаңыз.
2. Ассоциативтік ақпарат пен концептуалды ақпараттың бір-бірінен айырмасы қандай екенін баяндаңыз.
3. Дискурстағы уақыт категориясын бейнелейтін етістік қызметтеріне тоқталыңыз.
4. *Ретроспекция* мен *проспекция* түсініктеріне тоқталыңыз.

Студенттердің «Дискурс талдау теориясы» курсынан теориялық материалдарды игеруін тексеруге арналған тест тапсырмалары

I нұсқа

1. Бір үдіріске қатысушылардың өзара тығыз байланыстылығы мен бір –біріне ықпал етуі А) интеракция, интерактивті В) коммуникация Д) интермәтін С) интеграция е) талдау
2. Мәтінді зерттеуші З.Д. Попова мәтін зерттеудің неше аспектісін көрсеткен А) 3 В) 4 С) 2 Д) 5 Е) 7
3. З.Д. Попованың көрсетіп жүрген аспектілерін көрсетіңіз А) мәтін синтаксисі, мәтін семантикасы, мәтін прагматикасы В) мәтін семантикасы, мәтін прагматикасы, мәтін лексикасы С) мәтін синтаксисі, мәтін стилистикасы, мәтін лексикасы Д) мәтін синтаксисі, мәтін семантикасы, мәтін стилистикасы Е) мәтін лексика-стилистикасы, мәтін лингвистикасы, мәтін синтаксисі
4. Мәтіннің белгісі (И.Р. Гальперин бойынша) – А) аяқталғандық В) шашыраңқылық С) бөлшектік Д) аяқталмағандық Е) сәйкессіздік
5. Дискурс аясында шындық болмыс пен тіл арасын байланыстыратын аралық буын – А) интермәтін В) мәтін С) текст Д) концепт Е) делотат
6. Р. Водақтың элеуметтік тарихи әдіс сипатында қолданып, қалыптастырған талдау түрі – А) дискурсты сыни талдау В) дискурсты когнитивті талдау С) контенкт – талдау Д) Интеракциялы талдау Е) Риторикалық талдау
7. XX ғ. 80 жж. «қарым-қатынас» түсінігіне синонимдес түсінік? А) коммуникация В) қоғам С) интернационализм Д) дискурс Е) белгі
8. Рухани және материалды әлемдегі объектілердің байланысу амалы – А) коммуникация В) интеракция С) онтологиялық дискурс Д) дискурс Е) дифференциация

9. Ақпаратты шартты белгілер жүйесінде беру А) кодтау В) байымдау С) символдау Д) жүйелеу Е) белгілеу
10. Кодты керісінше, қайта құру – А) декодирования В) кодтау С) антикодтау Д) интер кодтау Е) байымдау
11. Г.Г. Москальчуктың ұсынған мәтін белгісі А) метроритмикалық құрылым В) ұғымдық құрылым С) байланыстылық Д) прагматикалық контекстің бөлігі Е) экстралингвистикалық
12. Н.Л. Мышкинаның ұсынған мәтін белгісі А) мәтіннің ішкі өмірі В) мәтіннің сыртқы белгісі С) мәтіннің түсінігі Д) аяқталғандық Е) эмоционалды мәндік доминанттың болуы
13. Дискурс онтологиясындағы коммуникацияның интеракциялық моделі қандай принципті ұстанады? А) субъектарлық В) субъектілік С) объектарлық Д) объектілік Е) аналитикалық
14. Мәтіннің интеракциялық теориясын жасаушы Дж. Мартин ұстанған принциптің саны А) 5 В) 4 С) 7 Д) 10 Е) 11
15. Дж. Мартиннің ұстанымын қолдап, Г. Браун мен Дж. Юл тілдік қызметтің дихотамиясында қандай функцияларды ерекшеленген? А) трансакционалды және интеракционалды В) трансакционалды және дитеракционалды С) трансакциональды және коммуникативті Д) коммуникативті және интеракциональды Е) интеракционалды және дитеракционалды
16. Тілдің интеракционалдық қызметі неге бағытталған А) элеуметтік және жеке қарым-қатынас білдіруге В) саяси және коммуникацияны анықтауға С) публицистиканы анықтауға Д) адамға сыртқы фактордың әсерін ажыратуға Е) ментальдық қарым-қатынас білдіруге
17. Г. Гректің «кооперация принципіне» жүгіну үшін не қажет? А) қатысушылардың элеуметтік статусының теңдігі В) қатысушылардың элеуметтік статусының тең еместігі С) қатысушылардың отандастығы Д) қатысушылардың

туыстық қарым-қатысы Е) қатысушылардың ғылыми статустарының теңдігі

18. М. Нистранд көзқарасы бойынша интеракция әлеуметтік рольдердің ауыстырылуы, және ол қайда қарастырылады.

А) жазбаша дискурста В) ауызша дискурста С) мәтінде Д) мәтін бөлігінде Е) локальды дискурста

19. М. Нистрандша әлеуметтік – интеракциональды жазбаша қарым – қатынастың моделі

А) автор – мәтін – оқырман В) автор – мәтін С) автор – оқырман – мәтін Д) мәтін – автор оқырман Е) автор – оқырман

20. С. Пойнтонның ұсынысы бойынша әлеуметтік қарым-қатынас пен жақындық өлшемі

А) контакт В) аффект С) билік Д) акт Е) туыстық

21. Мәтін қайда орналасады?

А) тілде В) жазба күйінде С) ойда Д) сана мен дискурста Е) дискурста

22. Дискурс болу үшін оның күзиреттілігіне ненің қызметі көтерілуі тиіс А) мәтін В) абзац Е) көзқарас С) сөз

23. Жазбаша коммуникацияда жұмсалатын бірліктер деп танылады. А) айтылымдар В) туынды С) мәтін Д) дискурс Е) тіл

24. М.М. Бахтиннің түсіндіруінің сызбасын белгілеңіз А) тіл –айтылым - өмір В) тіл – сөйлеу – дискурс С) тіл – айтылым - өмір Д) тіл – айтылым Е) тіл – айтылым – дискурс

25. Коммуникативтік жағдай болу үшін А) тіл мен сөз әрекеті енеді

В) сөз сөйленеді С) тіл әрекетіне енеді Д) сөз қолданылады. Е) сана қолданылмайды

26. Түсініктер тобы А) пропозиция В) тілдік тұлға Д) кейіпкерлер С) актанттар Е) сөйлеушілер

27. Байымдаудың орталық пропозициясы А) негізгі пропозиция В) әрекет пропозициясы С) күй пропозициясы Д) көп пропозициясы Е) пропозиция предикаты

28. Семантикалық рольге ие болатын бірліктер А) актанттар В) сөйлеуші С) тыңдаушы Д) түсіндіруші Е) денотат

29. Шынайы сөйлеу мен оны түсіну үдерісін зерттеу әдістері

А) дискурсты когнативтік талдау В) дискурсты әлеуметтік талдау С) дискурсты этнолингвистикалық талдау Д) дискурсты философиялық талдау Е) дискурсты психоллингвистикалық талдау

30. аяқталған мазмұнды тарату үшін қызмет етеді.

А) мәтін В) абзац С) сөз тіркесі Д) фраза Е) интермәтін

II нұсқа

1. Қай ғалымның көрсетуінше пропозиция деп семантикалық (конструкция) конфигурация аталады?

А) И.П. Сусов В) В.В. Богданов С) Ч. Филлмор Д) Л. Теньер Е) С.Д. Канцельсон

2. Мәтіннің лексика-семантикалық ерекшелігін зерттеген ғалым А) Ю.Д. Сорокин В) И.А. Фигуровский С) И.П. Сусов Д) В.В. Богданов Е) З.О. Попова

3. «Дискурстық талдау» терминін алғаш қолданған ғалым

А) З. Харрис В) Н. Хомский С) Л. Теньер Д) Т. Ван Дейк Е) В.В. Богданов

4. Чех лингвистикалық мектебінің негізін қалаушы

А) Ф. де Соссюр В) Б. де Куртенэ С) В. Матезиус Д) В. Пешковский Е) Т.Ван Дейк

5. Стереотипті ситуацияның ойбейнесі

А) фрейм В) концепт С) гештальт Д) ұғым Е) мағына

6. Р. Барт атты ғалым қай ғалымға дискурс ұғымын әкелді?

А) тіл мен әдебиет В) әдебиет пен сын С) әдебиет пен тарих Д) тіл мен қоғам Е) тіл мен тарих

7. Концепттің ядросы не болып табылады?

А) заттық образ В) заттық тұлға С) жанды образ Д) бейнелі сөз Е) бейнелі ой

8. Дискурсты сыни талдауда Р. Водак қандай әдісті басшылыққа алуды ұсынады?

А) әлеуметтік тарихи В) сын тұрғысынан ойлау С) структуралық Д) диахранды Е) синхранды

9. Тіл өмірге нақтылы айтылым арқылы енсе, өмір нақты айтылым арқылы тілге енеді кімнің пікірі?
 А) Бахтин В) Соссюр С) Куртенэ Д) Дейк Е) Гумболд
10. М. Нистрандтың ойынша, қоғамдық ролдің алмасуы
 А) интеракция В) интерактив С) интермәтін Д) интерметод Е) интерлингвистика
11. Дискурстың нақты түрлерін ғылыми зерттеу еңбектерінде арнайы қарастырған ғалымдар (отандық тіл білімінде)
 А) І. Кеңесбаев, Ф. Оразбаева В) Г. Гиздатов, Ф. Оразбаева С) Г. Бүркітбаева, Г. Гиздатов Д) Р. Сыздықова, Ж. Манкеева Е) Г. Гиздатов, Ж. Манкеева
12. Сөйлемді семантикалық аспектіде белсенді түрде зерттеу қай уақытта жүзеге асты?
 А) XX ғасырдың 60 - жылдарының аяғы В) XX ғасырдың 60 - жылдарының басы С) XX ғасырдың 60 -жылдарының ортасы Д) XX ғасырдың 70 - жылдарының аяғы Е) XX ғасырдың 70-жылдардың басы
13. Мәтін лингвистикасы немесе дискурсты талдау теориясы аталатын бағыттың жеке ғылым саласы ретінде дамуының неше түрлі бастауы аталып жүр А) 5 В) 4 С) 6 Д) 3 Е) 1
14. Адамның ақпаратты пайдалану, жинақтау, игеру үдерісін, сондай-ақ білімді тұтас (концептуальды) ұйымдастыру жолдары мен білімді көрсету құрылымын зерттейтін ғылым.
 А) когнитология В) когнитивтік лингвистикасы С) когнитивтік психология Д) когнитивистика Е) когниция
15. «Пропозиция» термині семантикалық модельдерге қатысты басқа қалай жұмсалады.
 А) пропозициялық стратегия В) коммуникативтік акт С) концептуальдық жүйе Д) интеракциялы ойлау Е) интерактивті әрекет
16. Прагматикалық лингвистикада қандай қатынас қарастырылады?
 А) адам мен таңба В) адам мен қоғам С) адам мен заман Д) адам мен тіл Е) адам мен әдебиет
17. «Когнитивтік» терминінің мәні
 А) танымдық В) нанымдық С) көкжиектік Д) қоғамдық Е) мәдени

18. Г. Гивонның пікірінше, адамзат дискурсы қандай?
 А) монопропозициялы В) көппропозициялы С) интеракциялы Д) интерактивті Е) препозициялы
19. Мәтін және дискурс. Дискурс типтері еңбегінің авторы
 А) Г. Бүркітбаева В) Ф. Оразбаева С) Э. Сүлейменов а Д) Ж. Манкеева Е) Б. Абылқасымов
20. Дискурс аясында шындық болмыс пен тіл арасын байланыстыратын аралық буын
 А) интертекст В) интеракция С) интерактив Д) мәнмәтін Е) контекст
21. Мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы
 А) фрейм В) когнитивтік карта С) концепт Д) ұғым Е) мағына
22. Кодты, инференциялы, интеракциялы деп коммуникацияны 3 моделге бөлген ғалым.
 А) Д. Шифрин В) Т. Ван Дейк С) Л. Теньер Д) С. Д. Кацнельсон Е) Ч. Филлмор
23. 20 ғасырдың екінші жартысындағы мәтіндік ілім.
 А) Мәтін теориясы В) Мәтін лингвистикасы С) мәтін психологиясы Д) мәтін мағынасы Е) Мәтін физикасы
24. Г. Бүркітбаеваның пікірінше, дискурсты интеракциялы талдаудың негізінде не жатады?
 А) тыңдаушының түсінуі В) тыңдаушының қабылдауы С) айтушының қимылы Д) айтушының түсіндіруі Е) тыңдаушының әрекеті
25. Дискурстық тәжірибе қандай түрлерге бөлінеді?
 А) формалды және формалды емес В) рационанды және рационалды емес С) коммуникациялы және әрекетсіздік Д) номиналды және номиналды емес Е) функционалды және функционалды емес
26. Мыналардың ішіндегі қайсысы экстралингвистикалық факторларға жатады?
 А) мәтін В) білім дәрежесі С) хабарлама авторы Д) код Е) байланыс ортасы

27. Мына құрылымдардың қайсысы дискурстық қатынаста коммуникациялық жағдайға жатады?

А) Хабарламашының білімі В) мәтін С) адресаттық мақсаты
Д) байланыс каналы Е) ақыл парасат

28. Мыналардың қайсысы дискурстық талдаудың түріне жатпайды?

А) дискурсты психологиялы талдау В) дискурсты сыни талдау
С) дискурсты контент талдау Д) дискурсты интеракциялы талдау

29. Н.Ю. Новиков және А.П. Чудиновтар негізін қалаған дискурсты талдаудың бір түрі

А) дискурсты контент талдау В) дискурсты сыни талдау С) дискурсты когнитивті талдау
Д) дискурсты интеракцияны талдау Е) дискурсты риторикалық талдау

30. Ф. Сосюрдың «тіл –сөйлеу» деген дихотомияның жіктемесіне 3 –етіп дискурсты қосушы ғалым

А) Бен венист В) Э. Брюссанс С) Ж. Кокс Д) Ф. де Соссюр
Е) Ф. Дейс

III нұсқа

1. Мәтін лингвистикасы қашан пайда болды?

А) XX ғ. 30 жылд. В) XX ғ. 70 жылд. С) XX ғ. 60 жылд. Д) XIX ғ. II жартысы Е) XIX ғасырда

2. Мәтінді зерттеудің неше аспектісі көрсетіліп жүр?

А) 5 В) 7 С) 2 Д) ешқандай Е) 3

3. Н.Д. Арутюнова мәтінінің белгілеріне нені жатқызады?

А) байланыстылық, тұтастық В) мәдени ақпараттың бастау көзі
С) құрылымдық семантикалық бірлік Д) мәтіннің ішкі өмірі
Е) аяқталғандығы

4. В.И. Тюпаньң көрсетуінше, дискурсқа тән негізгі белгілер

А) субъективті мән мен объективті таңбалар В) креативтік, рецептивтік, құзыреттіліктер С) диалог, монолог, әңгілемесу Д) сұхбат, қаратпа Е) қыстырма

5. Дискурс сипаты А) статикалық В) статикалық әрі динамикалық
С) динамикалық Д) статикалық та емес, динамикалықта емес Е) жүйесіз

6. «Когнитивтік» деген сөздің мәні қандай сөзбен беріледі?

А) ақпаратты жинақтау, игеру В) танымдық С) когнитивтік психология
Д) лингвистикалық Е) психикалық әлем

7. Лингвистикада «дискурс» термині А) коммуникативтік жағдаяттағы сөйлеу,
мәтін, диалог түсінігін береді. В) тіл мен сөз дегенді С) мәтін дегенді
Д) монолог, диалог Е) төл сөз бен төлеу сөз

8. Түрлі тілдердің ауызша мәтіндерін талдау мен жазып алып этнолингвистикалық зерттеулер жүргізу дәстүрін қалыптастырған қай мектеп?

А) Қазақстандық мектеп В) ресейлік мектеп С) жапондық мектеп
Д) американдық мектеп Е) неміс мектебі

9. Тілдің қолданыстағы, тілдік аядағы және аядан тыс элементтерінің қатар түзушілігі және сол шеңберде болушылығы

А) мәтін эмотивтілігі В) мәтін байланысы С) интермәтін Д) мәтін тұтасымы
Е) мәтін жүйесі

10. Интеракциялы талдау негізінде не жатады?

А) әлеуметтік мәнмәтін В) дискурсты (тыңдаушының) оқырманның түсінуі
С) оқиға орны Д) оқиға уақыты Е) тарихи мәнмәтін

11. Дискурстың нақты түрлерін ғылыми зерттеу еңбектерінде аралас қарастырған ғалымдар?
А) А. Байтұрсынов, К. Жұбанов В) О. Бүркітов, Д. Әлкебаева
С) Р. Сыздық, М. Серғалиев Д) Г. Гиздатов, Б. Бүркітбаева
Е) Г. Смағұлова, Ж. Манкеева

12. Дискурстың жалпы байланыстылығын қамтамасыз ететін не?
А) қатысушылардың жас мөлшері В) қатысушылардың қызығуы
С) тақырып біртұтастығы

Д) қатысушылардың дүниетанымы Е) қатысушылардың көзқарасы

13. Қазіргі мәтін лингвистикасы немесе дискурсты талдау теориясы аталатын бағыттың жеке ғылым саласы ретінде дамуының неше түрі аталады?

А) 3 В) 4 С) 2 Д) 5 Е) 7

14. Интеракцияның негізгі белгілерінің бірі? А) қатысушылардың саны
В) коммуникация өтетін уақыт С) коммуникативтік жағдаяттағы әлеуметтік мәдени жағдайдың

нақтылығы Д) коммуникация өтетін орын Е) коммуникацияға қатысушылардың ұлты

15. Көп пропозициялы дискурс қай ғалымның еңбегінде жоғары деңгейде зерттелетін, репрезентацияның когнитивтік жүйесінің құрамында анықталған?

А) В.И. Герасимов В) Т. Гивон С) А. Байтұрсынов Д) В.В. Петров Е) К. Жұбанов

16. Реципиенттің коммуникативтік портретін құрастыратын не? А) қатысушының ұлты В) қатысушының жасы С) жалпы білімінің болуы Д) коммуникацияға қатысушының тілі Е) коммуникацияға түсіп тұрған салаға қатысты арнайы білімінің болуы

17. И.П. Сусовтың көрсетуінше пропозиция қалай аталады? А) жеке мәтіндердің жалпы мағыналық түсінікке ауысуы В) семантикалық конфигурация (конструкция) С) сөйлемнің құрылымы Д) ішкі мән Е) сөйлемнің лексика –грамматикалық құрылымы

18. Дискурсты қай тұрғыдан талдағанда элеуметтік тарихи мәнмәтін үдерісті түсіндіру мен түсінуде басты назарда болады? А) сыни талдауда В) дискурс-талдауда С) когнитивті талдауда Д) риторикалық құрылым теориясына сай талдауда Е) құрылымдық талдауда

19 *Мәтін тілде орналасады, бірақ дискурста өмір сүреді* деген ОЙДЫҢ ИЕСІ А) Р.Барт В) Б.М.Гаспаров С) Н.Д.Арутюнова Д) А.Ж.Греймас Е) Ж.Делез

20 Мәтін мен оның нұсқалары құрылымдық жағынан изоморфты. Олар үш түрлі қатынасқа құрылған: А) субъект-объект - адресат. В) құжат-ақпарат-адам С) ой-сана-ақыл Д) жұрт-көпшілік-пікір Е) көрініс-бейне-пікір

21. «...дискурс как совокупность речемыслительных действий коммуникантов, связанную с познанием, осмыслением и презентацией мира говорящим и осмыслением, реконструкцией языковой картины мира продуцента реципиентом» деген кімнің пікірі? А) Р.Барт В) Н.Д.Арутюнова С) Т.Милевская Д) А.Ж.Греймас Е) Б.М.Гаспаров

22. Дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызушылар мақсатына сай күрделі әрі нақты коммуникативтік жағдайға айналуы, мәтін

қызметтерінің дискурс құзыреттілігіне көтерілуі – А) дискурс В) мәтін С) сөз тіркесі Д) сөйлем Е) сөйлем тізбегі

23. XX ғасырдың 50-жылдары Эмиль Бенвенист қалыптастырған сала - А) айтылым теориясы В) мәтін грамматикасы С) мәтін лингвистикасы Д) дискурс теориясы Е) тіл эволюциясы

24. Дискурс термині қай тілден алынған?

А) латын В) француз С) орыс Д) ағылшын Е) жапон

25. Тіл мәтін және мәдениет байланысы қай ғалымның пікірінен анық көрінеді?

А) Б.М. Гаспаров В) Р. Барт С) Ж. Делез Д) Ж. Гритмас Е) Н.Д. Арутюнова

26. Мәтін теориясы дегеніміз не?

А) Белгілі бір құрылымдық заңдылықпен жинақтаған, өзара қатынастан тұратын сөйлемдер жиынтығының іріленген бірлігі В) XX ғ. II жарт. мәтіндік ілім, мәтін лингвистикасы, поэтика, риторика, прагматика, герменевтика, семиотиканың түйісуінен пайда болған филологиялық пән С) қарым-қатынас құралы ретіндегі сөз Д) тіл жөніндегі жаңаша мағыналық-ақпараттың туындысы Е) туынды

27. Адресат факторы нені анықтайды? А) коммуникативтік жағдаятты

В) айтылымның стилі мен композициясы С) ритмді Д) мазмұнын Е) сөйлемдерді

28. Өзара әрекеттесу мен бір-біріне ықпал ету қалай аталады? А) ықпал заңдылығы В) сингармонизм С) үндестік Д) импликация ролі Е) интеракция

29. Қарым-қатынас немесе тілдесімнің маңызды құрастырушылары қандай қызмет атқарады? А) қарсылықты В) контактілік және ықпалдасушы С) тасымалдау процесі Д) коммуникацияның өзін талдау Е) алмастыру

30. Интеракцияның ең басты сипаты қандай? А) ықпал етуші В) қарым –қатынасты жүзеге асырудың негізгі құралы С) пікір алмасу Д) келісу ,келіспеу Е) ымдасу

ҚОРЫТЫНДЫ

Дискурс талдау теориясы – өзінің зерттеу нысаны мен зерттеу проблемалары айқындалған, зерттеу әдістері қалыптасқан лингвистика ғылымының саласы. Ол мәтін теориясы негізінде пайда болып, жоғары деңгейдегі тіл бірлігі сапасында дискурсты мәтіннен бөлектейді, бірақ екеуінің тығыз байланыстылығын жоққа шығармайды. Дискурс талдау теориясында немесе дискурсологияда дискурс термині анықталып, оның мәтінмен және пропозициямен арақатынасы, тіл мен дискурс арақатынасы, дискурс пен уақыт байланысы, дискурстық тәжірибе мәселелері т.с.с. негізгі зерттеу нысанын құрайды. Ол өз тұжырымдарын мәтін теориясындағы мәтін талдау әдістеріне сүйеніп, бірақ ол мәтінді құрушы мен түсініп қабылдаушылар қатынасын ескеріп құрады. Сондықтан дискурс талдау теориясында да көркем уақыт көркем әдебиеттегі виртуалды шындықты жүзеге асырудың құралы болып саналады. Көркем дискурс деңгейінде етістіктің шақ формалары шынайы уақытпен байланысын жояды, айтылымның айтылған сәті оқиғаның уақыттық тіркелім нүктесі болып көрініс табады да, көркем дискурстың жасанды шындығына сай келеді, яғни оқиғалар желісінің бірізділігіне сай келеді, оларға жаңа мағына жүктеледі. Етістіктің шақ формасының біреуімен берілген мағына екіншісін жоққа шығара алмайды, өзара сәйкестендіреді. Шақ формаларының семантикасының күрделілігінде көркем дискурс деңгейіндегі уақыт категориясының ерекшеліктері көрініс табады. Көркемдік уақыттың осы шағы, өткен шағы, келер шағының уақыттық алмасуының орындалуының экспрессивтік мүмкіндігі автордың және кейіпкерлердің ішкі жүйесінің уақыттарының бірінің орнын бірі ауыстыруы мен түрленуі нәтижесінде етістіктің шақ формаларының қиылысуына не тоғысуына әкеледі.

Уақыт өлшемдері ұлттық ерекшеліктерді, сол ұлттың дүниетанымын бейнелей отырып, тілде бекітілуі дискурс нәтижесінде орындалады. Сондықтан да уақыт пен дискурс бір-бірінен ажырамайды, бұл дискурс талдау теориясының негізгі мәселелерінің бірі болып танылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Современные теории дискурса: мультидисциплинарный анализ (Серия «Дискурсология») – Екатеринбург, 2006. - 177 с.
2. Тураева З.Я. Категория времени: время грамматическое и время художественное.- М.: Высшая школа, 1979. - 219 с.
3. Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе, 2008. -219-223-бб.
4. Кибрик А.А. Анализ дискурса в когнитивной перспективе. Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук//М.: ИЯ РАН, 2003.
5. Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі.- Алматы, 2001. - 215 б.

Қосымша әдебиеттер:

6. Ребер А.Большой толковый психологический словарь. Т.2.- М., 2003.- С. 591
7. Гегель Г. Наука логики. – Москва: Наука, 1984. -351 с.
8. Делез Ж. Логика смысла. - М.: Академия, 1995. – 299 с.
9. Бенвенист Э. Общая лингвистика. - М.: Прогресс, 1974. – 448с.
10. Тураева З.Я. Категория времени: время грамматическое и время художественное.- М.: Высшая школа, 1979. - 219 с.
11. Кашкин В.Б. Сопоставительные исследования дискурса // Концептуальное пространство языка. Тамбов: ТГУ, 2005. – С. 337 -353.
12. Светлов Р.В. Формирование концепции времени в древнегреческой философии : Автореф. дис. ... к.ф.н. – Л.; 1989.
13. Лосев А.Ф. Античная философия истории. – М.: Наука, 1977. – 207 с.
14. Хасанов И.А. Время: природа, равномерность, измерение. – М., 2001, с. 33-53.
15. Хасанов И.А. Феномен времени. Ч. I. Объективное время. – М., 1998, с. 58-66, 84-94.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I ТАРАУ. Дискурс талдау теориясы – лингвистиканың жеке саласы.....	4
1.1 Дискурс талдау теориясының жіктемесі.....	4
1.2 Дискурс терминінің анықталуы.....	8
1.3 Дискурс пен мәтіннің, пропозицияның арақатынасы.....	13
1.4 Тіл мен дискурс арақатынасы.....	27
1.5 Дискурс және уақыт категориясы.....	31
1.6 Дискурстық тәжірибе (Р.Сыздық ғылыми дискурсы негізінде).....	37
II ТАРАУ. Уақыт қазіргі көркем дискурс категориясы ретінде.....	44
2.1 Көркем дискурс және «виртуалды шындық» проблемасы.....	44
2.2 Уақыт категориясының философиялық, физикалық және лингвистикалық аспектісі.....	54
2.2.1 Уақыттың «хронос» категориясының оппозициялық жүйесі.....	56
2.3 Уақыт және темпоралдылық.....	64
2.4 Уақыт категориясының тілде және сөйлеуде көріну мәселелері.....	66
2.5 Дискурстағы уақыттық дейксистер туралы.....	70
2.6 Функционалдық стиль мен уақыт категориясының қатысы.....	76
Қорытынды.....	90
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	91

САДИРОВА К.Қ.

ДИСКУРС ТАЛДАУ ТЕОРИЯСЫ

Пішімі 60x84 1/16

Тығыздығы 80 гр./см². Қағаздың ақтығы 95% .

Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.

Көлемі 92 бет.

“Отан” ЖҚ баспаханасында басылып шығарылды

ҚР, Алматы, Сатпаев к., 90.

e-mail: otan88@mail.ru